



ТЕҢГЕ



Баспана мен көлік сатып алушы бұрынғыдай ақшасын долларға айырбастап, ары-бері шапқыламайды. Сауда-саттығын өзіміздің теңгемен жүргізеді. Осыдан-ақ жұрттың ұлттық валютаға деген сенімі артқанын байқаймыз. Демек, долларсыздандыру саясаты іске асты. Ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерейтойы қарсаңында төл теңгеміз айналымға енгізілген күн айтулы да айшықты оқиғамен есте қалды. Елордада «Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл: ұлттық валюта» деген тақырыппен конференция өтті.



ТӨРГЕ ОЗҒАН КҮН

Алқалы жиында Ұлттық банк Мемлекет басшысының бейнесі бедерленген жана банкнот пен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған естелік монетаны жұртшылық назарына ұсынды. Жиында сөз алған Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықова Мемлекеттік туымыз, Әнұранымыз, Елтанбамызбен қатар, мемлекеттің төл валютасының болуы Тәуелсіздіктің ең басты белгілерінің бірі екенін атап өтті. Ол 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан өз валютасы – теңгені айналымға енгізіп, үлкен тарихи қадам жасағанына тоқталды. Г. Әбдіхалықова сол кезде экономика тоқырап, өндіріс орындары жабылған, тіпті қарапайым адамдардың жалақысына дейін сыртқы факторларға тәуелді болғанын еске алды. «Елбасы Н.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында еліміз уақыт сынынан сүрінбей өтті. Ал төл теңгеміз Тәуелсіздіктің айшықты символдарының біріне айналды. Халықтың көңіліне сенім ұялатып, болашаққа нық қадам басуына жол ашты. Әлемдік дағдарысқа лайықты төтеп беріп, мызғымас қуатын

дәлелдеді, — деді Мемлекеттік хатшы. Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясының мызғымас негіздерінің бірі — ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім екенін айта келе, көпшілікке таныстырылған естелік монетаға осы идея негіз болғанын атап өтті. Бас банкир «Баршамыздың Отанымыз бір, тағдырымыз бір. Тәуелсіздік тарихы — Мемлекет басшысының тарихымен тығыз байланысты. Сол себеп-ті, Ұлттық банк Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған, еліміздің дамуына Президенттің қосқан үлесін бейнелейтін мерейтойлық банкнотты назарларыңызға ұсынады» — деді.

Данияр Ақышев, Тәуелсіздік жылдары Қазақстан жеткен жетістіктер мен бағындырған биіктер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен ажырамас байланыста екеніне тоқталды. Ол осыған былай деді: «Тұңғыш Президенттің еліміздің тарихындағы рөлі мен манызын қарапайым өмір құндылықтарымен өлшеу мүмкін емес. Еліміздің тарихи жетістіктерінің алтын парағы

болашағымыз әлі айқындала қоймаған қиын кезеңде жазылды. Сол уақытта қабылданған шешімдер тарихи ауқымы жағынан да, ел халқының тағдырына ықпалы бойынша да бұрын-соңды болмаған баға жетпес құндылыққа ие екендігін уақыттың өзі дәлелдеді».

Д. Ақышев атап өткендей, теңге — еліміздің қаржылық тәуелсіздігінің символы. Төл валютамыз дамуың жаңа деңгейіне жол ашып, жаңа нарықтық экономиканың құрылымдарын қалыптастыруды қамтамасыз ете алды. Төл валютамыз ғана тәуелсіз экономикалық және қаржы-несиелік саясатты жүзеге асыруымызға, нақты экономикалық егемендікке қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызды. Ол, сондай-ақ банкнотқа портрет салу тәжірибесі әлемде кен қолданылатынын, Нельсон Мандела, Мұстафа Кемал Ататүрік, Ли Куан Ю, Уинстон Черчилль және басқа да әлемдік деңгейдегі көшбасшылардың бейнесі өз елдерінің заманауи қағаз ақшасында бейнеленгенін атап өтті.

Талап ТІЛЕГЕН

Жуырда жоғары оқу орындары қауымдастығының төрағасы Рахман Алшанов бастаған бір топ экономист дөңгелек үстел өткізіп, еліміздегі инновациялық экономиканың дамуы жайында сөз етті. Мәселен, жиынға қатысқан бір кәсіпкер Ақтөбеде наноцемент жасаудың жолын тапқан өнертапқыштың еңбегін атап өтті. Ал профессор Ләззат Құлымбетова жасыл экономиканың тиімділігі туралы айтты. Сондай-ақ «Тұран» университетінде студенттердің жобасын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін бизнес-инкубатор ашылған еді. Осы және өзге де инновациялық жобалар бойынша белгілі экономист, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Рахман Алшановтан сұхбат алдық.



Рахман АЛШАНОВ:

ИННОВАЦИЯНЫ ЖАСАЙТЫН ЖАСТАР

Жас қазақ: Қазіргі еліміздегі инновациялық экономиканың дамуы, оның қадамы туралы айтсаңыз?

Рахман Алшанов: Енді біз шынымен ізденісте жүрміз. Инновация бізге керек. Шикізатқа шектеу қойылып, ертең 25-40 жылда мұнай қоры да таусылуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы саласынан басқа бағытты да қарастырғанымыз абзал. Біз ең бай елдің біріміз. Оның нәтижесін алдағы уақытта әлі талай көреміз. Тәуелсіздік алған уақыттан бері экономикамыз өсті, тұрақтылық пайда болды. Бірақ соңғы кезде шикізат бағасының 30-40% төмендеп кетуі экономикамызға салмақ болды. Қазір жақсы бизнес жоспар құруды үйренгеніміз дұрыс. Мәселен, Астанада 250 млн долларға ескі дөңгелекті өңдейтін үлкен кәсіпорын салынды. Ол іске қосылғаннан кейін, тауарды қайда жіберетінімізді ойластырған жөн. Бизнес жоспар дегеніміз сол. Кім әкеледі, қайдан әкеледі? Өнімді қайда өткізеді? Осы мәселені барлығы ескерілуі керек. Мәселен бір қаладан екі бірдей өндіріс орнын ашуға болмайды. Қазіргі таңда ең өзекті мәселе жас кәсіпкерлерді тәрбиелеу, бизнесіне қолдау көрсету.

(Толығырақ 4-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҒАЛЫҚ



Астанада алдағы 5 жылда 10 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынады. Бұл – 100 мыңнан астам пәтер. Бұл туралы Астана әкімі Әсет Исекешев тұрғын үй құрылысын дамыту мәселесі бойынша құрылыс компаниялары өкілдерімен кездесу барысында мәлімдеді. Ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша Астанада 16 671 пәтер пайдалануға берілді. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 130%-ға артық.



Тәуелсіздік жылдары елімізде 1300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынды. Соның ішінде 8 медициналық ғылыми орталығы, 32 арнайы медициналық орталық, 176 аурухана, 144 емхана, 907 амбулатория және 45 арнайы денсаулық сақтау объектісі (қан орталықтары, патологоанатомиялық бюро және т.б.). Барлық медициналық нысандардың 87 пайызын алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдар құрайды.



Ақмола облысында аймақтағы тарихи-мәдени мұралардың электронды картасы әзірленіп жатыр. Мұндай инновациялық жобаны облыстық мәдениет басқармасына қарасты Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы, Қазақстанның ұлттық музейі жанындағы «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының мамандары бірлесе жүзеге асырмақ. Бұл арқылы тарихи ескерткіштерді кез келген адам онлайн режимде көріп, таныса алады.

(Жалғасы 3-бетте)

ҮШТАҒАН

Жаңаталаптың жігерлі жігіті



Биылғы қыс қарашаның басынан-ақ борандатып басталды. Атам қазақтың «ат құлағы көрінбейді» дейтін теңеуінің мәнісін осы жолы ұқтым. Ақ түтек боран демін ішіне тартып, сөл ғана тыншығандай болады да, өршелене қайтадан күшіне мініді.



Екі елдің ортақ мұрасы

Асан Қайғы – қатар қоныстанған туыс елдердің тарихына да, әдебиетіне де ортақ тұлға. Ол – қазақ пен қырғыз поэзиясының көшін бастаушылардың бірі.

(Жалғасы 10-бетте)

Жетістігіміз жетерлік



Жазғы Олимпиадаға барсақ, мерейіміз тасып, мәре-сәре болып жатамыз. Ал қысқы додада спорт түрлерінен серпіліс күтетініміз рас. Биылғы сілкініс алдағы үлкен жетістіктің хабаршысы іспеттес.

(Жалғасы 15-бетте)

Даму жолында іркілмеу керек!

Осы аптада Елбасы «Астана» клубының екінші отырысына қатысты. Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде әлемдік экономика мен саясаттың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасудың маңыздылығын атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік және өңірлік мәселелерді шешуде еліміздің атқаратын рөліне тоқталды. Соның ішінде ядролық қарусыздану үдерісіне белсене қатысып келе жатқанымызды айтты.



Казакстан Президенті жалпыәлемдік үдерістердің қарқын алып отырғанына, ұлттық, өңірлік және жаһандық даму мәселелеріне қатысты тың ұстанымдар мен тәсілдер қажеттігіне баса назар аударды.

— Мұнай мен металл бағасының күрт төмендеуі, қор нарықтары мен ұлттық валюталардың құлдырауы, өзара санкция енгізуі саясаты салдарынан әлемдік сауда өсімінің төмендеуі — осының бәрі, әрине, қазіргі заманғы жаһандық экономиканың сын-қатерлері. Бірақ бұл айтылғандарды шешімі табылмайтын мәселелер деуге болмайды. Сол себептен қазіргі кезең «салың суға кетіп», құр байбалам салып отыратын уақыт емес. Ең алдымен, экономикалық өсімнің жана мүмкіндіктерін және өзара тиімді ынтымақтастықтың жана жолдарын таба білу керек. Көзіміз көріп, қолымызбен ұстап көрмеген жана нәрселерден үрқу сезімі даму мен прогресс жолында ерік-жігерімізді жасытып, сағымызды сындырмауы керек, — делі Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы геосаяси текетірістердің, карама-қайшылықтардың күшеюі мемлекеттер арасындағы сенімге сызат түсіретінін, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті жоққа шығаратынын атап өтті. Сонымен бірге бұл фактор қазіргі заманғы өткір мәселелердің шешімін бұдан да белсендірек іздестіруге түрткі болады.

Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ пен Еуропалық одақ

ынтымақтастығының перспективасына қатысушылар назарын аударды.

Мемлекет басшысы «Барлығы үшін тиімді «Үлкен Еуразия» біртұтас экономикалық кеңістігін құру бағдарын бірлесе отырып айқындау маңызды. Меніңше, мұндай перспектива сөзсіз алдымыздан шығады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Еуропалық Одақ және «Жана Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасы, келешекте бүкіл Азия-Тынық мұхиты қоғамдастығы бірлесіп, өзара тығыз іс-қимыл жасауы қажет. Құрлықтық әрі әлемдік дамудың бұл бағытын мойындамау бүгінде Еуразия халқының ілгерілеуіне, әл-ауқатына және қауіпсіздігіне зиянын тигізбей қоймайды. Бұл — менің түбегейлі ұстанымым», — делі.

Елбасы қалыптасып келе жатқан ірі өңірлік бірлестіктер, соның ішінде Трансатлантикалық сауда және инвестициялық кеңістік, Транстынықмұхит кеңістігі барлығын тегіс қамтитын өңірлік экономикалық кеңістік тәрізді жобалар сауда мен ынтымақтастықтың біртұтас еуразиялық кеңістігін құруға бағытталуға тиіс екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, мемлекет басшысы әділеттілік, сенімділік, ынтымақтастық және жалпыға ортақ жауапкершілік қағидаттарына негізделген әлем қалыптастыру жөніндегі міндеттердің өзектілігіне тоқталды.


— Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі Батыс пен Шығыс арасындағы, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы екіжақты қозғалыстың мықты дәнекері болуды өзінің миссиясы ретінде көреді. Ол өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың, бейбітшілік, сенім және жалпыға ортақ қауіпсіздіктің үлгісіне айналатын аумақ болуға тиіс. Мұның да өзіндік проблемалары жеткілікті. Әлем диалог пен келіссөздердің әлеуетін пайдалану арқылы кез келген мәселені шеше алады, сөйтіп карама-қайшылықты жойып, ХХІ ғасырға арналған жаһандық дамудың ортақ стратегиясын әзірлейді деп сенемін, — делі Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті Қытай, Ресей, АҚШ, Ауғанстан, Жапония сарапшыларының ШЫҰ-ны одан әрі дамыту перспективасына, Жібек жолын қайта жаңғырту жөніндегі шараларға, ядролық қарусыздануға, өңірлік ынтымақтастыққа, экономиканы әртараптандыруға қатысты бірқатар сауалдарға жауап берді.

Сонында мемлекет басшысы жаһандық және өңірлік мәселелерді реттеуге қатысты мұқият әзірленген шешімдердің маңыздылығын арттыру қажеттігін айтып, «Астана» клубының екінші отырысына қатысушылардың сындарлы, мазмұнды сұхбат өткізулеріне тілектестік білдірді.

(өз тілішіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ



Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым министрі:



Балақай әліппе оқиды

«0» сыныпты 2019 жылдың бірінші қыркүйегінен енгізу жоспарланған еді. Бірақ қазір ата-аналар мен ұстаздардың қалауы бойынша оны ертерек, 2017 жылдан бастап қанатқакты тәртіпте енгізуді көздеп отырмыз. Әрі қарай қалай іске асатынын көреміз. Мектепалды даярлық тобын мектепте де, балабақшада да өтуге болады. Неге? Өйткені бізде барлық мектептер осынша көп баланы қабылдауға дайын емес. «0» сыныпта күніне 3-4 сабақ 20-35 минуттан болады. Бұл мәселелер қазір қоғаммен талқыланып жатыр. Қазір әліппе қайда кетті деп жатыр? Мектепалды даярлық топтарында балалар әліппені оқиды. Бұл — дұрыс»

Астана қаласында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 60-тан аса шара ұйымдастырылады. Педагогтарға, дәрігерлерге, спортшыларға, құрылысшыларға, кәсіпкерлерге, студенттерге, көпбалалы аналарға және еңбек ұжымдарына, еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан, Қазақстанды шетелге танытқан азаматтарға басымдық беріледі.

Сонымен қатар елорда тұрғындары мен қонақтары Тәуелсіздік күнін мерекелеуге арналған көрмелер мен концерттерді тамашалай алады. Атап өтерлігі, зейнеткерлер, көпбалалы және тұрмысы төмен азаматтар 18-26 қараша күндері М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында, 29 қарашаға дейін К.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік казак музыкалық драма театрында қойылымдарды тегін көре алады.

Тәуелсіздікке тарту



Үздік инженер анықталды

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Тәуелсіз Қазақстанның үздік инженері атанды. Бұл туралы Алматы қаласындағы «Тұран» университетінде өткен «Тәуелсіз Қазақстанның үздік инженері» және «2016 жылдың үздік инженері» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанатында белгілі болды.

Шараны ашқан Ұлттық инженерлік академияның президенті Бақытжан Жұмағұлов конкурстың негізгі мақсаты — өңірлерді дамытуды ынталандыру, әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық маңызды бағыттарында ілгерілеуді жүзеге асыру

комиссиясының төрағасы, академия президиумының мүшесі, академик Асқар Құлыбаев тапсырды. Инженерлік идеялардың жаңашыл бастамашысы,



екенін айтты. BNews.kz сайты хабарлағандай, конкурс қорытындысы бойынша «Тәуелсіз Қазақстанның үздік инженері» атағына Алматы облысының әкімі Амандық Баталов ие болды. Облыс басшысына алтын медаль мен дипломы Ұлттық инженерлік академияның конкурстық

өндірістің ірі ұйымдастырушысы Алматы облысының әкімі А.Баталовтың басшылығымен өңірде 2010-2016 жылдары 50 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 7515 жана жұмыс орны ашылғаны, 158 жана нысан пайдалануға беріліп, қолданыстағы 60 кәсіпорын кеңейтілгені айтылды.



«Тәуелсіз Қазақстан» пойызы Ақтөбе өңірінде

16 қараша күні Ақтөбе облысының Хромтау ауданына «Тәуелсіз Қазақстан» пойызы келді. Оның құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясы, Парламент Мәжілісінің депутаттары, медицина және әлеуметтік сала қызметкерлері және басқа да мамандар бар. Олар жергілікті тұрғындарға медициналық және консультативтік қызмет көрсетеді. Ақтөбеліктердің медициналық, әлеуметтік және құқықтық қызмет, сондай-ақ ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік салалар бойынша кәсіби консультативтік қызмет алуға мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар қайырымдылық акциялары мен мерекелік концерттер өткізіледі.



Пойыз қызметі аясында барлық әлеуметтік топтар қамтылады, әлеуметтік аз қамтылған топтарға, ҰОС ардагерлеріне, еліміздің шалғайындағы тұрғындарға ерекше көңіл бөлінеді.

«Тәуелсіз Қазақстан» пойызы жүру кестесіне сәйкес Хромтау стансасынан кейін, 20 қараша күні Ақтөбе қаласына, 27 қарашада Шалқар стансасына келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған көпфункционалды құрылым Қазақстанның 35 елді мекенінде аялдап, 14 желтоқсанда Алматы қаласында жұмысын аяқтайды.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Отандық ғалымның мерейі

Бүгін Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Алматыда ғалымдарға «Ғылым көшбасшысы» наградасы табыс етіледі. Марапаттау рәсімі «Ғылым және инновациялар — экономикалық дамудың негізі» атты форум аясында өтеді. Шараға ғылым және білім саласының көрнекті қайраткерлері, Қазақстанның жас ғалымдары қатысады.



Шара Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы және Thomson Reuters халықаралық компаниясының ұйымдастыруымен өтеді. Аталған кәсіпорын соңғы бес жылдан бері еліміздегі ғылым мен білімнің дамуына қолдау көрсетіп келеді. Форум аясында отандық ғалымдарға Web of Science (*Thomson Reuters*) ақпараттық ресурстарының негізінде жариялану белсенділігінің және олардың макалаларынан дәйексөз алу жөніндегі жоғары көрсеткіштері үшін «Ғылым көшбасшысы» тәуелсіз наградасын табыс ету рәсімі өтеді. Бұл марапат ғалымдардың ғылыми-техникалық қызметін насихаттау, көтермелеу және ынталандыру, ғылыми-зерттеулердің сапасын арттыру және шетелдік рейтингтік ғылыми басылымдарда жариялау мақсатында тағайындалады.

Мемориалдық кешеннің орны белгіленді

Кейкі батыр мемориалы тұрғызылатын орын анықталды. Бұл туралы Қостанай облысы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады. Осы аптада облыс әкімі Архимед Мұхамбетов Амангелді ауданы мен Арқалық қаласына барды. Жұмыс сапарының аясында өңір басшысы Амангелді ауданының Тасты ауылы маңында орналасқан Кейкі батыр (*Нұрмағамбет Көкембайұлы*) кесенесіне кіріп шықты.



Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Үкіметінің тапсырмасымен батырдың сүйектерін салтанатты жерлеу шаралары жоспарланған. Қазір бас сүйектің генетикалық сараптамасы және анызға айналған казак мергенінің бейнесін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Келесі жылы көктемде мәдениет және спорт министрлігі Кейкі батырдың денесін іздестіру жөнінде экспедиция ұйымдастыруға бастамашылық жасайды. Мұнымен қоса, Қостанай

жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге кіріседі. Ал алдағы жылдың мамырында оның құрылысын бастау жоспарланып отыр. Мемориалды батырдың ұрпақтары салдырған қазіргі шағын кесенеден қашық емес жерде орналастыру ұйғарылды. Архимед Мұхамбетовтің айтуынша, жана мемориалдық кешеннің құрылысына қатысты барлық жұмыстар алдағы жылы тамызда аяқталады.

(Басы 1-бетте)

Дымқыл, ап-ауыр ақ сабауымен сабап-сабап алады. Жүргізуші астындағы төрт доңғалағы тегіс айналатын «Нива» автокөлігінің қуатына сенді ме екен, кім білсін, сорабы еміс-еміс қана көрінетін айдау жолдың бойындағы қоянжонданып жатқан күртікке кимелей келіп, кілт тоқтады. Көлік қанша мықты болғанымен, белуардан келетін оппа қарды бұзып-жарып өте алмады. Әлден соң кілт шегінген. Сөйтсек, алғашқы екпінмен келіп, ентелей кіргенде моторынан асылып қалыпты. Енді не әрі, не бері жоқ. Түтей соққан боран келген, жалғызаяқ ізді де жасырып үлгерді.

Иегіне қыл бітпеген көседей жазық жер болса бір сәрі. Айналасы өркеш-өркеш жоталы, иен тірескен қайың-қарағайы аралас ағаш шоктары самсап өскен, ықтасыны мол, ығы көп өңірде де мұндай ызалы, ашулы боран болады екен-ау. Бие сауым уақыт қайран көлікті кинап, әрі-бері ырғадық. Қас қылғандай жүргізушіде күрек те жоқ болып шықты. Макинка селосынан Алтай ауылына бет алғанбыз. Жанама жолдың біріне түсіп едік. Әншейінде ағылып жататын көліктің бірі кезіксе ше. Әне, бір жүк көлігі көрінді. Қар қамақта отырған біз көлігімізден атып түсіп, қолымызды бұлғап, айғайлап жатырмыз. Бірақ желге қарсы, жан ұшырған дауысымыз құмығып, өзімізге қайтып келеді. Жапан



даладағы қарға батқан жалғыз көлікті көрмеуі мүмкін емес еді, көрді. Тек бұрылмады. Одан соң тағы бір «Нива» автомашинасы өтті. Ұйытқи соққан ак боранның ішіндегі жалғыз құтқарушымыз нақ соның өзі болып көрінген. Бірақ, ол да бұрылмай кетті. Қар қамақта кептелген көліктің ішінде отырып, азапқа түскен адамдарға бұрылмай кеткендерді сөктік. Жол бойындағы қардың қалыңдығын бажайлап, байқап алмаған өзіміз кінәлі емеспіз, бізге қол ұшын созбағандар кінәлөйей көрінген. Дәл осы уақытта қалта телефоным шыр ете түсті. Өмірзақ ағам екен. Кәдімгі талантты журналист Өмірзақ Мұқаев. Алматыдан хабарласып тұр.

— Ел аман ба? — дейді үзік-үзік құмығып шыққан дауыс, — Алматыда күн жылы, 10 градус. Арқаны сағындым ғой, Арқаның ақ боранын сағындым.

Ал мен сол бораннан құтыла алмай отырғанымды айта алмадым. Дәл қазір Алматыдағы ағамнан қайран жоқ қой. Мынандай боранды, ақырған аязды да кісі сағынады екен-ау. Әлде ағамды шабыт қысып, шыдатпай бара ма? Шабыт демекші, шындап келсе, ол да жағдай таңдамайтын көрінеді. Сапарласымыз, аудандық «Бұланды таны» газетінің тілшісі Жайнарбек Зандыбай еді. Жас талап, ақын жігіт. Таяуда облыс орталығында өткен мүшәйрада бас жүлде алған. Енді ол отырып, өлең оқи бастады.

Арқаға келгеннің алдынан жолығар,
Ақ түтек боран мен үйіген омбы қар.
Құшағын жайып ап, қош келдің дегендей,
Бетіңді қаратпай ентелеп алқынар.

Кезі жоқ жай ғана аялдап, тыныстар,
Алқынш ығадаы жсіетпей ту ұстар.
Жол жүрсең жетеді асығып алдынан,
Шапсады содан соң уыстап күміс қар.

Арқаның бораны беліңді бұдырар,
Арқасы қозғанда атой сап, шу қылар.
Бес күні қараған төрт түлік малына,
Ауылдың халқының ашуын тудырар.

Иә, ауылдың адамын айтсаңшы. Бораны бұрқыраған, аязы бет қаритын Арқаның ашулы қысынан қысылмай шыға алып жатыр ма екен. Қол-аяғын мұздағанда жалыраған жазды аңсайды екенсің. «Қыз Жібек» жырында Төлегеннің «Өлмеген құлға құдайым, келіп те қапты міне, жаз» деп айтатыны бар емес пе. Оған да алыс емес-ау.



Әлден уақытта «Қарап отырып, қырылатын жай жоқ, ел іздеймін, көлік кездесе ме?» деп кеткен жүргізушіміз оралды. Оған шейін моторы сөніп тұрған көліктің іші мұздап қалған. Әйтеуір, алдында қар тазалайтын қалағы бар дөңгелекті трактор жолығыпты. Сөйтіп, қар қамақтан шықтық-ау.

ТАЛАПТЫ ЕРГЕ НҰР ЖАУАР

Алыстағы Елтайдан гөрі жол жиегіндегі Жаңаталапты қолай көрдік. Әрі онда ертеректе бір мәрте ат басын соққан, жүйрік жаратып, бөйге атын баптайтын, қара малды да қоралап ұстайтын Бүркітбай Нұрмұханов бар. Дес бергенде діттеген адамымыз ауыл қотанынан ұзамапты. Ұйытқыған ақ боранның арасынан сопаң етіп шыға келген біз Бүркітбайдың көзіне Сібірдің аңызға айналған аңшысы Дерсу Узала тәрізді көріндік-ау деймін. Алғашында тосырқап қалды. Сәлден соң шаруа жайына кірістік.

— 2011 жылы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы, 3 миллион тенге несие алып, 11 бас сиыр сатып алдым. Бағдарламаның талабына сәйкес несиені қайтаруға болатындығына көзім жеткеннен кейін 2012 жылы тағы да 4 миллион тенге несие алып, 22 бас сиыр сатып алдым. Рас, асылтұқымды емес, жергілікті жердің малы. Бірақ асылтұқымды бұқамен будандастыру арқылы тұқымын жақсартуға әбден болады. Мал мамандарының есептеуіне қарағанда, төртінші, бесінші төлдегенде, тұқымы әбден жақсарып, асылға айналмақ. Мемлекет қамқорлығын дәл осы жерден байқауға болады. Мысалы, маған асылтұқымды бұқа сатып алу үшін

Жаңаталаптың жігерлі жігіті

олардың әрқайсысына 150 мың теңгеден көмек көрсетілді. Әрі жыл бойы бағып, қакқаным үшін 100 мың теңгеден субсидия беріледі. Ал соның нәтижесін өзiм көріп жатырмын ғой, — дейді шаруа қожалығының басшысы.

Бүркітбайдың айтуына қарағанда, бұл күнде егістік жер көлемі 700 гектарға жеткен. Мал өсірудің табысты болуының бір сыры мал азығын өздері дайындауында жатыр. Әйтпесе, қолында техникасы жоқ адамның қыр асып кетуі қиын. Мәселен, «Бүркіт» шаруа қожалығы қолдағы малдың қысқа қажетті жем-шөбін ешкімге алақан жаймай, түп-түгел өздері дайындайды.

Көне аңыз айтады: ырыстан сұраса керек, «қайда барасын?» деп. Сонда ырыс жауап берген екен: «Ынтымағы күшті жерге барамын» деп. Аңыз болғанымен, ақиқат. Тіпті бүгінгі күннің бейнесін толық ашатын сөз. Мәселен, осы шаруа қожалығында Бүркітбаймен бірге, өзінің інілері — Боранбай, Орынбай, Болатбектер бірлесе еңбек етеді. Қысы-жазы уақытпен санаспай, қиындықтан қашпай, жұмыс талнамай жұмыла істесе, еткен еңбек, теккен тер өздерінің ырысы. Дастарқанға қояр асы, бала-шағасының игілігіне жұмсар несібесі. Сондықтан да мынау сенікі, мынау менікі деу жоқ. Бейнет те ортақ, табыс та ортақ.

— Жаз бойы Болатбек інім мал бакты. Ай сайын елу мың теңдеген алып тұрды. Ал мал бағып жүргенде өз қорасындағы азын-



аулақ түлігін қыста қалай алып шығамын деп алаңдамайды, шөбі үюлі, жемі қамбаға құюлы, — дейді Бүркітбай, — күзгі түпкі табыстан да сыбағасын алады.

— Қара малдың бейнеті көп қой. Біздің жақта қыс ұзақ, өзіндік құны қымбаттап кетеді. Олан да қысы-жазы тебінде жүретін жылқы баққан жөн емес пе? — дейміз біз.

— Оны білеміз ғой. Малмен көзін ашқан қазақ емеспіз бе. Төрт түліктің жайын бізден гөрі жетік білген бұрынғылар «жылқы ысқырса желдікі, айдаса жаудікі» депті. Қазір де солай. Баққын-ақ келеді, бірақ, ана ауылдан бір үйір, мына ауылдан екі үйір мал жоғалыпты деп естігенде, зәрең кетеді. Төртіп жағын мықтаса, мал баққан қауымынан да сенімі арта түсер еді. Әйтпесе, өзін қарызға алып, қалт-құлт етіп бағып отырғанда жоғалтып алсаң, өкініші



кетпейді ғой. Қазір «Құлан» бағдарламасы арқылы жылқы өсіруге, «Алтын сақа» бағдарламасы арқылы қой өсіруге де несие алуға болады. Демек, ауыл адамдарының ең басты тіршілігі мал шаруашылығын өрістетуге көп көрім демеу жасалып отыр, — дейді Бүркітбай Нұрмұханов.

ТАЛАП КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ

Ауыл тұрғындарының айтуына қарағанда, мал басын көбейтуге, сіңіре будандастырып, тұқымын асылдандыруға ынталы. Тек қолбайлау болып отырған бір жай, жоғарыда аталған бағдарламалар арқылы несие алу үшін кепілдік қою қажет. Ол түсінікті де. Түсініксізі, неліктен тым көп сұрайтындығы. Біз Жаңаталап ауылына ат ізін салғанымыздан бір күн бұрын ынталы топ Астана қаласында болып қайтыпты.

— Несиете екі есе кепілдік қою қажет екен, — дейді шаруа қожалығының басшысы Бүркітбай Құсайынұлы. Мысалы, «Құлан» бағдарламасы арқылы жылқы өсіру үшін 30 миллион теңге алғыңыз келді екен делік. Енді осы 30 миллион алу үшін 60 миллион теңгенің, яғни түп-тура құны екі есе тұратын жылжымайтын мүлікті кепілдікке қою керек. Егер үлкен қалада коттедж үйіміз, басқа да ғимаратымыз болса бір сәрі. Ауылдық жерде дәл осылай пұлдап қоятын дүние-мүлік табыла ма? Ауылды түгел үй-жай, қора-қопсысымен қосып қойсаң да, шығара алмайсың ғой. Оның үстіне ауылдық жердегі үйлер оншалықты қымбатқа бағаланбайды. Үйлердің ескісін, ағаштан салынғанын қойғызбайды. Міне, шаруаның қолын байлап отырған бұғау осы. Әйтпесе, негізгі талап көңілге қонымды. Мәселен, бағдарлама арқылы үш миллион теңге несие алдым. Алғашқы бір жарым жыл бостандық. Яки, есінді жинап алғанша ешкім мазанды алмайды. Келесі мамыр айында ғана пайыздық өсімін төледім. Бір жарым жылдан соң негізгі қарызымды өтей бастадым. Оған шейін мал төлдеп, пышақ көтеретіндей болса, қарыздан құтылуға әбден болады. Тек бұл арала қазіргі күні айтылып жүрген бордақылау аландарының өте қажет екендігін де айтқым келеді. Бойдақ малды 18 айдың ішінде 400 килограмдық салмаққа жеткізу керек. Одан асырсаң, жем-шөбін, еңбегің зая, артық шығын. Біз сияқты шағын шаруа қожалықтарында құнарлы мал азығы жоқ қой. Сосынғы бір мәселе, шаруа қожалығы ғана емес, тұтас елдегі малдың тұқымын жақсарту. Қазір көріп отырмыз, асылтұқымды бұқаның төлі бір жылдың ішінде 300 келден асып кетеді. Ал жергілікті тұқымының төлі бұл деңгейге екі жыл бақсаң жете алмайды.

Қолы қимылдағанның тіршілігі түгел

Елден Әкімбай нағашым келген. Төрт баласының төртеуі де жұмыссыз. Ауру емес, мүгедек емес. Төпсе темір үзетін қып-қызыл жігіттер. Тек кәсіп таппай қиналып отыр.

— Сонда олар не істейді? — деп сұрадым мен. — Ит жүгіртіп, аң аулайды. Басқа қазір ауылда не істей қойсын. Әңгіме сонымен түйікталған. Келесі күні жолсапарға шықтық. Қияндағы Жаксы ауданы Жаксы селосында тұратын жеке кәсіпкер Андрей Морозовтың алғашқы әліппесін түйсініп, разы болдық. Сол сәтте елде қарекетсіз отырған бір үйдін төрт дінгегіндей төрт жігіттің болашағы ойландырған. Ал Андрей болса бала кезінен талпыныпты. Бала кезінде қолына ойыншық тисе бұзып тастайтын. Әсіресе, трактор, машиналарды. Тітімді бөлшектерін епті саусақтарымен абайлап ұстап, қайтадан жинайтын. Ойыншық трактордың бөлшектері артық қалып жататын. Қайта бұзып, қайта жинайтын. Сөйтіп жүріп, темір атаулыға «өш» болып алды. Әлдебір

өрнектерді, шым-шытырық оюларды әуелі ойша көз алдына әкеліп алып, кейін жіңішке сымдардан көкірегіңдегі көркем суретті оюларды кестелеп шығаратын.

Қима селосындағы кәсіптік-техникалық колледжде оқыды. Жаны қалаған оқу орны. Электрмен дәнекерлеуші болып шықты. Бұл өңірде біршама қат мамандық. Қалай болғанда да сұранысқа ие. Арала біраз уақыт өткен соң Жаксы селосына көшіп келді. Алғашқыда әр жерде жұмыс істеген. Бар ынтасымен өзіне тапсырылған шаруаны тап-тұйнақтай етіп орындап жүргенімен, әйтеуір бір нәрсе көңілінен шықпады. Ондағысы жұрттың айтқанын істеуден гөрі өзі шығармашылықпен ойлап, жүзеге асырғанның дәззатының бөлектігі. Қарап жүрмей баяғы бала кезіндегілей шылдыр шумектің жуандығындай сым темірлерден ою ойып, бұйымдар жасай бастады. Содан соң жеке кәсіпкер ретінде өз шаруасын



дөңгелете бастаған. Алдымен есік жасады. Темір есік, ұзындығы екі жарым метр, биіктігі кісі бойындай. Қара темірден жамап-жаскап қалқита салған, салмағы зілдей, епетеісіз есік емес, есік

алдына көрік беретін, әрқилы оюлармен ойылған, көз қарағанда бәздің жауын алатын сүйріктей сұлу, әдемі есік.

Содан соң пеш жасауға кірісті. Ауызекі тілде самауыр деп аталады. Пішіні де кәдімгі самауырға ұқсас. Қалыңдығы 3-4 миллиметрлік темірді қос қабаттап дөңекерлейді. Ортасында ашық қалған кеңістікке су толтырылады. Оттығы ішінде, кәдімгі самауырдың нақ өзі. Темір пешті жакқан бойда іштегі су қайнап, ыстығы жоғары өрлейді. Сөйтіп, отынды үнемдеуге де, жылуды жаксы беруге де септігі мол.

Қазір не қымбат, темір қымбат. Қайсы болса да. Сондықтан, әуелі тапсырыс алғанда бағасының қак жартысын күні бұрын алып алады. Өйткені, тапсырған затты істеп шығару үшін шикізаттын сатып алу керек қой. Жарнама беріп көрген емес.

— Жаксының кез келген көшесінде мен жасаған қакпапар мен дуалдар самсап тұр. Көзі түскен, көріп қызыққан адамдар сұрамай ма, кім жасады деп, — дейді жеке кәсіпкер

Андрей Морозов, — міне, нағыз жарнама сол емес пе? Адал еңбегіміздің нәтижесі. Сынықсүйем жалғаны жоқ. Осындай зат керек болған адам әлгі жерде ауылдастарым көдесіне жаратқан, пайдаланып жүрген заттарды көздерімен көріп, колдарымен ұстап дегендей, беріктігіне, әдемілігіне көзін жеткізген соң салып ұрып маған келеді. Ал, мен болсам ешкімнің меселін қайтарып көрген жоқпын. Бағаны да тым аспандапа беруге болмайды. Халықтың жайын ойлау керек қой, екінші жағынан тым қымбат сұрасам жұрт айналып өтпей ме?! Есіктерді 45 мыңға, пештерді 50 мың теңгеге жасаймын.

Кәсіпкердің айтуына қарағанда, өз ісін одан әрі өрістету үшін екі миллион теңге алты пайыз үстемемен несие алған. Қазір темірден түйін түйген Андрейдің шеберханасына Жаксының төңірегіндегі әлдешесе ауылдан ат арытып әдейілеп келіп, бұйымдарын айтатындар көбейіпті. Ел іші болған соң жаксы хабар жерде жатпайды ғой.

Біз ғой әншейінде ел ішіндегі жастар екі қолға бір күрек таба алмай жүр. Тіпті қос-қос дипломы барлар да жұмыссыз дейміз. Жұмыс жоқ емес, бар екен. Андрейдің қолынан келген іс Әкімбай нағашымның балаларының қолынан келмегені қандай өкінішті.

Байкал ҚАЙҒЫРЛЫҒҰЛЫ



(Басы 1-бетте)

Жас казак: Сіздер жуырда университет қасынан жастарға демеу болу мақсатында бизнес-инкубатор ашқандарыңыз белгілі. Бұл жобаларыңыз қаншалықты жүзеге асып жатыр?

Рахман Алшанов: Инновацияны жасайтын жастар. Бұл менің ашып отырған жаналығым емес. Халықаралық тәжірибе осыны көрсетіп отыр. Қазіргі таңда үздік инновацияларды қолдану жағынан біз үздік



елдердің қатарындамыз. Әсіресе мұнай саласында талай заманауи әдістер қолдануда. Бұл аса көзге көріне бермейді. Бәріміз мұнай жер бетіне атқылап шығып жатыр деп ойлаймыз. Бірақ ол қандай жолмен алынып жатқанынан бейхабармыз. Алтын алу бойынша да жана әдіс қолданымға енгізілді. Алайда жана салалар бойынша біздің тәжірибе аздау. Себебі жиі өзгеріп тұрады. Қарапайым ұялы телефонның өзі жыл

сайын жаңарып отырады. Біз қазір «Тұран» университетінде студенттердің білім алу жүйесін өзгерттік. Ертең олар қоғамға қажетті мамандықты алып шықса деген ниетіміз бар. Арнайы бизнес жобаларының байқауын өткізуді қолға алдық. Өткен жылға қарағанда, биыл қатысушылардың саны он есе артық болды. Былтыр бұл жобаға 50 студент қатысса, биыл 500-ге жуық студент қатысты. Соның ішінде 27 жоба ең үздік деп танылып, соның жетеуіне арнайы кабинет жасақтап бердік. Олар күні-түні жұмыс істеп жатыр. Отыратын орны, ғаламтор, компьютер бәрі қойылған.

Жас казак: Олар немен айналысып жатыр?

Рахман АЛШАНОВ:

Инновацияны жасайтын жастар

Рахман Алшанов: Түрлі жоба бар. Соның бірі – кәдесый ойыншықтарын жасау. Кез келген мерекеге арзан бағамен сатып алуға болады. Қазір 2 млн теңгенің тапсырысын алып, жұмыс істеп жатыр.

Екінші жоба 3D бойынша түрлі бағдарлама жасау. Оларға қолдау көрсету үшін қажетті құрал жабдықты алып бердік. Жасаған жұмысының жемісін көріп отырғандықтан, қызығушылық танытып отыр. Негізгі мақсат – студенттерге қолдау көрсету. Олардың бизнесінің тұсауын кесіп беріп, әрі қарай алып кетуіне жағдай жасау. Бағыт-бағдар беру. Оқу процесін де осыған бейімдеп жатырмыз. Ертеңгі күні студент не

істеймін деп ойланып отырмауы керек. Өзі жасаған жобасының жемісін көру керек. Түрлі мекемеге түйіндемесін таратып, жұмыс іздемеуі үшін өзінің алдына қойған нақты мақсаты болғаны абзал. Биыл байқаудан өтпей қалған студенттерге келер жылға жетілдіріп келуге кеңес береміз. Алматы елімізде инновациялық жобалар бойынша алда келеді. Жастар көп. Ғылыми



жүрген жастардың қаламына берер бағаныз қандай?

Рахман Алшанов: Қазіргі балалар есептеу жағына мықты деп айта аламын. Олар интернет арқылы жан-жақты талдау жасап отыр. Ал осы жобаларды өз елімізде

дамытуға әрекеттенуіміз керек. Мысалы, жақында жастарымыз шағын акционерлік қоғам ұйымдастырып, жобаларын сатты. Айталық, олардың жобасы 5 мың еуро, ал ірі кәсіпорын оны 50 мың еуроға сатып алды. Сондықтан жақсы жобалар сатылуы керек. Ол үшін арнайы бір жүйе болу тиіс. Елімізде ақшасы бар адамның идеясы жоқ, ал идеясы бар адамның ақшасы жоқ. Осы екеуінің басын қосу керек. Осы инновациялық жоба аясында ұйымдастырылатын конференцияларда инвесторлар мен жоба авторларының басын біріктірсек. Ортақ пікір алмасуына септігін тигізсек. Мысалы, біз Қытайдан үйренуіміз керек. Олар бір жерге барса, барлығы топырлап жүреді. Біреуі жазып, біреуі суретке түсіріп, біреуі ақпарат жинап дүниежүзін шарлап жүреді. Неге бізге осылардан үйренбеске. Бізде жұмыс қолы бар. Соны біріктіретін ой болмай тұр. Біріктіретін жоба болмай тұр. Сол үшін насихат керек. Сондықтан мектептен бастап нақты бағыт берілуі тиіс. Баланың болашақта кім болатыны мектептен қалануы керек.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Жыл сайын еліміз 2,5 млн тоннаға дейін ұнды экспортқа шығарады. Бұл туралы Астанада ауыл шаруашылығы саласының Тәуелсіздік жылдарындағы жетістігі мен аграрлық-өнеркәсіптік кешенді дамытудың алдағы жоспарлары талқылау барысында айтылды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, бірінші он жылдықтың нәтижесі жекеменшіктің мемлекеттіктен жеке қолға өтуі және нарықтық экономиканың құқықтық негізінің қалыптасуынан көрініді. Ауылдарда нақты меншік иесі пайда болып, нарықтық ұстанымға негізделген жана өндірістік қарым-қатынас орнады. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Агроқұзырет орталығының директоры Т.Рахымбеков «Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығының өндіріс көлемі 2001 жылмен салыстырғанда 6 есеге артып, 2015 жылы 3,3 трлн теңгені құрады (2016 жылдың 9 айында – 2,5 трлн теңге). Әлемнің 70-тен аса еліне жыл сайын 5-8 млн тонна астықты нарыққа шығарып, Қазақстан астық өндіру бойынша ірі мемлекетке айналды. Жыл сайын 2,5 млн тоннаға дейін ұнды экспортқа шығарып, соңғы жылдары әлем бойынша көшбасшы орындардың бірін иемдендік», – делі.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласының ерекшеліктерін ескере отырып, халықаралық тәжірибені үйрену арқылы бұған дейінгі салалық бағдарламалардың заңды жалғасы болып табылатын агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленуде. Оның айтуынша, аталған мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – нарыққа қажетті бәсекеге қабілетті АӨК өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету болмақ.

Әзірленіп жатқан мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттері – мал шаруашылығының тиімділігін 58%-ға, ал өсімдік шаруашылығының тиімділігін 40%-ға арттыру; тауарлы өндіріске 670 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді

азықтық дақылдар) алмастырылады. Ауыл шаруашылығы өнімінің өнімділігін жоғарылату мақсатында жоғары сапалы тұқымдарды қолдану және тынайтқыштарды енгізу үшін мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

несие беру және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ қаржылық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар іске асырылады. Айта кету керек, биылғы 9 қыркүйекте үкіметтің кеңейтілген отырысында



Астық экспорты: Меже биік

өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құру үшін ауқымды ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту, 600 мың га астам суармалы жерді айналымға тарту.

Жалпы, өсімдік шаруашылығы саласында ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру бойынша жұмыс жалғастырылады. Айталық, бидай алқаптарының бір бөлігі аса сұранысқа ие дақылдармен (майлы дақылдар, арпа, жемдік жүгері, қант қызылшасы,

Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету және суармалы жерлердің алаңдарын 600 мың га-ға ұлғайту бойынша шаралардан басқа, қосымша электрондық форматта жер ресурстарының жай-күйі туралы мәліметтер қалыптастырылады. Бұдан басқа, АӨК-ні инфрақұрылымдық қамтамасыз ету үшін өнімді өткізу бойынша ауылдық кооперативтер құруды ынталандыру, ауыл тұрғындарына

мемлекет басшысы үкіметке жылдың соңына дейін еліміздің су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасымен біріктіру арқылы Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырған болатын. Бүгінгі таңда бағдарлама тұжырымдамасы халық талқылауына жіберіліп, қоғамнан ұсыныстар мен ескертпелер жинау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қаржыгерлерге құрмет

Ақтөбеде ұлттық валюта және қаржы саласының қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Оған облыстың қаржы басқармасы саласындағы ардагерлер, басқарма басшылары, аудандық қаржы бөлімдері, мемлекеттік, банк мекемелері мен кәсіподақ ұйымының мүшелері, екінші деңгейлі банктердің, сақтандыру компанияларының, қаржы даму институттарының өкілдері қатысты. Өңір басшысы Бердібек Сапарбаев қаржы жүйесі қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады.

Ол «Тәуелсіз мемлекеттің бар болуы және дамуы заманауи экономиканың ажырамас бөлігі, біздің еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығының басты атрибуттарының бірі – ұлттық валютасыз мүмкін емес. 1993 жылдың 15 қарашасы жас мемлекеттің дамуындағы кезекті саты символданған күн, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің енгізілген күні болып белгіленді.

Сонымен бірге 15 қараша тағы бір елеулі күн болып – Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлері үшін кәсіби мереке белгіленді», – делі. Бердібек Сапарбаев мерейтой – өткенге көз салу, өткен жолды бағалау, болашаққа міндеттер қою екендігін атап өтті. Бұл жылдары қаржыгерлер

барлық қиындықтар, барлық сынақтар арқылы елмен бірге, бүкіл халықпен бірге абыройлы өткізді. Әрқашан,



барлық сатыларда мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Қаржы саласының қызметкерлері күн сайын қиын міндеттерді шешеді. Олар қаржы нарығының, бюджеттік процестің, салықтық және банктік заңдылықты

егжей-тегжейлі қарайды. Бүгін 27 ең үздік қызметкерлер облыс әкімінің алғыс хаттарымен, Ақтөбе облысының мемлекеттік, банк мекемелері мен Қазақстанның қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ ұйымының құрмет грамоталарымен

марапатталды.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Шағын және орта бизнестің 41 пайызы әйелдердің қолында. Бұл туралы осы аптада «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі мен Ресей Федерациясы «Союз женских сил» ақпараттық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі қоғамының ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою барысында мәлім болды.

Кәсіпкер әйелдің келешегі



Қазақстан мен Ресейдің іскер әйелдері арасындағы байланысты нығайту мәселесі туралы бастама қазан айында өткен бизнес форумның аясындағы Іскерлік кеңесте көтерілген. Екі ел арасындағы байланысты тікелей тартылған инвестициялардың өзі айқын көрсетеді. 2005-2015 жылдар аралығында Ресей елімізге 9 млрд доллардан астам қаржы құйған. Ал Қазақстан 3 млрд доллардан астам инвестиция салған. Екіжақты тауар алмасу жылдан-жылға артып келеді. Оның ішінде бизнеспен айналысатын әйелдердің де үлесі айтарлықтай. Қол қойылған меморандум Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іскер әйелдерінің ынтымақтастығын арттыруға септігін тигізбек. «Атамекен» іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ләззат Рамазанова «Бүгінде Қазақстанның жалпы ішкі өнімін қалыптастырудағы әйелдердің үлесі 40 пайызға жуықтайды. Шағын және орта бизнес субъектілерінің 41,5 пайызын әйелдер басқарады. 2016 жылдың 1 қантарында олардың саны 700 мыңға жуықтап, 2015 жылмен салыстырғанда 70 мыңға артты. Дәл осы жандар 794,5 мың жұмыс орнын қамтамасыз ете алды. Бұл дегеніміз – Қазақстанның шағын және орта бизнестегі жұмыс орындарының 30 пайызы», – деп атап өтті.

Оның айтуынша, кеңес қызметіндегі бағыттардың бір тарабы сындарлы сұхбат орнату болып отыр. Бұл жерде отандық және шетелдік әйел кәсіпкерлердің экономикалық және мәдени салада жемісті тәжірибе алмасуы да көзделуде. Осыған байланысты Ресей тарапымен меморандумға қол қою арқылы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тұрғысындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғасын таба бермек.

Өз кезегінде, ресейлік мейман Ресей мен Қазақстанның іскерлік нәзік жандар ұйымдарының күш біріктіруі ортақ бағдарламалар жасауда біртұтас бизнес алаңын құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Әйелдер ұжымдасып көп мәселелерді оңай, жеңіл және аса жауапкершілікпен шеше алады. Біздің одақтың мақсаты – Еуразия кеңістігіндегі барлық әйелдер ұйымын біріктіріп, мемлекетаралық қатынастарды нығайту», – делі «Союз женских сил» ақпарат агенттігі» жауапкершілігі шектеулі қоғамының бас директоры Наталья Урмащих.

Әлия КЕМЕЛБЕКОВА,
Астана қаласы

11 жаңа ұшақ



Ұлттық тасымалдаушы Астана әуежайында ТМД және Орталық Азияда тұңғыш рет пайдаланатын Airbus A320NEO бірінші ұшағының тұсаукесері өтті. Салтанатты шараға «Эйр Астана», Airbus, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры өкілдері қатысты.

Ұлттық компания өткен жылы 2016-2019 жылдары аралығында келетін 11 Airbus A320NEO тобының әуе кемесін лизингке алу келісімшартына қол қойған. Сол келісім жүзеге асуда. Жаңа ұшақ ішкі бағыттармен қоса, Қытай, Түркия, Үндістан, Ресейге және Біріккен Араб Әмірліктеріне қатынайды. Бұл ұшақ дербес ойын-сауық жүйелерімен жабдықталған. 16 орындық бизнес-класта, 132-сы эконом-класта. A320NEO ұшағы A320 тобының жетілдірілген нұсқасы болып табылады. Бұрынғысына қарағанда, жанасында отын шығыны 15 пайызға аз. Ұшақ өз санатындағы ең тыныш лайнер болып есептеледі. Салоны кең, жүк сөресі сыйымды. «Эйр Астана» президенті Питер Фостер «Airbus A320 соңғы 9 жылда пайдаланылмайды ерекше сипаттамаларды көрсетті және тартымды пішінімен, төмен операциялық шығындарымен, жоғары сенімділігімен әрі қауіпсіздіктің жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленді. A320NEO тобы ұшақтарының жаңа буыны барлық осы параметрі бойынша анағұрлым жақсартуларды қамтиды», – деген пікір білдірді.

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейін өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіпке бару маңызды шаруа. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Өз кәсібін жаңылмай таңдап, болашақта оның дамуына үлес қосып жүрген ІТ маман Арман Сүлейменовтің жастарға арналған бастамасын ерекше атап өтпекпіз. Арманның ІТ салаға құштарлығы оқушы кезінде оянған. Дәл осы жаста алғаш рет интернет қолданып, Энди Шафранның WEP парақшаларды жасау туралы кітабын оқиды. Нәтижесінде алғашқы сайтын жасайды. «Білімге бірге барамыз!» атты алғашқы ресурсында мектептегі пәндерге қатысты деректер, ғалымдардың шығармалары мен өмірбаяны жинақталады. Кейін ҰБТ–ға дайындық сайты мен Брюс Ли, сайт жасау туралы энциклопедия жасап шығады. Буларды ай сайын 300 мың оқырман пайдалана бастаған тұста Арманның ІТ–ға деген қызығушылығы түбегейлі оянады.

А.Сүлейменов «Мен 15 жасымнан бағдарламалаумен айналысамын. Қазір 28 жастамын. Яғни 13 жыл тәжірибем бар. 15

мектепті бітірген соң, Астанадағы Мәскеу мемлекеттік университетіне түсуге талпынады. Алайда өмір арнасы оны басқа жаққа бұрған

Болашаққа қажет маман



жасымда мен өзіме сайт жасадым. Бір айдағы қолданушылар саны 300 мыңға жетті. Сонда бұл саланың маңызды екенін түсіндім. Сіз 15 жасар баласыз. Ешкім танымайды. Бірақ сіздің өніміңіз қаншама адамға әсер етеді, жүрегіне тиеді, мәселесін шешеді. Осыдан артық не керек?» – дейді.

Бұл қызығушылық Арманды осы сала маманы болуға жетелейді. 2005 жылы орта

еді. ҰБТ тапсырған соң қажетті құжатты жинап, барлық емтиханнан өткен ол Мәскеу мемлекеттік университетіндегі екі айлық дәрістен соң Америкаға оқуға аттанады.

АҚШ–та бағдарламалауды барынша меңгеру үшін спорттық бағдарламалаумен айналысады. Бұл жердегі ерекшелік – бағдарламашылар командасы бес сағатта ұялы қосымша жасап шығуы тиіс. Кім жылдам, идеясы үздік, сол

жеңімпаз болады. Арман Сүлейменовтің командасы тұрақты түрде үздіктер қатарынан табылады. Арманы асқақ жас бұл іске ден қойып, университет командасының мүшесі ретінде 2009 жылы Швециядағы, 2011 жылы АҚШ–та өткен әлем чемпионаттарының финалистерінің бірі болады. Алдымен бакалавр, кейін магистрлік білім алғаннан соң Кремний алқабында 1 жыл жұмыс істейді. 2013 жылы кіндік қаны тамған жері, киелі мекені Қазақстанға оралады.

Елімізде жастардан жаңа толқынды бағдарламашылар қалыптастыруды мақсат тұтқан Арман бұған дейін Назарбаев университетінде «Стартап өнері: идеядан іске қосуға дейінгі 4 апта» курсың, Халықаралық ІТ университетте Кремний алқабындағы компанияларда тәжірибеден өтуге студенттерді дайындайтын «Бағдарламашы жолы» мектебі жобасын жүзеге асырған. 2015 жылы жазғы мультимедиялық инкубаторды іске қосты. ІТ саласына қызыққан жалынды жастар Арманның мультимедиялық инкубаторына қатысып шеберлігін шыңдады. Инкубаторда жасалып

сынды көптеген жастың білімін шыңдайтынына сенімді екенін айтады. «Мен осы инкубатор туралы сәуір айында білдім. Арман мектебімізге лекциямен бізге келген болатын. Дәрісте басты мақсаты, не істейтіміз туралы айтып, мотивациялық сөздер айтқан. Сол арқылы мені қызықтырған болатын. Менің білімім кітаптар бойынша, интернеттегі дереккөздері бойынша қалыптасқан. Ал осы инкубаторда мен көптеген практикалық сабақтар ала алдым. Менің осы инкубатордағы басты жобам –



менталды арифметикаға байланысты. Мен қаладағы көптеген менталды арифметика бойынша мектептерді көріп, осы білімді басқа адамдарға Америка Құрама Штаттарындағы, Жапониядағы адамдарға беру туралы ойыма келді» – дейді жазғы инкубаторға қатысушы Ербол Қаршыға. Былтырғы жылы жазғы инкубатор түлектері жасаған жобалар бірден ел назарына ілікті. Солардың бірі – Назарбаев университетінің бірінші курс студенті Динара Пердебаева жасаған «Келін» қосымшасының 182 мың қолданушысы бар. Қыз–келіншектерге арналған форумда сән, отбасын құру, жүктілік, бала тәрбиесі сияқты 30 тақырып бар. Тағы бір танымал қосымша – Кинза деп аталады. Оның мақсаты – тоназытқыштың ішіндегі бар нәрселермен тамақ жасау. Сондай-ақ былтырғы жобалардан жапон тілінің иероглифтерін үйрететін ойын сұранысқа не болған. Осы орайда кейіпкеріміз биыл да осындай әлемде сұранысқа ие болатын жобалар жасап, бұл

еш ақысыз, компьютерлік бағдарламалау саласының үздіктерінен сабақ алып, білімдерін шыңдауларына барлық жағдайлар жасалған. Арманның әріптес досы Мараттың айтуынша, кейіпкеріміз елімізде мың ІТ маманын дайындауды мақсат тұтады. Сондықтан инкубатор мүмкіндігінше басты мақсатына қарай жылжи береді.

Алдына келген әр жасқа шөкірт деп қарап, барлық білгенімен бөлісетін дарынды жан – Арман еліне игілігі мол істер жасаудан жалықпайтынын түсіндік. Оның бұл қасиетін жанында жүрген әріптестері де ерекше бағалайды.

Арманның өзі бұл ісіне шығармашылық деп қарайды. Бағдарламалаудың қызығы – өнім жасап басқа адамдарға қолдануға мүмкіндік беруге болады. Оның ары қарайғы дамуын көру шығармашылық ләззат сыйлайды дейді. Мұндай махаббат болған жерде Қазақстанның ІТ саласының жетістіктері алда екені сөзсіз.

Айлас ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Баланың тәрбиесі есігін ашқан күннен басталады. Тәрбие үшін әр минут, әр сағат қымбат. Бұрын ата–аналар мектепке дейін баланың дамуына аса мән бермейтін. Бүгінде арнайы орталықтарға әкеліп, әртүрлі сала бойынша білім алуына қызығушылық танытатындар қатары көбейіп келеді. Осыны ескерген алматылық Алтынай Бижігітова арнайы орталық ашты. Оған қазір тілі енді шыққан бүлдіршіндерді де әкелуде. Кей балақайлар білікті ұстаздардың бірнеше дәрісінен кейін ата–ана деген сөзден бастап, сөйлем құрайтын деңгейге жетеді. Кейін тіпті жазу–сызу мен оқуды да меңгеріп, шығармашылық пен спорттық үйірмелерге қатыса бастайды.

бірақ әр істің өз рәхаты бар». Нұргүл Бөкенова «Біз бір аптаның ішінде ұлтына қарамастан, тілі күрмеліп, кейбір қазақ әрібін айта алмайтын балаларға тоғыз дыбысты қойып береміз. Ұ–ды, Ұ–ны, Ғ–ны айтқызып, дауыстылардың жіктелуін көрсетіп, одан кейін екінші–



ұрпақ тәрбиелеу. Ол «Балалар мен ата–аналарды қызықтыратын басты нәрсе ұстаздың тұлғалық қасиеттері. Осы қасиет арқылы ғана олар шәкірттерінің білімге құштарлығын арттыра алады. Яғни мұғалімнің өзінің сабағына деген қызығушылығы алдында отырған балаға да беріледі. Біз балақайларымызды сөзбен емес, жеке ісімізбен тәрбиелейміз. Бұл ұстаз балаға үлгі болуы тиіс деген сөз» – дейді. Алматы қаласының тұрғыны Ғалия Нүсіпбекова орталыққа 4 жасар баласын орналастырған. Ол «Бастапқыда бейнелеу өнері сабақтарына бардык. Ұлыма қатты ұнады. Тіпті апа–аталарына да онын салған туындылары ұнайтын. Шынымды айтсам, мен қазір балам 4 жаста болғанда салған суреттерін сала алмаймын. Бірде ол менің портретімді бейнелеген. Ол туындысы маған қатты ұқсады», – дейді. Алтынайдың айтуынша, көптеген ата–аналар балалар мектепке барған соң, қай салаға бейім екені байқалса

білім алады. Осы орайда кейіпкеріміз, кезінде Америкада алған білімі, бүгінде бизнесте үлкен көмегін тигізіп жатқанын айтады.

Алтынай Бижігітова «Қазір 5 жылдан бері кәсіпкерлікпен айналыса келе, 10 жыл бұрын оқу орнында маған не үйреткенін түсіне бастадым. Өйткені іскерлік басқару мамандығында топ–менеджерлерді, кәсіпкерлерді оқытады. Яғни сен аз аздан болса да барлығың білуге тиіссін. Мен сол уақытта ай–ті, маркетинг, менеджмент, жоспарлы менеджмент сынды сабақтарды оқыған едім».

АҚШ–та білім алғаннан кейін Алтынай елге оралып, тұрмысқа шығады. Қызметтік жолын инвестициялар жөніндегі агенттіктен бастайды. Инвестиция тарту кез келген мемлекет, бизнес үшін маңызды. Алтынай агенттікте қызмет істей жүріп, тұрмысқа шығып, Жаксыбай әулетінің келіні атанады. Алтынай жолдасы Шыңғыс екеуі бүгінде қос қарлығаштай екі қыз өсіріп отыр. Балаларды дамыту академиясының өмірге келуіне түрткі болған осы қос перзенттері. Олардың тәрбиесі, білімді қылуға құштарлығы Алтынайды үлкен бастамасына себепші болды. Отбасындағы қос бүлдіршіннің тәрбиесімен қатар орталықтағы жүзденге бүлдіршіннің тәлімімен айналысып келе жатқалы биыл 6 жылға жуықтаған. Бұл кезеңде баланың ақыл–ойын



ғана, сол саланы меңгеруіне күш салады. Ал мектепке дейінгі тәрбиемен өздері айналысқанды жөн көреді. Бірақ бұл дұрыс емес, – дейді кейіпкеріміз маман ретінде. Сондай–ақ ол жеті жасқа дейін тек оқу мен жазуды үйретіп қоймай, шығармашылық тұрғыдан ойлауды, эмоционалдық тұрғыдан даму

мүмкіншіліктерін беру керек деп отыр. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер». Ата–ананың айтқанын екі етпей, сөзіне құлақ асып, сілтеген жолына түскен Алтынай бала күннен–ак білімге құмар болады. Астанадағы химия–биология лицейін үздік бітірген соң Еуразия Ұлттық университетінің экономика мамандығына оқуға түседі. «Білім инемен құдық қазғандай» деген қазақы төмсіл бар. Алтынай университетті бітірген соң, ары қарай білімін жалғастырmaq болады. Бұл жолы



АҚШ–тың Денвер қаласында іскерлік әкімшілік басқару саласы бойынша

дамытудың барлық сатысынан өткен Алтынай осы салаға байланысты том–том кітап жазуға болатындығын айтады. Сурет салу, музыканы меңгеру біреулер үшін тума талант, шығармашылық болса, Алтынай үшін бұл үйренуге болатын, балаға сіңіруге тиіс нәрселер. Себебі кейіпкеріміздің өзі қолына қылқаламды шамамен оншақты жыл бұрын ғана алған екен. Қазіргі кезде бос уақыты бала қалса, қылқаламды алады. «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық». Алтынай үшін музыка өнерінің де орны бөлек. Ол тәрбие құралы, әлемді танудың бір жолы, оның әсемдігіне бойылаудың ерекше тәсілі. Сондықтан кейіпкеріміз өз кезінде күй сандықта ойнауды меңгерген. Ал бүгінде анасының жолын кенже қызы Ғазиза жалғуда. Қазақтың қарапайым қызы, ынабатты келіні, екі қыздың анасы әрі бизнес ханым ашқан орталықтың тыныс–тіршілігі осындай. Елінің болашағы үшін еңбек етіп отырған Алтынайдың бастамалары көңіл қуантады. Оның игі істері жақын жылдары–ақ қоғам үшін жемісін берері сөзсіз. Себебі ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі балақайлар.

Құралай ҚҰДАЙБЕРГЕН

«Қазақтың Жамбылымын...»

Дарын – адам баласының бойына екі түрлі жолмен келеді. Жүре келе пайда болатын дарындарды, естіп, көріп жатамыз. Алайда дүниеге келгеннен бойында ерекше қасиет пайда болып, болмысы мен бітімі ерек болған жандар да аз емес. Ақындық қасиетті осының екінші түріне жатқызып жатамыз. Себебі ақын болу кез келгенге бұйыра бермейді. Бұйыра қалса да, өмір мен оның соқпағын басынан өткеріп, сол арқылы шыңдалып жатады. Алайда табиғаттан қонған дарын қашан да таза әрі тұнық болары сөзсіз.

Қазақтың дарынды ұлы Жамбыл Дүйсенов 2003 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Алты жасында Б.Момышұлы атындағы 131 мектеп–лицейіне оқуға барып 1 жылда 1–ші және 2–ші сыныпты бірден аяқтады. Ал 3–сынып оқып жүрген кезінде, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына және Жамбыл Жабаевтың туған күніне арнап, Жамбыл атындағы мемлекеттік



филармонияда өзінің жеке шығармашылық кешін өткізді. Астана қаласының тұрғындарына арналған жыр кеші де елдің есінде. Осылайша, ол Қазақстанның «Гиннес» рекордтар кітабына Қазақстан бойынша ең жас ақын болып енді. Жас ақының еліне деген, Отанына деген махаббатынан туған жырлары барша қазақ халқын тебірентті. Бала жүректен шыққан сөздердің жалынды әрі жанды келуі біраз ақындарды таң қалдырды. Жас Жамбыл өзін баламын деп есептемеді. Осының арқасында ол Ж.Жабаев, Б.Момышұлы, М.Мақатаев, Д.А.Қонаев, Ботпай батыр сынды төс белгілерін иеленді. Жоғарыда атап кеткен тума дарын иесі міне, осы еді. Жамбыл жырларында өте ауқымды дүниелерді қозғап, маңызды

мәселелерді көтеріп, еліне деген ыстық сезімін жаудырып отырады. Жамбылдың 2010 жылы «Тәуелсіздігім–тәңірден келген төтті сый» атты аудиозаба кітабы 2000 дамыан жарыққа шықты. Ал 2012 жылы «Періште тілек» атты алғашқы жыр жинағы оқырманға жол тартты. Осылайша өз оқырмандарына жырынан шашу шашып, көпшілік қауымын ыстық ықыласына бөлініп, үлкен ақын ата–апаларының батасын да алып үлгерді. Ақындық дейтін әлемге бала жүрегімен, батыл жырымен осылайша қадам басып кетті. Республикалық байқаулардың бас жүлделері жас ақын Жамбыл Дүйсенов қазақ елін тағы бір қуантпақ. 2016 жылдың 30 қарашасында Алматы шаһарының 1000 жылдығына арналған «Алматы–бақ мекенім» атты шығармашылық

кешін «Студенттер» сарайында өткізбекші. Сонымен қатар Астана қаласында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнап «Егемен елім – ерке елім» атты шығармашылық кешін өткізуді жоспарлап отыр. Алматы қаласында өтетін кешке жас ақындар қолдап, Бибігүл Төлегенова, Ескендір Хасанғалиев, Макпал Жүнісова, Сұлұшаш Нұрмағанбетова, Майра Ильсцова, Рамазан Стамғазиев, Қарағөз Тілеубекова, Ибрагим Ескендір, Бейбіт Мұсаев, Еркебұлан Елшатқызы, Інкар Нұрмағанбетова сынды қазақ өнерінің сандықтары қатысады. Елім деп соққан адал жүректі ұлдың, отты жырларынан сіздер де сусындап қайтыңыздар.

Сайлауша АБЫЛАЙ

6 АЙМАҚ

www.jasqazaq.kz

Елімізде «Индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасының алғашқы бесжылдық белесінде отандық өнім өндірісін өрістетуге жол ашқан жана жобалар іске қосылды. Индустрия игілігі экономиканың өзекті буыны саналатын өндіріс саласына жана леп әкеліп, отандық өнімнің өрісін кеңейтті. «Индустриалдық-инновациялық даму» бағдарламасы дем берген жобалар сәтімен сабақтасып, жана жұмыс орындары ашылды.

АЛҒАШҚЫ БЕЛЕСТЕР

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бірінші бесжылдығы аясында Маңғыстау облысында жалпы инвестиция көлемі 218,8 млрд теңгені құрайтын 33 жоба жүзеге асты. Олардың ішіндегі ең ірі және әлеуметтік маңызы бар жобаларға тоқталсақ, Түркия мемлекетінің «АТМ Групп» серіктестігі 10 млрд 990 млн теңге инвестициясымен Ақтау қалалық әуежайында халықаралық жолаушы

Индустрияландыру – игі жобалар иіні

терминалының құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту, 1 млрд 210 млн теңге инвестицияға облыс орталығында жана нан зауыты, Шетпе селосындағы «Каспий цемент» және Ақтауда «Каспий Битум» өндіріс орындары ашылды.

Маңғыстау облысының индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы



Нұрбек Қарасаев алғашқы бесжылдықта 2013 жылы шілде айында Елбасы Н.Назарбаев телекөпір арқылы ашқан Шетпедегі «Каспийцемент» зауыты жана әдіспен, саз, құм, темір кені және гипс қоспалары арқылы құрғақ жолмен цемент өндіреді. Маңғыстау ауданынан еңсе көтерген алып зауыт өз өнімдерін Батыс Қазақстанның барлық облыстарындағы құрылыс нысандарына жөнелтуде. Қуаттылығы жылына 800 мың тонна цемент өндіруге қауқарлы зауытта бүгінде 300-ден аса жұмысшы бар, — делі.

Елбасы Н.Назарбаев «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауында: «Нұрлы жол» цемент, металл, техника, битум, жабдықтар өндіру мен соған сәйкес қызметтер сияқты экономиканың басқа да салаларына мультипликативті әсер етеді» деген болатын. Бүгінде мемлекет тарапынан қолдау тапқан жарқын жобалар жемісін беріп, экономикалық бәсекелестік қабілетті арттыруға мол септігін тигізіп отыр. Мәселен, индустрияның иінін келтіріп, өндірісті өлкеміздің өркендеуіне өң берген «Каспий Битум» кәсіпорны өткен жылы жол құрылысына қажетті өнімнің жана үлгісін өндіріске енгізді.

— Жолдардың тамырына қан жүгірткен битум зауыты 2015 жылы 375 мың тонна мұнай өнімде, 299, 2 мың тонна мұнай өнімдерінің қоспаларын шығарса, 69,6 мың тонна битум шығарды. Өндіріс ошағы елімізде тұңғыш рет ыстыққа да, суыққа да төзімді түрлендірілген



битум өндіруді қолға алды. Бұл отандық өнім республика көлемінде Елбасының «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан жолдардың сапасын арттырып, жарамдылығын ұзақ мерзімге созуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Батыс

«Қазақстан инновациялық индустрияландыру шеңберінде құрылған экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсімнің драйверлеріне айналада. Көптеген өңдеуші салалар өсім көрсетіп отыр»

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауынан

Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің құрылысына жұмсалады, — делі облыстық индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаев.

Оның айтуынша, «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасының бірінші бесжылдығында индустрияландыру картасына енген барлық жобалар жемісті жүзеге асып, сәтті қортындыланды.

индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығын бастадық, яғни шикізат ресурстарына ғана қарап қалмайтын экономика құрудамыз» деген болатын. Техника мен ғылым дамыған ғасырда экономикамызда бәсекеге қабілеттілік үшін инновациялық жобалар болуы шарт. Мәселен, биыл көліктік және телекоммуникациялық инфрақұрылым саласында «Ақтау солтүстік теңіз терминалы»



ЕКІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕКПНІ

Облыстық индустриалдық-инновациялық даму басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, индустрияландырудың екінші бесжылдығында аймағымызда инвестиция көлемі 163,1 млрд теңгені құрайтын 28 жобаны іске асыру жоспарланған. Өндірісті өлкенің тынысын

ашатын жарқын жобалардың жүзеге асуымен 3074 тұрақты жұмыс орны құрылмақ. Облыстық индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаев «Алғашқы бесжылдықтың аяқ алысына келсек, өткен жылы өңірімізде «КУДУ Индастриз Қазақстан» ЖШС Канада елінің инвестициясымен «Бұрандалы сорғы өндіру зауытын» іске қосты. Жылына 800 дана бұрандалы сорғы шығаруға мүмкіндікті бар өндіріс орнына 370 млн теңге инвестиция тартылған болатын.



Сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет саласында Sofie Medgroup көпсалалы емханасы өз жұмысын бастады. Жана үлгідегі технологиямен жабдықталып, жылына 13 мың науқасқа қызмет көрсететін емханаға 3 млрд 882 млн теңге инвестиция салынды», — делі.

Ел экономикасының орнықты өсуін қамтамасыз етуге, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған индустриялық-инновациялық бағдарлама шеңберінде ағымдағы жылы құны 88,6 млрд. теңгені құрайтын 10 жобаны іске қосып, 628 жана жұмыс орнын құру жоспарланған.

— Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында «Біз қазірдің өзінде

ЖШС «Ақтау халықаралық теңіз-сауда портын солтүстік бағытта кеңейту жобасын» жүзеге асырды. Жылына 2,5 млн тонна құрғақ жүк қабылдауға қауқарлы порт арқылы республиканың өзге өңірлерімен және шет мемлекеттермен барыс-келіс артып, алыс-беріс ширай түседі. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінде Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен индустрияландыру бағдарламасының бірінші жартыжылдықтағы қорытындысына арналған «Қуатты Қазақстанды бірге көркейтеміз» жалпыұлттық телекөпірінде «Қазақстан Пайп Трейдерс» ЖШС елімізде алғаш рет «премиум» санаттағы газды-герметикалық кескінделген құбырлар өндіретін зауыт іске қосылды. Құны 12 млрд теңге болатын инвестициялық жобаға мемлекет тарапынан инфрақұрылымды тартуға көмек көрсетілді. Аталмыш зауытта жылына 45 мың тонна жоғары қысымды, газды-герметикалық кескінделген құбыр шығарылады, — облыстық индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаев.

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев елдің шығысында логистикалық хаб және батысында теңіз инфрақұрылымын құруды жалғастыруды қажеттігін тапсырды. Батыс бағытта Каспий порты арқылы экспорттық әлеуетті арттыруға Құрық портынан ауқымды паромдық өткел және Боржакты-Ерсай теміржол желісі ықпал ететін айтты. Аймағымызда көлік және логистиканы дамыту мақсатында «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ қарасты Құрық

Оңтүстік Қазақстанда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің күніне арналған дәстүрлі «Алтын күз — 2016» салтанатты шарасы болып өтті. Ауыл шаруашылығы саласының жетістіктері баяндалған мерекеге келушілерді облыс әкімі Жансейіт Түймебаев құттықтап, биылғы жылдың өңір шаруаларына берекелі болғанын атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы келер жылға 6 млрд 47 млн теңге субсидия бөлінгенін жеткізді. Бұл туралы Мақтарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Мақтарал мақта өндіруден алда

Облыс басшысы түрлі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруден I орын алған озат аудан, қалаларды атап, арнайы мүсін мен облыс әкімінің сертификаттарын табыстады. Мәселен, астық өндіруге Қазығұрт ауданына ешкім тең келмесе, жүгері өндіруге Отырар ауданы, мақсарыда Төле би, Оңтүстіктің бренді болып табылатын мақта бойынша Мақтарал ауданы үздік деп танылды. Ал бақша өнімдерін жинау бойынша шардаралықтар көш бастаса, көкөністе Сарыағаш, жеміс-жидекте Түлкібас, сүт Арыс қаласы, ет өндіруге

Ордабасы шаруаларының мерейі үстем болды. «Сыбаға» бағдарламасының орындалуы жөнінен түркістандықтар ерлеп, «Алтын Асық» бағдарламасы шеңберінде Бөйдібек озық шықты. Ал озық инвестициялық жобаларды іске асыруда Шымкент қаласы басым болса, ауыл шаруашылығы жәрменкесін ұйымдастыруда Сайрам өрлеп, ауыл шаруашылығы саласының дамуына ғылыми тұрғыдан үлес қосудан Мақтаралдың беделі биік болды. Айта кетейік, облыста мақтаның 80 пайызын

Мақтарал ауданы өндіріп отыр. Әрине, ғылым мен еңбекті ұштастырған сәтте кез келген қамалды бағындыруға болады. Мақта шаруашылығындағы ғылыми-зерттеулерді дамыту арқылы отандық бәсекеге қабілетті мақтаның жаңа сорттарын шығару, мақта өндірудің тиімділігін, инновациялық технологияларды өндіріске өндірумен Мақтарал ауданында Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары айналысып, бірқатар жетістіктерге жетті.

«Кім жүйрік?...» велошеруі

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (ҚазҰПУ) ұйымдастыруымен «Нұрлы үмітін арқалаған STUDENTS LIVE» атты студенттік апталық аясында «Кім жүйрік?...» атты велошеру өтті. Спорттық шара келер жылы 28 қаңтар мен 8 ақпан аралығында Алматыда өтетін XXVIII қысқы жүніежүзілік Универсиаданы қолдау мақсатында, сонымен қатар студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, қаламыздың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында ұйымдастырылды.



қыздар арасында 100 және 500 метрлік велоспринт, ұлдар арасында 1000 метрге жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды. Рет-ретімен келер болсақ, қыздар арасында 100 және 500 метрлік қашықтықта мәреге бірінші болып, Жаратылыстану және география институтының студенті Айшуақ Пархат жетті. Жігіттер арасында 1000 метрге созылған велокросс сайысының жүзден жүйрігі болып Жаратылыстану және география институтының студенті Ықтияр Тағаев атанды.

Велошеруді ұйымдастырған университетіміздің Жастар ісі жөніндегі комитетінің қызметкерлері шара сонында барлық қатысушыларға спортқа деген ұмтылысы мен белсенділігі үшін алғыс білдіріп, белсенді студенттерді арнайы «Алғыс хаттармен» марапаттады.

Жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, қала



университет студенттері патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі — онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді ұлықтады. Жастардың айтуынша, бұның өзі қосымша біріктіруші фактор есебінде болған. Велошеру велоспорттың бірнеше түрінен өткізілді. Атап айтар болсақ,

әкімдігінің бастамасын қолдауға бағытталған мұндай шаралар жақын болашақта елімізде велоспорттың танымалдылығын арттыратыны анық.

Берік АҒЫБАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі басқармасының қызметкері

Сандерсонды қазақша сөйлетті

Павлодарлық Бекзат Смағұлов ағылшын суретші-иллюстраторы Руф Сандерсонның «Алтын бие», «Мәртебелі Гатто» және «Сиқырланған орамал» атты кітаптарын қазақ тіліне аударып шықты.



Қазіргі таңда Астана қаласындағы ҚР ұлттық академиялық кітапханасының ақпараттық әдеби қызмет бөлімінде менеджер болып жұмыс істейтін талапты жастың айтуынша, бұл шығармаларды тәржімалауға «Фолиант» баспасынан ұсыныс түскен.

Алдағы уақытта Бекзат Смағұлов «ЭКСПО-2017» көрмесінде шетелдіктерге қазақтың ұлттық өнері мен тарихын, салт-дәстүрін таныту мақсатында белгілі жазушылардың еңбегін ағылшын тіліне аударуды жоспарлап отыр.



ойнап кете салғын келіп тұрады. Бірақ ондай құлығымыз бәрібір өтпей қалады. Өйткені Нұрканат аға бізді бес саусағындай біледі, бірден сезіп қояды. Ескертуін жасайды. Қыз демей, үл демей, ұрсатын жерінде ұрсып, мактайтын тұста мактайды. Актер — қанжар болса, режиссер — оның кайрағы. Сондықтан актер үнемі кайралып, бабында болуы керек. Жаксы кайралмаған актерден сәтті образ тұмайды. Сахнада актердің жарқырай көрінуі режиссерге тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің жолымыз болды. 12 жылдан бері Нұрканат Жақыпбай мектебінің шәкіртіміз, 12 жыл бойы кайралып келеміз. Кейде тіпті өз аразымзда «Нұрканат ағайдың 12 курсында оқимыз» деп әзілдейміз. Ол шынымен де солай».

Балалығы мен шалалығы басым бір-бір үйдің ерекшелерін сахна мәдениетіне тәрбиелеп, кәсіби маман етіп шығару үлкен ыждаһаттылықты талап етеді. Оған да тура туған үйіндегідей ананың аялы алақаны мен көзінің қиығымен-ақ бәрін ұқтыратын әкенің қатал мінезі керек. Еркелете отырып, алға жетелейтін шексіз шыдам мен темірдей төзім қажет. Егер осы өлшеммен келер болсаңыз, Нұрканат Жақыпбай қазір қатары тым-тым сиреп бара жатқан, бәрін көзқараспен

жасыратындай, бай декорация бізде болған жоқ. Барлық салмақ актерлерге түсті. Біз кедей өмір сүрдік, бірақ сахнамыз салтанатты көрінді. Себебі оны таза мандай тер еңбек пен жастықтың жалыны жандандырды, сән кіргізді. Сахнадан жас жүректің лүпілі сезіліп тұрды. Қалай дегенмен, жастықтың аты — жастық қой. Біздің табысымыздың негізгі кілті



кеттім. Дерееу балалардың соңынан жүгірдім. Қатарынан қалып, қайта ілескенімді ешкім де байқамай қалды. Осы күн әлі есімнен кетпейді» — деп өткен күннің естелігімен бөліскен режиссердің сөзін шәкірті Әділ Ахметов жалғады: «Кейбір кезде осындай кинондыққа шыдамай, жастық жалынмен қолды бір-ақ сілтеп театрдан кетіп қалғымыз келетін. Шыдамай кетіп қалғандар да болды. Баламыз ғой, ағайдың көзқарасынан именіп, ол кісіге көрсетпей жасырып жылап та алатынбыз. Бірақ ұстазымыздың бәрін ішпен біліп жүретінін біз де сезетінбіз. Үміт үзілуге шак қалған сондай күндерде Нұрканат ағамыз: «Шыдайық, балалар. Ең бастысы еңбектенейік! Еңбектің жеңбейтіні жоқ. Әлі-ақ көресіндер, ертен осы күндерімізді еске алып күліп отыратын боламыз» — деп әрқайсымыздың жанымызға сенім ұялатты.

Астанадан Жастар театрын ашу жайлы алғаш ұсыныс түскенде бәрін тастап, жылы орнын суытып, үйренген ортасын қиып Алматыдан жыраққа қоныс аудару оңай болмады. Шәкірттерінің оқуы, ал режиссердің ұстаздықтан бөлек, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында ұзақ жылдан бері етіп келе жатқан қызметі бар. Достары да, жақындары да, сырласар ортасы да осында. Қалай дегенмен, Алматы — мәдениеттің ошағы ғой. Сондықтан алғашында бір шешімге келуде қатты қиналды: «Бірді мыңға сата ма» («Абай»), әлде бәрін жалғыз арманының жолында құрбан ете ме? Режиссер арманын тандады! 39 жыл қызмет еткен құтты орны — театрын, отбасын

Бір әкенің баласындай

қалдырып, оқуын енді тәмамдағалы отырған шәкірттерін ертіп тәуекел сапары — арманның ұлы жолына бағыт бұрды.

Театр ашу жайлы ұсынысты қабыл алуын алса да, баратын жер, табан тірейтін баспанасы жоқ бір қауым ел екі бөлмелі пәтерді қанағат тұтады. Қара басын емес, әуелі шәкірттерінің қамын алдыңғы орынға қойған режиссер пәтерді басы бүтін жас сахнагерлерге босатып беріп, өзі Қалибек Қуанышбаев атындағы

де, ерекшелігіміз де бәлкім, осы жастығымызда шығар» — деп суреткер сыр ашты.

Жастар театрының қойылымдарын жіті бақылар жан, шынымен де, сахна төрінен еліміздің көптеген академиялық театрларына тән сықиған, қозғалмайтын декорацияны емес, жалындаған жастардың жастық лебін сезер еді. Режиссер Нұрканат Жақыпбайдың реформаторлығы да сол — қойылымдарында мүлік емес, бірінші кезекке үнемі актерлердің

уақытпен санасуды ұмытып, өзін тұтастай өнерге арнап жатса — ол да сол жастық жалынның арқасы. «Мен халқыма керекпін! Мен — елімнің ертеңімі» деген жалғыз-ақ сенім оларды алға жетелейді. Әйтпесе, дәл қазір, шынын айтқанда, сол жастардың үйі де мықты емес, жалақысы да қалта көтермейді. Жалпы қазақ театрларының жалақысы мардымсыз болса, біздің театр мүлдем аз алады. Дегенмен, бұл балалар оны айтып

жатқан жоқ. Қалай театр деген киелі мекеннің табалдырығын аттайды, өзінің үйі жоқ екенін, жалақысының аздығын, күйбен тірліктің басқа да қиыншылығын ұмытып, саф сұлу өнердің сиқырына арбалады» — дейді режиссер.

Есепсіз төгілген маңдай тер, адал еңбектің қай кезде де өтеуі болған. Бүгінде жас театр өлорда төрінде жана ғимаратқа ие болып, төл театрының тұсауын кесіп жатса — бұл да сол өнерге деген шексіз махаббат пен ешбір өтеуісіз еселене төгілген маңдай тер, қажыр-қайраттың, тұғырлы табандылық пен ерік-жігердің жемісі деп білеміз. Жастар театрының жана ғимаратқа көшуі — Астана тұрғындары үшін ғана емес, жалпы өнер әлеміндегі үлкен жаңалық болды. Күлшә Байсейітова атындағы бұрынғы Ұлттық опера және балет театры енді жас театрдың іргелі қарашанырағына айналды.

Осындай толқынысты сәттегі сезімімен бөліскен суреткердің: «Бұл ғимараттың тарихы үлкен ғой. Кезінде ұлы Күләш апамыздың атындағы театр болған. Осы аяулы есімнің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді» деуі де жас театрдың өнердегі өрісіне өлшем, алдағы күндерде атқармақ айтулы туындыларының талғам деңгейі мен көркемдік келбетіне таразы.

РЕЖИССЕР АЙТАДЫ:

— Елімізде 54 театр бар. Сол театрлардың репертуарларында жүріп жатқан пьесаларды біз де қоямыз. Бірақ біз ұжымның мүмкіндігіне сай оған бөлек бағыт, өзгеше үнмен келеміз. Болашағымыз жастар болған соң, кез келген туындыны, тіпті классикалық шығарманы да сол жастарға арнап көркемдеп, жанашыл бағытта қоюға тырысып жатырмыз. Керемет жаңалық аштық деп есептейміз. Жастардың талғамына сай, солардың тілінде, көпсөзділіктен гөрі, оқиғаны әрекетке көбірек құрып, музыка мен пластикаға басымдық беріп жұмыс істеу үстіндеміз. Өйткені адамда намыс деген бар. Әсіресе, қазақ — намысшыл халық. Қазіргі компьютермен өсіп келе жатқан жастар «менің елімде неге Мәскеудегідей, болмаса Еуропаның алуан бағыттағы театрларындай сан қырлы театр жоқ?», Бродвей театрының спектакльдеріндегі қойылымды мен неге өз елімнен тамашалай алмаймын?» деп намыстанбасыншы, әлемнен іздейтін ерекшелікті өз елінен, ұлттық өнерінен тапсынып деген ой әр қойылымды қойған сайын менің көкірімде тұрады. Әрине, біз қанша ұмтылғанымызбен, еуропалық, мәскеулік театрларға жете алмаймыз, әлемдік классиканы сахналап шетелдік болып кете алмайтынымыз жөне ақиқат. Қойылымдарымыздан бәрібір қазақтың ісі аңқып тұрады. Алайда біздің діттегеніміз — дүниежүзілік театр мәдениетінен, тәжірибеден өзімізге, қазаққа керек дүниені алып, көрерменімізге ұсыну. Мәселен, қазір сахнада ақыл айтқанды ешкім тыңдағысы келмейді. Ақыл айтудың дәуірі өткен. Қазір соңғы сөзді көрерменнің өзіне қалдыру керек. Өзі ойланyp, түйінін өзінің түсінік-танымына қарай көрермен өзі шешеді. Театр мамандары, сыншылардың пікіріне сүйенсек, өнерсүйер қауымның ықыласына қарағанда, аяқ алысымыз дұрыс сияқты.

ШӘКІРТТЕРІ АЙТАДЫ:

— Оқу бітіре салып «болдым-толдым» деу — жансақтық. Актер үнемі ізденісте жүруі керек. Ұстазымыз бізге осыны ылғи айтып отырады. Кейде қойылымға басқа ойлармен келесін, тезірек бітірсем екен деп, әйтеуір атүсті



академиялық музыкалық драма театрының үшінші қабатындағы кеңістіктің тарлығынан тік кіріп, тік шығатын аядай ғана бөлмені екі жыл тұрақ етеді. Сол шағын бөлмеде бүгінгі театр мамандары мен көрерменінің аузының суын құртып, тамсанқан жаңалыққа толы өнер туындылары өмірге келді. «Киналдық, бірақ кинала жүріп алдағы жарқын күндерден бір сәт те үмітімізді үзбелік. Уақытпен санаспай жұмыс істедік. Бізде сенетін де, арқа сүйеп, иек артатын да ешкім болмады. Сондықтан өзімізге, екі қол мен жүрегімізге, маңдай терімізге сендік. Түні бойы отырып таң атқанша көстөм тігеміз, киім үлгілерінің эскизін жасаймыз. Басында арнайы суретшісіз,

кенешшісіз жұмыс істедік. Өйткені оған беретін ақшамыз болған жоқ. Базарға барып арзан бағамен мата, целлофан, жылтыр қағаздарды сатып әкелеміз де, түнімен киім тігіп, декорацияны дайындаймыз. Күндіз қойылымға дайындық жүргізіп, кешкісін спектакль ойнап жүрдік. Ас мәзіріндегі басты тамағымыз — нан мен майонез болды. Соны талғажау етуге, қанағат тұтуға тура келді. Қазір мұның бәрі өтпекті сияқты көрінеді. Бірақ біз осындай жолдан, осы қиындықтардан өттік және ол қиындық бізді көлімгілді шыңады. Мәселен, Сұлтан Раевтың «Меккеге қарай ұзақ жол...» әсфанасын алып 2011 жылы Алматы қаласына фестивальге қатысуға келгенде, «Жетісу» қонақүйінде түнімен көз ілмей кенеп қаптан спектакльдің көстөмін даярлағанымыз бар. Жігіттер қиып, қыздар жағы тігіп отырды. Сөйтіп, таңды көзбен қарсы алып, тұтас бір қойылымның киімін өз қолымызбен тігіп шықтық. Ертеңінде спектакль ойнадық. Еңбегіміз жанып — Гран-примен Астанаға орамдық. Жоқшылық бізді қиялдауға үйретті. Соның арқасында қиялымыз ашылып, аз мүлікпен үлкен қойылымдар сахналауға дағдыландық. Ел көшіп-қонуға да ыңғайлы болды. Спектакльдерімізде ауыз толтырып айтарлықтай, артына тығылып кемшілігімізді

... Арқаның бет қаратпас сендей сірескен қытымыр да қатал қысында Астана көшелерін бойлап жоқ іздеген жолаушы келе жатыр. Соңына ерткен бір қауым ел бар. Ел дегенде де университетті енді ғана бітірген бір топ студент. Бірақ жолаушы жалғыз! Ол өзінің ойымен ғана оңаша арпалысып келеді. Мынау ертіп келе жатқан өрімдей жастардың тағдырына алаңдайды. Жүз ойланып, мың толғанып тоқтаған бұл шешімі дұрыс па, бұрыс па? Діттегенін бағындырып, арманын мақсатқа айналдыра алса жақсы, ал кері кетсе, бұл көзсіз тәуекелдің өтеуі не болмақ? Қалай дегенмен де соқа басы емес, өзіне зор сенім артып, соңынан бір сөзге келмей ерген бір топ жәудіркөздің келешегі үшін жауапты ғой. Осы бір тынымсыз ой көңілін бір кемірсе, сақылдаған қара суыққа шыдамай дірдек қаққан жастардың жан қиналысын ішпен сезіп, жүрегі қан жылайды. Иә, жолаушы серіктес бол ерген қасындағы жанның ешбіріне көрсетпей үнсіз егіліп келеді. Ол біледі: көз жасын көрсетіп, осалдық таныту — өзін асқар тау, алып қорғанына балап, тұлға тұтқан балаң танымды, аппақ сенімді бір-ақ сәтте күйретіп кетерін. Сондықтан да жанарын жасқа жасырып шылайды. Ой үстінде келе жатып елементті. Енді байқады: жанарын жапқан сол жас мұзға айналып үлгеріпті. Көзі айналасын айқындап тұрғанымен, жансыз шыны секілді, ашып-жұму қиындап барады. Не істеу керек? Жолаушы іштей шешімге келді: бұлай осалдық танытуға болмайды. Шегінерге жол жоқ! Өнер жасықтарға қол емес, өнер — жанкештілік. Ендеше алға қойған сол ұлы мақсат жолынан айнымау керек, адаспау шарт! Ал оның іздегені — өнердің жоғы еді...

Осыдан тура 8 жыл бұрынғы бір үміт пен мың күдік арпалысқан бұл сезім қазір ақиқат ауылынан алыстау көрінетіні рас. Бірақ титтей жалғандығы жоқ. 1926 жылдары алғашқы қазақ театрын құрушылар кедергі қиыншылықтан қалай өтсе, өнердегі жолын енді бастағалы тұрған жас театрдың алдынан да талай сын күтіп тұрды. Иә, олар — бейбіт күннің батырлары. Әу баста ғимараты да, қойылым көрсетер сахнасы да жоқ бір топ студент режиссер, ұстаз Нұрканат Жақыпбайдың бастамасымен өнердің ұлы сапарына шығады. Ел аралап, декорацияларын тасып жүріп, жер-жерлерде өнер көрсетеді. Кезіндегі ойын қоятын ғимараты болмай, халық көп жиналған шулы орта, жәрменкелерде көрерменін қуантқан қазақ өнерінің айыздары — Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаевтар секілді бұл жастардың да өнердегі соқпағы халықтың ортасынан басталды.

«...Бірде Каллеки — Қалибек Қуанышбаев театрында қойған кезекті қойылымымыздан кейін декорацияларымызды алып, Жастар сарайына қарай келе жатқанбыз. Балаларды алға жіберіп, өзін сондарынан еріп келемін. Қолымызда қытайдың ала сөмкесі, декорацияны көтере алмай қинала мықшындаймыз. Далада 40 градус аяз. Жел улеп, қар борап тұр. Кендір жіп қолдарын қиып жіберген болу керек, оның үстіне аяз қосылып, актриса қыздарын шыдамай жылап келе жатыр. Беттері өбден домбығып, қып-қызыл болып кеткен. Осы көріністі көріп шыдай алмадым, еркiмнен тыс менің де көзімнен жас парлады. Бірақ онымды көрсетпеуге тырысып келемін. Сеніп келе жатқандары — мен, жүрегімнің нәзіктігін



көрсетіп, сол сенімдерін күйретіп алудан қорықтым. Бір уақытта жасым қатып қалыпты. Кірпігімде көдімгідей мұз пайда болып, көзімнің алдында бейнебір әйнек тұрғандай жаба алмаймын. Шынымды айтайын, шошып кеттім. Жолшыбай «Абай» қонақүйі кездесе кетті де, дереу сонда бұрылдым. Ал балалар болса, ештенгені сезген жоқ, әрі қарай кетіп бара жатыр. Ғимараттың іші жылы ғой, көзімде қатып тұрған мұз бірден еріп кетті. Жанарымның аман екенінен көзім жеткеннен кейін, қуанып

қаптан спектакльдің көстөмін даярлағанымыз бар. Жігіттер қиып, қыздар жағы тігіп отырды. Сөйтіп, таңды көзбен қарсы алып, тұтас бір қойылымның киімін өз қолымызбен тігіп шықтық. Ертеңінде спектакль ойнадық. Еңбегіміз жанып — Гран-примен Астанаға орамдық. Жоқшылық бізді қиялдауға үйретті. Соның арқасында қиялымыз ашылып, аз мүлікпен үлкен қойылымдар сахналауға дағдыландық. Ел көшіп-қонуға да ыңғайлы болды. Спектакльдерімізде ауыз толтырып айтарлықтай, артына тығылып кемшілігімізді



орманындағы өз орнын белгіледі. Небәрі 10 жылдық тарихында республикалық, халықаралық байқаулардан 8 бірдей Гран-при жүлдесін қанжығасына байлауда да жас ұжым өнерінің бағытына бағдар, өрісіне өлшем. Жалғыз жолаушы адаспапты. Соңынан қаулап өсіп келе жатқан ордалы орманға бағбан Нұрканат ойлана ұзақ көз тігеді...

Назерке ЖҰМАБАЙ,
өнертану ғылымдарының магистрі
Астана



(Соңы. Басы өткен санда)

Елімізде ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындау докторантурада философия докторы және профиль бойынша доктор ғылыми дәрежесін табыстаумен жүзеге асырылады. Ұлттық, мемлекеттік университеттер және ғылыми ұйымдар шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, докторлар дайындауды жүргізеді. Себебі докторанттар дайындаудың міндетті шарты болып шетелдік кеңесшінің болуы табылады.

Докторанттардың 2014 жылғы жалпы саны 2063 адамды құраған. Олардың ішінде философия докторы (PhD) — 1962, профиль бойынша доктор 101. Докторанттар шығарылымы 314 адамды құрайды. Оның ішінде 125 адам диссертация қорғаған.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев шетелдерде бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алуға мүмкіндігі бар студенттерге арналған «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасын құрды. Бағдарламаның 20 жыл бойы іске асырылуы кезеңінде 11 мыңдай білім гранттары табысталған. Шамамен 9 мың түлек оқуын аяқтап, елімізде экономиканың, өндіріс пен мемлекеттік басқарудың әр түрлі салалары мен секторларында еңбек етуде. «Болашақ» түлектерінің арқасында қоғамдық бірлестіктер құрылды: «Қазақстан-2050» қозғалысы, «Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарының қауымдастығы, шетелде оқитын Қазақстан студенттерінің бірлестігі. Бағдарламаның 20 жыл бойы іске асырылуы кезеңінде 11 мыңдай білім гранты табысталған.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, 2020 жылға дейінгі жана 5 жылдық жоспарды жасап шығарды. Енді халықаралық бағдарламаға іліну үшін көбірек жұмыс жасау керек және ағылшын тілін жақсырақ білу керек. 2016 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша түскендерді



дайындауда негізгі басымдық инженерлік-техникалық салаға берілетін болады. 2016 жылдан бастап, жоспарға сәйкес, ағылшын тілі бойынша білімділік баллдық шкала бойынша 5 баллға дейін көтеріледі. Ортамерзімді кезеңде «Болашақ» квоталық категориясы үшін тілдік дайындық 2015 жылдың 1 қазанынан бастау алған «6+6» қағидасы бойынша ұсынылады. Оған сәйкес, «Болашақшылар» алты ай елімізде, алты ай шетелде білім алатын болады. Оған қоса, 2020 жылға қарай тілдік дайындық жетіледі. Бұл үміткерлердің бағдарлама бойынша оқыған ағылшын тілін жоғары деңгейде игеру үшін жасалып отыр. Оған қоса, 2016 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасының үміткерлерінің барлық санатына қажетті жұмыс өтілінің жоғарылауы орын алады. Мысалы, егер 2015 жылы үміткерлердің кейбір санаты бойынша жұмыс өтілі 1 жыл болса, 2016 жылдан бастап ол екі жылға ұзартылған.

Өзгерістер «Болашақ» бағдарламасының докторанттарына да қатысты. Бүгінде «Болашақ» шенберінде докторанттар шетелде 5-6 жыл бойы білім алады. Ал кейде шетелде болу мерзімі 6 жылдан асып түседі. Кейбір докторанттар еліміздегі ғылыми үдерістерден оқшауланып қалу сияқты мәселелерге тап болады. Еліміздегі ғылыми ортада не болып жатқандығынан бейхабар болады. Сондықтан 2015 жылдан бастап «Болашақтың» шенберінде, докторантка уақытының бір бөлігін отандық университетте өткізуге, ал қалған бөлігін шетелде зерттеу жүргізуге жұмсауға құқық берілетін арнайы бағдарлама қабылданды. Осылайша, ол батыстық дипломды иеленуге және ғылыми-зерттеуін жүргізетін, сонымен қатар шетелдік



серіктестерімен бірлескен мәселелерді шешетін отандық университетке пайдасын тигізуге мүмкіндік алады.

Қазақстанның 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген мақсаттың бірі — кем дегенде екі университетті әлемдік рейтингтерге қосу. Еліміздің жоғары оқу орындары жаһандық рейтингтерге белсенді түрде қатысады. QS рейтингінің тізімінде бар.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерінің университеттерінің QS 2015/2016 екінші рейтингінің нәтижелері бойынша, Қазақстан Top-150-ге енген 14 университетімен көшбасшылар үштігіне кірді. Ең жоғары нәтижелерді үздік жиырмалықтан шығып, 21-орынға ие болған Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көрсетті. Одан кейінгі жоғары нәтиже Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (33-

негізі каланған ол, отандық ғылым, техника, мәдениет және жоғарғы білімге елеулі үлес қоса отырып, үлкен әрі қиын жолдан өтті.

Бұл университет бүгінде — бұл 14 факультет, колледж, біліктілікті арттыру институты, 7 ғылыми-зерттеу институты, 67 мамандық бойынша докторлық диссертация қорғау бойынша 25 маманданған диссертациялық кеңес, 15 мыңнан астам студенттер, магистранттар мен докторлар. Ғылыми инфрақұрылымға 12 орталық кіреді.

101 кафедрала 2 мыңнан астам оқытушылар мен қызметкерлер жұмыс жасайды.

Университет қабырғасында әскери кафедра ашылған. ҚазҰУ түлектері, ҚР қарулы күштер қатарында. Ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарында, кедендік қызмет мекемелерінде қызмет етуге мүмкіндік беретін қосымша әскери мамандық, офицерлік шен алады.

Қазіргі таңда ҚазҰУ 400-ден астам ірі әлемдік университеттермен сәтті серіктестік жүргізеді. Халықаралық университеттер қауымдастығының мүшесі.

Танымал халықаралық Great Value Colleges ұйымының зерттеулерінің нәтижесі көрсеткендей, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ топ-50 әлемнің технологиялық ең дамыған университеттерінің қатарына 31-орынмен тұрақтады.

Бұл рейтингте отандық жоғары оқу орындары ТМД елдері ғана емес, Шығыс,

Орталық Еуропаның бірден-бір өкілі, сонымен қатар Сингапур мен Жапониямен бірге бүкіл Азия континентін таныстырады.

Great Value Colleges әлем университеттері рейтингін құрастыруда оқыту және ғылыми-зерттеу қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша сан қырлы амал-тәсілдерді қолданады. Осылайша, адамдарға сапалы білім алу мен ғылыми әлеуетті жүзеге асыру үшін үздік университетті анықтауда көмек көрсетеді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының мына артықшылықтары ескеріледі:

- технологиялар немесе инновациялар үшін ұлттық, аймақтық және халықаралық марапаттар;
- мамандандырылған зертханалар немесе зерттеу орталықтары; студенттердің зерттеу мүмкіндіктерін жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу бөлімшелері;
- қызметтегі ғылыми-техникалық бөліктің басымдығы.

Университетті бағалау құқығы қызығушылық танытпайтын үшінші жакка беріледі және беделді дереккөздерден алынатын жалпыға қолжетімді акпаратка негізделген.

Бүгінде ҚазҰУ — бұл сегіз ғылыми-зерттеу институттарын, ғылыми-техникалық және гуманитарлық бағыттардағы 30-дан астам орталықтар мен зертханаларды біріктіретін елдің ірі ғылым және білім мекемесі. Мемлекет қаржыландыратын ғылыми-зерттеулердің басым бөлігі дәл осы ҚазҰУ қабырғасында жүзеге асырылады. Бұл қаражаттардың 10%-ы жас ғалымдарды қолдауға жұмсалады. Соңғы үш жылда университеттің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық зерттеулерінің көлемі үш есеге жуық өсті. ҚазҰУ ғалымдарының зерттеулері өндіріске енгізіледі. Ал ғылыми жұмыстары Scopus және Thomson Reuters мәліметтер базасына кіретін жоғары рейтингті басылымдарда белсенді жарияланып отырады. ҚазҰУ — халықаралық Thomson Reuters агенттігінің «Ғылым саласындағы үздік жетістіктері үшін» арнайы дипломымен марапатталған тұңғыш әрі бірден-бір отандық ЖОО.

Университеттің ғылыми-технологиялық әлеуетін халықаралық деңгейде мойындаудың айрықша көрінісі әлемдік Hewlett-Packard, Cisco, Intel, Konica minolta, Microsoft танымал компанияларының ҚазҰУ-да оқу-ғылыми орталықтары мен зертханаларын құруы болып табылады. АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Германия, Финляндия, Жапония және басқа да елдердегі шетелдік серіктестерімен бірге ИНТАС, МАГАТЭ, ЕО, НАТО, Бүкіләлемдік банк, ЮНЕСКО-ның қаржыландыруымен 56 ірі халықаралық ғылыми жобалар орындалуда.

ҚазҰУ әлемнің алдыңғы қатарлы ЖОО-ларымен екі дипломды білім беруді белсенді дамытуда. Жыл сайын мыңнан астам шетелдік

үшін қашықтан оқыту үрдісінің қатысушылар арасында, ҚазҰУ-да, дәрістерге қатысудың және студенттердің қорытынды жұмыстарын қорғаудың толық әсерін жеткізетін заманауи Adobe Connect онлайн видео конференциялар жүйесі іске қосылған. Қашықтан оқыту үрдісі кез келген уақытта қолжетімді және студенттер мен оқытушылардың орналасу орнына тәуелсіз.

ҚазҰУ-да бакалавриаттың 64 мамандығы бойынша білім алуға болады, оның ішінде 36-сы ағылшын тілінде оқытылады. Оқыту, студенттің келесі семестрде оқитын пәнін өзі таңдауына мүмкіндік беретін, кредиттік технологияда ұйымдастырылған. Бұл студенттердің оқуға деген ынтасын, демек, олардың оқу үлгерімін арттыратын әлемдік тәжірибе.



студенттер мен оқытушылар оқу және ғылыми тағылымдамалардан өту үшін ҚазҰУ-ды тандайды. Осылайша, АҚШ-тың 24 студенті жаңа оқу жылында оқу үшін қазақстандық ЖОО-ны тандады.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-де оқу үрдісінде студенттер үшін қашықтан оқыту технологиялары қолданылады. Қашықтан оқыту үрдісі Еуропа елдерінде кең қолданылатын және мойындалған қашықтан оқыту жүйесі болып табылатын оқуды басқарудың модульдік, объектті-бағдарланған Moodle жүйесіне негізделген. Moodle платформасы Open University (UK), Microsoft (US), Google (US) и Istituto Superiore di Sanità — ISS (Italy) сынды ұйымдардың қолдауымен белсенді дамуда. Қашықтан оқыту үрдісін қамсыздандыру мақсатында, әл Фараби атындағы ҚазҰУ заманауи компьютерлік технологияларды, сонымен қатар электронды кітаптар мен виртуалды зертханалық кешендерді қолданатын электронды оқу материалдарын белсенді жасап шығаруда. Оқытуға арналған скринкаст, видеожинақ және подкасттарды дайындау үшін жазу, өңдеу және аудио-видео оқу материалдарының трансляциясы үшін пайдаланылатын ең жаңа бағдарламалық жасақтама қолданылады.



Қашықтан оқыту курстарының көпшілігі видеожинақтармен қамтамасыз етілген. Бұл оқытушымен нақты уақыт режимінде интернет желісі арқылы online сөйлесуге мүмкіндік береді. Online байланысты қамтамасыз ету

мақсаттарға және күтілетін соңғы әсерлерді анық түсінуге негізделген. Демек, нақты нәтиже де болады.

Әсемгүл БЕКМҰХАМЕТОВА,
экономика ғылымдарының кандидаты

Бәсекеге қабілетті болу үшін...

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қазақстан жоғарғы мектебінің Ұлттық ғылым академиясы білім және ғылым министрлігінің қолдауымен ашық білім беру ұлттық платформасының тұсауына рәсімін өткізді. Алғашқы отандық онлайн-білім беру платформасын құру бастамасына ИИДМБ-2 жүзеге асыру үшін мамандарды даярлап жатқан университеттермен қоса, еліміздің 12 жетекші жоғары оқу орны қосылды. Ашық онлайн-платформа жобасы еліміздің 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын және e-learning электрондық білім беру жүйесін енгізуді жүзеге асыруға бағытталған. Онда отандық университеттердің сапалы онлайн-курсын ұсынуда. Жаппай ашық онлайн курсы (ЖАОК) студенттер мен қызығушылық танытушылар үшін қосымша білім алуға таптырмас мүмкіндік. Сондай-ақ IT-



технологиялар арқылы білім беру қызметінің спектрін арттырады.

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов «Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жана инновациялық мүмкіндіктерді иеленуде. Жоғары

білім беру салаларының сарапшылары ЖАОК-ты 2028 жылға дейінгі білім беруді дамытудың 30 перспективалық тенденциясының айрықшасы деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы әрқашан бәсекеге қабілетті ұлттың деңгейі оның білімімен анықталады деп баса айтады. Осы ретте ЖАОК ұлттық платформасын іске қосу отандық жоғары білім беру жүйесін дамыту тарихында маңызды оқиға болып табылады», — деп атап көрсетті.

Бүгінгі таңда белгілі шетелдік ЖАОК платформалары курстардың ауқымды спектрін ұсынуда және сапалы білімді әлемнің миллиондаған тыңдаушыларына қолжетімді етіп отыр.

Ұлт-азаттық көтерілісіне – 100 жыл



(Соңы. Басы өткен санда)

1916 жыл дүрбеленіне қатысты О.Жандосовтың ғылыми көзқарасы 1926 жылға қарай толық жүйеленіп, баяндамалар, макалалар, құжаттар жинау, іс қағаздары түрінде рәсімделді. Сол жылы Қазақ Орталық Аткару комитеті арнайы комиссия құрып, көтерілістің 10 жылдығын атап өтуге кіріскен еді. Комиссия құрамына О.Жандосов та кірген болатын. Міне, осы комиссия атынан 1926 жылғы 11 шілдеде Жетісу облаткару комитетіне жолдаған хатында көтерілістің себептеріне патшалық үкіметтің жүгенсіздігін, отарлау мен қанауды, қазақтан жерді тартып алуды жатқызған. «Корни этого восстания уходят далеко вглубь казахской истории, имеют целый ряд предшественников, боровшихся за независимость казахского народа», деп жазыпты О.Жандосов. 1916 жылғы көтерілісті 1917 жылғы екі революцияның бастауы ретінде пайымдайды.

Қаһарлы 1916 жыл тарихы мен тағылымын О.Жандосов 1926 жылғы 25 тамызда Алматы қаласының коммунистері, комсомолдары, кәсіподақ және «Қосшы» одағы мүшелері алдында жасаған баяндамасында жан-жақты аша алды. Жиынға 2 мыңға жуық адам қатысқан екен. Баяндамашы қазақ тілінде бір сағат сөйлеген соң айтқанын орыс тілінде қайталап шығыпты. Өкінішке қарай, баяндаманың қазақ тіліндегі мәтіні әзірге табылған жоқ. Ал орыс тіліндегі стенограмма өте сапасыз жазылған.

Стенограмманың көлемі 6 беттен сәл-ақ асады. Бір сағаттық баяндама, егер стенограммашы біліктілік танытқанда, А4



форматпен 25 беттен кем түспеуі керек еді. Қалай болғанда да, бөсі мейлінше жоғары осы дерек көзімен таныса келе, мынадай қорытындыға келдік.

Біріншіден, баяндама авторының ғылыми-танымдық әлеуеті ерекше жоғары екендігі. 25 тамыздағы баяндамасын көтеріліс тарихы әлі зерттелмегенін қаперге салумен бастаған ол деректердің жинақталмағанын, онсыз оқиғаға экономикалық және саяси баға беру қиынға соғатынын алға тартады. Өзінің де аз ізденбегені көрініп тұр. «Для того, чтобы дать достаточно верную и вескую оценку такому событию, как [восстание] 1916 года, и для того, чтобы взять в целом события в Семиречье (в настоящее время — Джетысу), мне пришлось рыться в архивах и других источниках. И все же материалов наиболее ценных нет. Нет даже тех материалов, которые дали бы подробное описание хотя бы [деятельности] военно-полевого суда. Ничего не сохранилось также из материалов охраны, полиции. Только и есть — это копии дел Переселенческого управления. И на том спасибо, что они [представители старой власти] не сожгли и не скрыли это» деген сөздер ғылымға етене жақын адамның ғана аузынан шығады.

Екіншіден, деректердің тапшылығына карамастан, көпке арналған баяндамадағы ой тұжырымдар мен пайымдаулар, тұтастай алсақ, кімді болсын тәнті қылғандай. Олар ғылыми тұрғыдан дәйекті әрі ақиқатқа сай. Осыдан 90 жылдай бұрын қайраткер О. Жандосов ұлттық тарихты әлемдік тарихи үдерістер желісінде зерделеуге шақырыпты. Тындаушылар назарын мынадай сұрақтарға аударған: «Восстание 1916 года — что это: чисто местное явление или явление, [которое] имело какую-то связь с общим положением [вещей на окраинах России и в остальном мире]? Бунт это или восстание?».

О.Жандосов көтеріліс кездейсоқ құбылыс емес деп білді. Оны Ресейдегі және басқа да әлемдік

державалардағы саяси-экономикалық ахуалмен, империализм дағдарысымен байланыстырды. Ирландиялықтардың бас көтеруін, ағылшындар аяусыз басқанын мысалға келтірді. 1916 жылғы көтеріліс те, оның пайымынша, империализмнің жалпы дағдарысымен астасып жатты.

Тұлғаның ой түйіні бүгінгі тарихнамада қайталануда. 2010 жылы жарық көрген бестомдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның 3-томында 1916 жылғы көтеріліс себеп-салдары былайша қорытындыланады: «Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-феодалдық және әскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты және шығыстың отар халықтарының империалистік езгіге қарсы XIX ғасырдың басында өріс алған бүкіл

егістік, 8,8 бас ірі кара мал, переселен шаруаға — 10 десятина егістік, 7 бас ірі кара мал, дүңғанға — 4 десятина егістік бұйырса, казакка 1,5 десятина егістік, 12 бас ірі кара мал ғана келген көрінеді. Осы мәліметтерге сүйенген О. Жандосовтың: «При таком земельном утеснении, при кризисе скотоводческого хозяйства, при невозможности продолжать ведение своего хозяйства за недостатком удобной земли огромная масса обнищавшего казахского населения, конечно, могла составить очень хороший материал для восстания», — деген сөздерінде бұлтартпас ақиқат бар.

Тағы да «Қазақстан тарихының» 3-томындағы 1916 жылғы көтеріліске арналған тарауға көз салайық.

«Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар: отаршылдық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың шамадан тыс ұлғайтылуы, қазақ халқы мен аймақтың басқа байырғы халықтары жөнінде патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясаты, қатың бұқара жағдайының күрт нашарлауы болды. Бұл аталғандардың ішінен ежелгі қазақ жерлерінің жаппай, күшпен тартып алынуын және өлкені басқарудың отаршылдық жүйесінің күшейтілуін ең басты себеп ретінде қарастыру керек», деген жолдарды оқимыз.

1926 жылы айтылған ой толық қайталанып тұрған жоқ па! Қайталанып тұр. Осыдан кейін О. Жандосовтың ғылыми кемелдігіне қалайша бас имейсің. Айта кетейік, академиялық басылымдағы тарауды ҚР ҰҒА академигі К.Нүрпейіс жазған болатын. Демек, жер жәннаты Жетісудың екі дулдүлі тарихи ой-сананың биігіне бірге көтеріліпті. Бір ғана айырмашылық: О. Жандосов жазықсыз атылғанда К.Нүрпейіс 2 жасқа да толмаған әкесіз жетім еді. Оның да әкесі «халық жауы» айыптауымен атылған болатын.

1916 жылғы көтерілістің іргелі себептері қатарына О. Жандосов ұлтаралық қатынасты жатқызды. Ұлттық езгінің төрт формасын ерекше атап көрсетті: 1. Отарлық аппараттың қазақтарға көрсеткен зорлық-зомбылығы. 2. Қазақтан жерді тартып алуы. 3. Сауда капиталының қанауы. 4. Переселендерге, келімсектерге артықшылық, басымдық берілуі. «Все эти явления не могли, конечно, [не] создать у

казацкого населения такого настроения, при котором восстание казаков неминуемо должно [было] быть связано с лозунгами выхода из-под угнетения русских, восстания против русских», — деп түйіндейді О.Жандосов.

1916 жылғы көтеріліс тарихын зерделеу барысында О. Жандосов тиянақтаған ірі методологиялық жаңалық — ауыл буржуазиясы жайлы пайымы. Орыс және шетел капиталы үстемдік құрған отарлық Қазақстанда қазақ ұлттық буржуазиясы қалыптасып үлгермеді. Олар аз еді әрі ауыл шаруашылығы мен сауда-саттық саласында ғана шоғырланды. О.Жандосовтың пікірінше, ауыл буржуазиясы жергілікті әкімшілік атқаміндерлерімен, отарлық билік өкілдерімен бірлесе қимылдап, паракорлық пен жемқорлыққа салынды, көтеріліске қарсы позиция ұстанды.

Ауыл буржуазиясы мен әкімгерлерінің, қазақ оқығандарының 1916 жылғы көтеріліс



тұсындағы ұстанымы, жеңісі мен жеңілісі, қуанышы мен қайғысы М.Әуезовтің «Қылы заман» повесінде суреттелгені белгілі. «Қылы заманның» ең соңғы сөйлемінде біз әлі тереңіне бойламаған құпия идея бар. «Жұртта қалған бұралқы иттей болып, ұлықтардың обзынын артынан ере бермекке, тілмаштар қалды. Оспан мен Жебірбаев қалды», — деп аяқтапты повесті М. Әуезов. Бұл не сөз? Кенестік қазақ зиялыларын әлі ізі суымаған тарих тағылымынан сабақ алуға шақырған ескертуі ме? Әлде тоталитарлық билік жүйесіндегі ұлт зиялылары орыс ұлықтарының айтқанына көніп, айдағанына жүретінін көрегендікпен болжағаны ма? Немесе Оспан мен Жебірбаевтан іргесі аулақ, туысы бөлек, ұлты үшін қызмет ететін жана буын зиялыларды даярлау міндетін күн тәртібіне қойғаны ма? Тіпті болмаса, қазақ халқының ендігі тағдыры Жебірбаев пен Оспандай

комиссиялар қарап алды. Комиссияға облыс губернатордың уәкілі, 2 доктор, соғыс мекемесінің уәкілі кіретін еді. Бұл комиссиялар түйені түтімен жұтты. Параны мықтап бергендерді қулық-сұмдық қылып алып қалды. Әсіресе Бөкей облысындағы Таловка комиссиясының жемқорлығы күшті болды. Бұл комиссияға Қамыс-Самар, Таловка болыстарының правительдері Нұрым, Мералы Қарабай ұлдары, губернатор ұлы Арақчиев, доктор Тихомиров, соғыс министрінің уәкілі. Бұлар өздерінің жақындарын араға салып, елді жаудай талады.

Бұлар ақша алуға тұрмай, пайда параға, белбеушілік сияқты асыл бұйымдарды да алды. Оларын жарқыратып киіп жүрді».

Көтерілістің өңірлік ерекшеліктері, ұлтаралық, дінаралық қатынастарға ықпалын



бұралқылардың қолына түскеніне торыққаны ма?

Ойланатын мәселе көп.

Бұл мәселені О.Жандосов та айналып өтпеген. Көтеріліс басшылары қатарына кездейсоқ адамдардың қосылғанын баса көрсетеді.

КСРО-ның ыдырауымен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын жаңаша ой елегінен өткізу үдерісі басталды. Қалың қауымды елен еткізген пайымын XX ғасыр соңында академик М.Қозыбаев айта алды. Оның пікірінше, 1916 жылғы көтерілісті революция мәртебесімен қабылдауымыз керек. «1916 жылы, — деп жазды әйгілі ғалым ағамыз, — қазақ елінің ұлт-азаттық революциясы болды. Ол қазақ мемлекеттігін аз уақыт қалпына келтірді. Өз тағдырын өзі басқарды».

Қысқасы, қазақ даласындағы ұлы сілкіністің болмыс-бітімін анықтай түсетін қажеттілік күн тәртібінен әлі түсе қойған жоқ. Айталық, «Азияның оянуы» мәселесін XX ғасыр басындағы Қытаймен, Үндістанмен ғана дәйектей бермей, Алаш қозғалысымен, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісімен ажырағысыз байланыста қарастыратын уақыт келді. Сонда Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі екеніне көзіміз жете түседі.

Тәуелсіздіктің орнауымен елімізде сталиндік саяси қуғын-сүргіннің, байларды кәмпескелеудің (1928 ж.), кулактар мен байларға қарсы күрестің (1930 ж.) зансыздығын әшкерелеген комиссия жұмыс істегені белгілі. Ендеше 1916 жылғы қасірет пен зорлықтың

ТАРИХ
www.jasqazaq.kz

саяси-құқықтық бағасын беретін жұмысты неге қолға алмасқа? Мұңсыз ұлттық тарихты бұрмалауға бөгесін қойылмайды.

Көтеріліс отарлаушыларға қарсы бағытталғанмен қазақ қауымына да аз іріткі салған жоқ. Үш әлеуметтік топ ерекше көзге түсті: көтерілісті жақтаушылар, көтеріліске қарсылар, көтерілісті пайдаланып байлық жинағандар. Көрнекті мемлекет қайраткері С. Мендешев 1926 жылы жазылған естелігінде соңғыларды аяусыз әшкерелеген болатын. Онда мынадай жолдар бар: «Жұмысқа алынатындарды әдейі құрылған

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
Ш.Уәлиханов
атындағы Тарих
және этнология
институтының
директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент
мүшесі



10 ЭДЕБИЕТ

www.jasqazaq.kz

Академик С.Каскабасовтың айкындамасы бойынша тұжырымдасак, біздің танымымыздағы Асан Қайғы — «Дербес мемлекет болып, Қазақ хандығы құрылған кездегі аса беделді де көрнекті жырау болған кайраткер Асан Сәбитұлы. Ел арасында және дерекнамаларда оны Асан Қайғы деп атаған. Асан Сәбитұлы шамамен 1370-1380 жылдары Еділ жағасында дүниеге келген».

М.Әуезов Асан Қайғыны қазақ елінің орыс білігіне мойын ұсыну мәселесі әлі туындай қоймаған Әз Жәнібек заманынан беріде, Абылайдың дәуіріне жакын кезеңде өмір сүрген адам деп есептейді. Бұл ойын ол: «Ел Асанды көрі күннің сәуегейі сияқты көреді. Бұл күнде өз өміріне Асан Қайғының тұспал сөздері келіп тұрған сияктанады. Асанның сондағы айтқан сөздері келген сайын ел оны, тіпті көрі заманды болжап, біліп қойған кісі қылып, атағы мен білімін зорайтып, ғайыпты болжаған қырағылығын күшейту үшін өз қолымен әдейі алыс заманға апарып қойғысы келеді», — деп негіздейді.

Асан атына «Қайғы» сөзінің қосылып айтылуының өзі бірқатар ғылыми тұжырымдарға өзек болған. Х.Досмұхамедұлы Асан Қайғы есімінің орыс тіліндегі мағынасын «Асан-Печальный, Асан-Горемыка», — деп көрсетеді. Ал Ә.Қоңыратбаев «Асан» жеңіл деген сөз. Сонда бұл атау «жеңіл қайғы» дегенді білдірген болады. Асан Қайғы ноғайлы дәуірінде көп жылдарға созылған ел басындағы ауыр халді жинақтаған болса, оны қалайша «жеңіл қайғы дейміз?», — деп, ұлы ойшылдың атынан логикалық қисын іздейді. Тіпті мұны арманына жете алмаған ғашықтың қайғысына апарып телитін аңыз әңгімелер де бар.

Зерттеуші С.Кондыбаев сөздің этимологиясына үңіліп, «Асан — аспан адамы», «Қайғы — акын, жырау, сазгер», сонда Асан Қайғы «аспан жыршысы» болып шығады деп топшылайды. Ал санамызға әбден сіңісті болған мағына тұрғысынан келсек, ойшылдың өлен-толғауларының мазмұндық сипаты «Асан Қайғы» ұғымымен үндес. Бұл — қайғы қара бастың қайғысы емес, елдің қамын ойлап, келешегіне аландаудын қайғысы, күмән мен түдікті, зар мен мұңды, шемен мын шерді тұтастандырып тұрған қайғы.



Акынның ой-ниетін де, болмыс-бітімін де, тарихи тұлғасын да айшықтайтын атау. Осы орайда, «Оның атына жалғанған Қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. «Тауарих хамсаның» авторы, өзі діндар Құрманғали Асанның «Қайғы» аталу себебін дінге тіремек болады. Бұл халық санасындағы Асан бейнесімен қабыспайды. Асан қайғысы бақиды, ахирет жайын ойлағаннан туған қайғы емес. Асан мұнының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-халіне жаны ашығандық, өмірге көңілі толмау бар. Асан қайғысы — бүгінгі тіршіліктің, ертенгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы», — деген М.Мағауин пікірі акын толғауларының табиғатын дәл танытады. Аталған мәселеге байланысты байыпты тоқтамның бірі осы.

Асан Қайғы әдеби кейіпкер және шығармашылық тұлға ретінде қазақ пен қырғыздан баска ноғай, башқұрт, қарақалпақ әдебиетінен орын алған. Фольклоршы ғалым Б.Мамиева «Ноғай Ордасының құрамында болған ру-тайпалардың негізінде жеке-жеке ұлт болып құрылған осы халықтардың әдеби және фольклорлық мұраларында сақталған Асан Қайғы бейнесінің қазақ аңыздарымен ортақ және алшақ тұстарына талдау жасау» арқылы оны жиынтық образ ретінде қарастырды.

Қай ұлт та өз танымындағы Асанды төл тарихымен тығыз байланыстырады. Оны елдің болмыс-бітімімен тамырласып кеткен тұлға ретінде көрсетеді.

(Басы 1-бетте)

Әрине, қырғыз зерттеушілері өз әдебиетінің тарихын түзгенде Асан Қайғының алдына Бұқа ырчы (Кетбұға) мен Тоқтағұлды (XIV ғасырда өмір сүрген Тоқтағұл Сайдалыұлы) ғана салады. Ал олардың поэзиялық антологиялары көбінесе Асанның өлеңдерімен ашылады. Ноғай поэзиясында Асан Қайғылы Сытыра жырау мен Шалкиізден кейін тұрады.

Қайғы мен Жиренше шешеннің замандас болғаны туралы аңыздар туралы да сол ноғай, қарақалпақ зерттеушілері баян етеді. Қазақ пен қарақалпақта Жиренше, қырғызда Жәэренче, түрікменде Йикренче деп аталатын, ақыл мен



парасаттың, алғырлық пен тапқырлық символы болып саналатын бұл кейіпкердің де бүкіл түркі әлеміне тиесілі екені баршаға мәлім.

Қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғының (Асан — *сострадалец*) өмір сүрген уақытына байланысты деректер де әркелкі. Ел ырчыларының жинағында XIX-XV ғасырлар деп көрсетілсе, философ-ғалым Б.Аманалиев

Ай, Жәнібек, ойласаң Қилы, қилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма, Мұны неге білмейсің!?

Сондай-ақ осы өленнің деректік сипаты айқынырақ тағы бір нұскасы жұрттың жадында сақталған. Оған құлақ қойсақ, аты аңызға айналған бабамыз келер заманның сипатын айна-қатесіз болжап берген. Болашақта қиындықтың қыспаққа алатыны, ел ішінің азып-тозатыны, тіпті орыс билігінің үстемдік құратынына дейін айтылады. Асан атаның алдағы дәуірге көріпкелдік жасаған осы бір өленін М.Әуезовтің өзі зерттеу еңбегіне арқау еткен.

Асан келер заманның сипатын аңғартатын жаман ырымды Жәнібектің өз басындағы құбылыстарға да теліді. Ертістің бойынан зәулім қорған соқтырғанын жақтырмайды («*Қорған салдың бейнет қып*»), құладынға қу ілдіргенінен шошиды («*Құладын құды өлтірсе, Өз басына келеді*»), хандық дәстүрді бұзғанына налиды («*Қатын алдың қарадан, Айырылдың хандық жорадан. Ел ұстайтын ұл таппас, Айырылар ата мұрадан*»). Асанның ұғымында, елдің билеушісінің мұндай ағаттықтарға ұрынуы жақсылықтың нышаны емес. Төрт құбыласы тең түспеген ханның құзырындағы елдің де жайы келіспесі анық. Осы тығырыктан шығатын жол — жұртты көшіру, жайлы орын іздеу. Асан Қайғының бұл мұраты ұлы тұлғаның «Жерұйықты» іздеу идеясымен берік сабақтас («*Тіл алсаң іздеп қоныс көр, Желмая мініп жер шалсам, Тапқан жерге ел қошер*»), әрі ежелден қалыптасқан халқымыздың көшпенділік қағидаларымен үндес («*Көшіп-қонып көрмеген, жер қадірін не білсін*»). Сайып келгенде, мұның бәрі Ш.Уәлиханов «халық ұғымындағы көшпенді философ» деп атаған Асан Қайғының төніп келе жатқан қатерді еске салғаны болып шығады:

Болашақтың хабаршысы келер кеселдің күн ілгері қағылған дабылы тәрізді Асан толғауларынан пессимизмнің сарыны сезілмейді. Көшпенділердің данагөйі ғұмыр кешкен кезеңде ел-жұрттың тізгіні өзгенің қолына тимегені, қылыш қайрап, найза ұстаған ерлердің рухы түспегені даусыз. Мұндағы басты сарын алдағы күндердегі жайсыздықты сезінген көңіл-күй өзгерісінен туындайды. Асан шығармалары отаршылдық дәуір алдындағы ел тынысын нақты бейнеледі.

Енді Асан Қайғының қазақ пен қырғызға түгел танымал белгілі толғауына тоқтайайық. Қазақтың Асан Қайғысы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтпін күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтпін күн көрер?! Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтып күн көрер, Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтып күн көрер?!

деп күніренсе, Қырғыз Асан:

Қуірғуу жоқ, жалы жоқ, Құмда туулуп, чөлдө өскөн, Қулан байқуш кантти экен? Чымчып алар жүну жоқ, Чыңыраға уну жоқ, Боорунда буту жоқ, Жылан байқуш кантти экен? —

деп сарнайды. Әрине, қазақ пен қырғыздағы Асан Қайғы мұрасының айырмашылығы әрқайсысының өз тілінде жырлағандығында ғана емес. Әр халық өлен-жырды өзінше жинақтайды, бар-жоғын өз бетінше түгелдейді. Сол себепті жалпы желісінде ұқсастық болғанымен, қазақтың Асаны мен қырғыздың Асанының мұралары екі түрлі нұскада көрініс тапқан. Қырғыздың Асан Қайғысының атына телінетін өлендердің көлемі біздің Асандікінен гөрі әлдеқайда көбірек. Оның «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» деп басталатын баршаға белгілі толғауының өзі өте ұзақ. Ауыз әдебиетінің үлгісімен «Таразасын көтөрүп, Тарбандаған шор тумшук, Таш бака байқуш кантти экен? Жатарға жайы жоқ, Жан бағарға алы жоқ, Чымын байқуш кантти экен? Кирерге эшиги жоқ, Қорғолор тешиги жоқ, Конуз байқуш кантти экен? Оргон-жыйған чөбү жоқ, Эчтемеге эби жоқ, Донуз байқуш кантти экен?» деп термеленіп кете береді. Бұл толғаудың идеялық түпқазығын түсіндіруге тырысқан қырғыз ғалымдары А.Акматалиев пен Р.Сарыпбековтің ұстанымына келсек, «Асан Қайғының моральдық көз қарашынын неғизин адам ғана эмес, жалпы эле жаратылычтагы жандуу-жансыз нерсеге боорукерлик кылуу менен адам менен табияттын эки ажырымы эмес, бирдиги түзулөт».

Қырғыздың Асан Қайғысы тек жан-жануардың қамын жеп, құлан мен жыланның, қоныз бен доңыздың жайын ойлап қайғырмайды, адам болмысын да қаперде ұстайды:

Сууга мууздап, Сөөгү сыздап, Чалбарларын мие албай, Чалдар байқуш кантти экен? Байпагын кие албай, Басып жүрө албай. Балдар байқуш кантти экен? Келини тил албай, Кипичин кие албай, Не кыларын биле албай, Жөн басып жүрө албай, Кемпир байқуш кантти экен?

«Қырғыз адабиятының тарыхы» кітабында жарияланған Асанның әдеби

Екі елдің ортақ мұрасы

Асан Қайғы мұрасының қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі нұсқаларының ерекшеліктері туралы не білеміз?

аныздарға сүйене отырып, ұлы ойшылдың XVII ғасырда Ыстықкөл өңірінің Жырғалаң деген елді мекенінде ғұмыр кешкенін айтады.

Қазақ кеңес энциклопедиясындағы Асанның әдеби тұлғасы мен шығармашылық болмысын түйіндеп-тұжырымдаған дерек көзіне ден қойып, сараласак, «Өзінен сонғы ұрпақ әулие танып, «Асан ата» атандырған акын жайлы әр килы мазмұн, әр түрлі сипаттағы әңгімелер халық арасына кең тараған. Асан Қайғы төңірегіндегі аңыздар негізінен үш жүйеге (*Асанның алғаш танылуы, Қайғы атануы, «Жерұйықты» іздеуі*) бөлінеді».

Асан Қайғының «Жерұйықты» іздегені туралы аңыз-әпсаналар — қыспаққа ұшыраған елдің ой-арманының көрінісі. Себебі академик С.Каскабасов айтқандай, «Мұндай саяси-әлеуметтік жағдай елдің наразылығын туғызбай қойған жоқ, халық енді бұл дағдарыстан құтылудың жолын іздеді. Оны қиялдан, әлеуметтік утопиядан тапты. Өйткені қиыншылықтан, қоғамдық езгіден құтылудың баска жолын халық білмейтін».

Болжал өлендерді қазақ халық әдебиетінің бір түрі деп атаған Халел Досмұхамедұлы осы сипаттағы жыр-толғауларды Асан Қайғының келешекке көріпкелдік айтқан өлендерінен бастайды. Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген Асанның толғаулары негізінен соған бағышталып айтылған. Халық ұғымында елдің бірлігін, жұртының шапқыншылықтан аман қалуын ойлап, жайлы қоныс іздеген камқор да көреген тұлға ретінде қалған оның ескертпелерінің өзі дала дипломатиясының озық үлгісіндей. Мәселен, Асан өлендеріндегі «Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа» немесе «Ердің құны болса да, Алдына кеп қалған сон... Аса кеш те қоя бер, Бұрынғыны қуыспа», — деген тоқтам сөзі жауынгер халықтың тізгінін тежеп, бүкпантайлап күй кешуге шақырғаны емес, не нәрсені де ақыл таразасына салуға, сабырлы болуға үндегені, елді кызбалыққа ұрынып, пәле-жалаға ұшыраудан сақтандырғаны («*Түсін кетсең қайтесін, Түбі терең қуысқа*»). Бірақ бұл, әрине, намысынды таптағанша төзімділік таныт деген сөз емес («*Жолдасыңа жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа*»).

Осының бәрін сындарлылықпен саралаған Асан Қайғының ханға айтқан басты уәжі мынау еді:



Бұл арадан көшпесең Айтқаным та түспесең Орыс алар қалаңды, Шұлатар қатын-балаңды.

Ал қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғы толғауларында келешектегі кеселдің түрі бұлайша нақтыланбайды. Сол себепті көрші ел ырчыларының да көшбастаушысы саналатын Асан тұжырымдары көбіне-көп ақырзамандық сарынға табан тірейді. Оның байлам сөзі



«Мындай заман туш болсо, Қыйын болор онушун» сипатында түйінделеді. Қырғыз әдебиетіндегі Асан Қайғы мемлекеттің әлсіреуіне Жәнібек ханды кінәлі санап, былайша ой толғайды:

Қырылған аталар үчүн, Эзелердин қошоғуучун. Жасырданған эл үчүн, Шамалдай зымыраған уулдар үчүн. Кыжыры кайнаган ата журт үчүн, Жаныбек аттуу биздин хан, Сенден жооп талап кыламын.

Болжал өлендердің табиғатын терең танытқан әйгілі ғалым Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» деген еңбегінде Асан Қайғының атына телінетін мынадай өлең үзіндісін көріпкелдік мысалы етіп көрсетеді: «Ең ғажайып толғаулар — қазақта бергі кезге дейін сақталып келген сәуегейлік болжаулар. Онда айтылған:

Ата-ана баласын аямайды, Бала болса, ата-анасын сыйламайды. Қилы-қилы заман болады...

Бұл XV ғасырда Асан ата айтқан дейтін толғаудың ең ескі дәуірдегі түрі секілді».



Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент- мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Жас казак: Қасиетті Хан тәңірі тауының баурайында өмірге келіпсіз. Туған жеріңіз туралы, балалық арманыңыз туралы айтып берсеңіз?

Нүкетай Мышбаева: Жер жәннаты Жетісу жеріндегі Нарынқол ауылында дүниеге келдім. Мен өнерді бала кезімнен тандағам. Оның себебі шешем өнерлі кісі еді. Әні салатын, домбырасын арқалап айтысқа да шығатын. Сол ауылдың акыны десе де болады. Той-томалақтың бәрін басқаратын. Сонда менің кішкентай кезім. Шешем мені билететін, өлең айтқызытын. Қысқасы, мені өнерге тәрбиелеген анам. Соғыстың сұрапыл шағында біздің балалық шағымыз өтті. Сондағы соғыстың зардабын көріп өстім. Ойпырым-ай, сол ауылдың тұрғындары шетінен әнші, жыршы болатын.

Кешкілік ауылдың барлығы біздің үйге жиналады. Ән салады, жыр оқиды. Бірақ кештің соңы жылауға айналады.



Жылап отырып, біреуі — менің әкем, балам, күйеуім деп соларды еске алып, өксіктерін баса алмай, бір-бірлеп үйден шығып кететін. Әлгі кісілер сау да демейді, жылап-жылап шығып кетеді. Мен соны аңдып отырам. Кішкентай баламын ғой, шешемнің көз жасын көріп, мен де жылаймын. Сондайды көріп өстік. Тәттінің дәмін сезбедік.

Жас казак: Алматыға әнші боламын деп келген әр консерваторияның ән бөліміне емес, актерлік бөліміне қабылдануының сыры неде?

Нүкетай Мышбаева: Өнер адамы болғанымды анам қаласа керек, кішкентайымнан қолдау

көрсетіп, өнерлі адам болуыма барын салды. Тіпті анам Алматыда №12 мектепке жіберіп білім алғанымды қалады. Осылайша, өнерге деген ыстық ықыласпен консерваторияға келдім. Құжаттарымды ән бөліміне тапсырғалы тұрған жерімнен Асқар Токпанов көріп қалып, актерлік бөлімге түсуге көндіргенде, өнерім өміріме айналмас па еді, кім білсін?

«Роза Бағланованың әндерін тәп-тәуір айтады екенсің. Бірақ Роза біреу-ақ, екі Роза болмайды. Мен биылдан бастап актерлер дайындайтын курс аштым. Сен соған түс, менің ең алғашқы шәкіртімнің бірі боласың» — деді. Көп ойланған жоқпын, ұстаздың кеңесіне құлақ астым. Төрт жыл бойы мықты мамандардан білім алып, кәсіби актер атанғаннан кейін 1959 жылы М.Әуезов атындағы драма театрына келдік. Құрманбек Жандарбеков ағамыздың нұсқауымен Токпановтың бір топ шәкірті — Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Райымбек Сейтметов, Фарида Шәріпова, Раушан Әуезбаева және мен театрға бірден қабылдандық. Тәжірибесі толыспаған жастар Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Бикен Римова, Халиша Бөкеева сынды үлкен өнер иелерінің ортасына түстік. Сол кісілерге қарап бой түзеп, актерлік мамандықтың қыр-сырын үйрендік.

Бұл «театр» деген бір керемет әлем. Театр өзінің үйін. Біздің уақытымызда бөлек, көрерменіміз де бөлек болды. Актриса апайларымызға қарап, образды қалай береді екен, қалай киінеді екен деп қарап отыратынбыз.

Жас казак: Актерлер арасындағы буын сабақтастығы жалғасын тапты ма? Сахна тарландарының сара жолы үзіліп қалған жоқ па?

Нүкетай Мышбаева: Сол кездегі бірлігіміз әлі күнге ажыраған жоқ. Қазір театрымыздың ең үлкен буыны —

Хәкім Абай айтады: «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Сонда да солардың бар таңдамасы». Әр адамның өзіндігін айқындайтын мінезі сияқты, тұтас бір халықтың ұлттың болмысын танытатын ерекше қасиеттері болады. Өнерге деген құштарлық, әсемдікке, ізгілікке, биікке жетелейді. Ал өнер жолын таңдаған жанға осы жолдың биік белесіне шығу үшін таза жүрек, сергек сана, ұлкен өмірлік тәжірибе керек. Бүгінде сексеннің сенгіріне шығып отырған көрнекті актриса, Қазақстанның халық әртісі Нүкетай Мышбаеваның шығармашылық жолы, өнер жолы аясында әңгіме өрбіткен едік.

Өнерге ғашық тұлға

Асанәлі, Сәбит үшеуіміз. Ізімізден ерген Торғын Тасыбекова, Салиха Қожақова, Баян Имашевамен бүгінде бір грим бөлмесін бөлісіп отырмыз. Театрдың басты ұстанымы — ынтымақ пен бірлікте. Осында қызмет ететін ардагер буын да, қазіргі келген жастар да ұжымның алтын қағидасын сақтап келеді. Уақытымның



Жансұлыбай WWW.ZHUSAN.KZ

көбі театрда өтетіндіктен, ұжымдағы әріптестерімнің барлығы етене жақын бір туысымдай болып кеткен.

Жас казак: Қазіргі таңда Ф.Буляковтың «Отыз ұлын болғаншасында» Фатима, Б.Жакиевтің «Жүрейік жүрек ауыртпайында» Күлегеш әйелдің рөлін сомдап жүрсіз. Сахнадағы қимыл-қозғалысыңыздың сыны кетпеген, әлі талай рөлдің ажарын ашатын қауқарыңыз бар сияқты...

Нүкетай Мышбаева: Өмірге қайта келіп, кім боласың десе ойланбастан, өнер жолын тандар едім. Актер үшін сахнаға шығып, бар өнерінді салып көрерменмен қауышудан асқан бақыт жоқ. Жана рөл беріп жатса, қашпаймыз ғой. Бірақ «артына қарап қартаюсың» деген рас. Қазір жалынды жастар өсіп келеді. Солардың өнерді

НҮКЕТАЙҒА АРНАУ

*Айдай сұлу мінсіз туған майталман,
Білегімді бір өлеңмен айтаалам.
Атқан таңдай арайланған жүзінді,
Сахнадан көрмей үйге қайтпалам.*

*Ойнадыңыз талай сұлу жеңгені,
Бал татыған қымыз құйып — Теңгені.
Асекеңдей ұлағатты ұстаздың,
Апатай-ау сіз емес пе сенгені!*

*Шығатынсыз Майра болып жайраңдап,
Гүл тердіңіз Әлиман боп сайраңдап.
Көрерменнің көзайымы Нүкеңе,
Таңдап, талғап қашан қондың қайран бақ?*

*Қайтып кетпе Нүкетайдан қайран бақ,
Ортамызда жүре берсін жайраңдап.
Әлі күнге қыз ойнауға жсрайды,
Гүл тер десең, гүл тереді тайраңдап.*

*О, құдіретті сахнаның киесі!
Соның бүгін Нүкетай ғой иесі,
Жарқылдаған, аңқылдаған апана
Жағылмасын жамандықтың күйесі.*

*Арамызда жүре берсін ұлы қоштің иесі,
Рөл де бар апамызға тиесі.
Сахнада сіздер бар да бұзылмас
Константин Ақсақалдың жүйесі*

Зәкәрия ЖҮНІС

«Халық әртісі» атағын кеш алғаныңызды білеміз. Атақ пен марапаттың кешігуі шығармашылығыңызға әсерін тигізбеді ме?

Нүкетай Мышбаева: Атағым жоқ екен деп ешқашан еңсемді түсірген емеспін. Мені атақ-марапатқа неге ұсынбайды, еңбегім қашан еленер екен деп біреудің алдына барып көрмеппін. Оны ойлап уайымдайтын да уақытым болмапты. Өзіме артылған тапсырманы орындап қызметіме адал болып, бекітілген рөлімді ойнап жүре берлім. Сөйтіп жүріп, 1991 жылы «ҚР халық әртісі» атағын және 2010 жылы «Парасат» орденін алдым. Бір көңіліме

өлтірмейтініне қарап маркайып қалам. Ал қазіргі кезде өнерді өшірмеу керек. Театрда 100 шақты рөл сомдалды. Мен сценарийді ешқашан ұмытпаймын. Мәтінді бір көргеннен жаттап аламын. Егер жаттай алмай, бір сөзін ұмытып жатқан күні театрдан

түйгенім, адал еңбегім бір күні болмасын лайықты бағасын алады екен. Жасағанның бергеніне



Театр артистері телестудияда, 1973 ж.

кетуім керек деп ойлаймын. Жақында «Қызыл алма» дейтін сериалға түстім. Сериалда жалғыз, ешкімі жоқ кемпірдің рөлі берілді. Түсірілім кезінде тексті жаттап алғам, шатаспаймын. Ал жастар шатасып жатады. Сондағы режиссердің айтқаны Нүкетай апайымдай болмайсыңдар ма? Шатаспайды деп ескертіп қояды. Сонда әлі қауқарым бар екен-ау деп арқаланып қоямын.

Жас казак: Әттеген-ай, сол сәт келсе, басқаша өзгертер едім деген кезіңіз болды ма? Өкінішіңіз бар ма?

Нүкетай Мышбаева: Өмірде өкініші жоқ адам болмайды. Төрт түлігі сай адамның да өкініші болады. Менің өкінішім туралы айтсам, театрда жұмыс істейтін Мәліс Ержанов дейтін суретшіге 24 жасымда тұрмысқа шықтым. Мен оның өнеріне ғашық болдым. Содан Земфира атты қызым бар. Бір тал ғана қызым бар. Ал менің 2-3 балам болғанда ғой деген өкінішім бар. Ал қалғандары ұсақ-түйек өкініштер.

Жас казак: Енбегі дер кезінде бағаланбай жүрсіз. Еңбегіңізді білеміз. Атақ пен марапаттың кешігуі шығармашылығыңызға әсерін тигізбеді ме?

Нүкетай Мышбаева: Атағым жоқ екен деп ешқашан еңсемді түсірген емеспін. Мені атақ-марапатқа неге ұсынбайды, еңбегім қашан еленер екен деп біреудің алдына барып көрмеппін. Оны ойлап уайымдайтын да уақытым болмапты. Өзіме артылған тапсырманы орындап қызметіме адал болып, бекітілген рөлімді ойнап жүре берлім. Сөйтіп жүріп, 1991 жылы «ҚР халық әртісі» атағын және 2010 жылы «Парасат» орденін алдым. Бір көңіліме

шүкірлік ете білу керек. «Менде анау жоқ, мынау жоқ» деп ертеннен кара кешке дейін күнірене беруге болмайды. Жас ұлғайған сайын адам өткенін ойлап, жүріп өткен жолын саралайтын сәті жиілейді екен. Мен жоқшылықты көріп өстім. Бір үзім нанлы ансап, тәттінің дәмін ұмытқан сәттерімді жиі есіме аламын. Кеше кім едім, бүгін кімін?



Ел құрметтейтін актрисаға, ел сыйлайтын кейуанаға айналғаным — бұл өмірде қол жеткізген ең қымбат марапатым, ең биік мәртебем. Қайда жүрсем де алақанына салып аялайтын, қошемет құрметін аямайтын халқымның амандығын тілеймін.

Жас казак: Сексеннің сенгіріне шығып, өткенге көз жүгіртсеңіз, көзіңізге не ілінеді?

Нүкетай Мышбаева: Сексен деген үлкен бір белес екен. Осы сексенді бағындыра алмай арманда кеткендер



көп. Айналамадағы достарымның көбісі өмірден ерте озды. Фарида Шәріпова, Райымбек Сейтметов, Раушан Әуезбаевамен өмірде де, өнерде де ажырамас дос болдық.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА


Актерлік қуаты мен өмірдегі мұраты жоғары актриса

Қазақ кәсіби театр өнерінің алғаш іргетасын қалаушылардың көзін көріп, кешегі могиқандардың сарқытын ішкен, бүгінде олардың ұлағатын жас ұрпаққа жеткізіп жүрген актрисалардың бірі – Қазақстанның халық әртісі Нүкетай Мышбаева 80 жаста. 1959 жылдан бүгінге дейін М.Әуезов театрында еңбек етіп келе жатқан актриса театр сахнасында 80 жылдық мерейтойын өткізді. Осы кеш барысында көрнекті актрисамен театрда бірге еңбек етіп, бірге жүрген әріптестерінің пікірін назарларыңызға ұсынбақпыз.



Асанәлі ӘШІМОВ, КСРО халық әртісі:

— Нүкетайды алғаш көргенде Нарынқолдан келген қызыл шырайлы қыз еді. Дауысы Роза Бағланова сияқты. Барлығымыз ғашық болдық. «Ойбай-ау, мынау дайын



жылдық мерейтой кешін өткізбек. Құтты болсын! Халқын қуантып, бізді қуантып, сахнада жүре берсін!

Есмұхан ОБАЕВ, Қазақстанның халық әртісі:

— Нүкетай Мышбаева 16 жасынан А.Токпановтан сабақ алды, кейін М.Әуезов театрының актерлік құрамына қабылданды. Содан күні бүгінге дейін 60 жыл жұмыс істеу өкінішті бірінші қолынан келе бермейді. Осы жылдары ол берінің көз алдында қараторы, әдеміше келген, күлкісі таза, қазақи дауысымен, әйелдік сыпайы мінезімен, кейіпкерінің трагедиялық халін жақсы аша білетін көп қырлы актриса ретінде қалыптасты. Бүгінде Нүкетай Мышбаева 80 жасқа келсе, бұл – әйел үшін қартаймай, шаршамай жеткен жас. Бұл кісінің әлі де сахнаға берері көп. Ол құдайдың



әйелдің рөлін ойнаймыз. Бұдан басқа да көптеген спектакльдерде бірге өнер көрсеттік. Отбасымызбен жақсы араласамыз. Бүгінде 80 жасқа келіп, мерейтойына дайындалып жатқанына қуанышым шексіз. Мерейтойы құтты болсын! Аман жүрсін!



берген актерлік қуаты мен өмірдегі мұраты жоғары актриса. Сондықтан Нүкетай Мышбаеваны 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Жасы ұзақ, дені сау болсын!

Салиха ҚОЖАҚОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:



— Нүкетайды 1960 жылдан бастап білемін. Екеуіміз оқу бітіргеннен кейін бірге тұрдық. Өзі менен 5 жас үлкен, өпкеміз болса да сырлас, құрдаспыз. Сахнада бірге спектакльдерде ойнадық. «Ана – Жер – Анада» Торғын Тасыбекова екеуіміз бірге мен де Әлиманды ойнадым. «Майрада» Нүкетай Майраны, мен Айбаршаны, «Түнгі сарында» ол Жұзтайлақты, мен Мөржанды ойнадым. Жалпы Нүкетай өте кең адам. Бір нәрсеге ренжіп, іш жиғанын көрмеппін. Үнемі күлімдеп, жарқылдап жүреді. Сондықтан да ол кісіні 80 жасқа келді демейсің, жүрегі жас, жүзі нұрланып тұр. Осы орайда ертең өтетін мерейтой кешімен құттықтаймын! Ұзақ ғұмыр тілеймін!

Дайындаған Мәлдір ЖАМИХАН

12 ҚОРҒАН

www.jasqazaq.kz

(Соңы. Басы өткен санда)

— Мәселе мынандай, — дейді әйел көңілденіп, күле сөйлеп, — мен саған бір тосын жаналық айтқым келіп тұр.

Хиуаз қуана қол шапалақтайды.

— Айтыңыз, айта беріңіз Дарья ханым. Мен тыңдауға дайынмын.

— Ал, ендіше, құлақ сал да, қуана бер. Өзін естіген де шығарсың, естімеген де шығарсын, бір жаңалық болғалы жатыр.

— Айта беріңіз.

— Мәскеуде адамзат тарихында тұңғыш рет қыз-келіншектерден құралған түнгі барлаушы-бомбылаушы әуе полкы құрылғалы жатыр.

— О, міне, тамаша!

— Оны қим ұйымдастырғалы жатқанын білесің бе?

— Айта беріңіз.

— Оны аты мөшбір ұшқыш М.Раскова ұйымдастырғалы жатыр. Енді саған қарманып калатын шақ туды. Ертеңнің арғы күні осы академияның үлкен залында осы датаға орай жиын өтеді. Оған Мария Раскованың өзі қатысалды. Арты ән мен биге ұласады.

— Дарья ханым, менің өнерге бейімім бар ғой. Шіркін, сол Марияның алдында ән шырқар ма едім.

— Болады, концерттің артын ала ел таланттарына кезек беріледі. Алайда опынып калып жүр ме.

— Ол жағынан уайым жеменіз. Мен қалайда сіздің үмітіңізді ақтауға тырысамын.

— Онда іске сәт...

Бұл Хиуаз үшін аса бір қиын, беймаза шақ еді. Өзі бала кезден арман еткен максаттың сәті туған кезі де осы еді. Оны жас қыз саналы жүрекпен дәл түсінген. Кайткенде Марияның көңілінен шығу керек. Қазақ өнімен әлдилеп, қиядан жол тапқаны жөн. Ол екі күн бойы күн демей, түн демей концертке дайындалды.

Межелі шақта кештете академияның үлкен залында жиын өтті. Соғыс жәйлі түрлі мәселелер талқыға түсті. Мария Раскова сөз сөйледі. Әр сөзін ағашқа шеге қакқандай етіп, ұғынықты, дәл сөйлейтін әйел екен. Онша да сзүі көпіріп, көп сөйлемеді. Тиселі сөзді ғана айтты. Кіл қыздардан жасакталған түнгі барлаушы-бомбылаушы әскери әуе полкының міндеттері мен өздеріне Отан алдында тапсырылған істерін баян етті...

Өз ойын қысқаша ғана баян етті де, мінбеден түсті. Одан кейін де толып жатқан әскери мамандар сөзге шығып, соны концертке ұласып еді. Әуелі арнайы дайындалған концерт қойылды. Соңыра әдеттегінше халық өнерпаздарына кезек берілген. Әні, биі аралас бес-алты бағдарлама өз мәресіне жетті. Концерт жүргізуші:

— Сіздердің алдарыңызда Хиуаз Қайырқызы Доспанова ән шырқайды. Қазақстан!, — деп тапсытырылым жасалды. Көп аял етпеді. Артынша үстіне төгілдіріп қазақтың ұлттық киімін киген, кеудесіне әдемі қызғылт түсті жана гармон қондырған Хиуаз шыға келген. Басындағы үкілі бөркі қыз қозғалысына бөлекше сән беріп, сан құбылады.

Хиуаз гармонды соза құлаштап, атакты «Майраның» әнінің толық нұсқасын тегіс ойнап шықты. Келесі кайталамасында барып, әннің тек қайырмасын құйқылжытты да, бастап кеп жіберген. «Қызы едім, Уәлидің атым Майра» деген қазақтың ерке сылқым әні кен сарайдың ішіне калықтай жөнелді. Ән салып тұрған қызға қараған хатшы келіншектің көз алдына құм басқан құба белес, ақ селеуі селдіреген бозғылт дала, изен мен майда күренсесі самал желге тынымсыз елбек қакқан бұйрат жондар елестеді. Бұлақ жағасындағы жұмсақ көгалда ойнақ салып, бірін-бірі қуалаған жана тірліктің басы, жас туған қозы-лактар көрінісі бергендей болған. Әннің сарыны мүлдем баска еді. Әйткенмен Дарьяның көз алдына әнтек балалық шағы елес берген. Ойнақы ән миға тез дарыды. Бойды балкатып, жүректі бауралды.Тіршіліктің жалқы сәттік тәтті шағын сағынтып, құлақ түбін ойнақы ән қытықтады. Қыз даусы онша жуан



да, бөлендей жінішке де емес, жанға жағымды майда самалдай есті. Әсіресе, әннің қайырмасы тым ойнақы, екпіндеп соққан желдей ерке еді. Ән тағы құйқылжып, калықтай жөнелді.

Хиуаздың орындауындағы алғашқы ән де аяқталып еді. Дария орнынан ұшып тұрып, қуана қол шапалақтады. Қасында отырған Мария ханым да аузы әнтек ашылып, баладай мәз бола қалыпты. Полковник Трошкин де атакты ұшқыш әйелге бір бүйірлей келе

әлденелерді айтып жатыр... Қыз әні тыңдаушыларға бөлекше әсер еткен. Отырғандар дамыл-дамыл қол шапалақтап, Хиуаздың ән айтуын тіледі.

— Міне, ән деп осыны айт.

— Шіркіннің үні неткен таза, тұп-тура тау бұлағының дыбысындай сынғыр-сынғыр етеді.

— Қимылы мен үні қатар жарасып, сан құбылуын карашы.

— О, казак әнін тыңдағанның өзі бір бакыт екен ғой.

— Ән айтуда азиялықтар, оның ішінде казактар алдына жан салмайды.

— Ән кезегі казактарда, айтсын, айта берсін...

Әу бастағыдай емес, Хиуаз да еті қызып, бабына келіп алған еді. Бұл жолы тартынбады. Салған жерден «Дударайдан» бастады да, дамытып екетті. Өзі сүйіп айтатын, ен бір әсем сазды ән «Гайһар тасты» төгітіп өтті. Халық әні «Қамажай» да тыңдаушысын майдай ерітті. Бұдан кейін орындаған өзге әндері де ел құлағына майдай жакты. Қыз осы айтқаным да жеткілікті болар дегендей, жиылғандарға бас иіп, ізет көрсетті. Концерт те аяқталған. Топпты әскери адам Хиуазда өз арасына шақырып алып, қаумалай тіл қатты. Алғашқылардың бірі болып, хатшы әйел Хиуазды құшақтап алып, бетінен сүйді. Атакты ұшқыш М.Раскова да жас қызды бетінен аймалай сүйіп, ақ тілек тіледі. Қыз әнін тыңдағанда өзін академияның кен сарайында емес, басын мәңгілік қар бүркеген Алатаудың баурайында қызғалдақ пен еңлік гүлін теріп жүргендей сезінгенін айтып, Хиуаздың көңілін бір желпітiп тастады.

— О, кикар қыз, хош келдің, — деп дөнбектей біреу өзінің ыстық құшағын ашты. Ерекше ықыласпен қызды құшақтап,

Хиуаз

/Деректі хикаяттан үзінді/

мандайынан сүйді. Бұл бір кездегі өзінің алдын кес-кестеген полковник Трошкин еді.

— Армысыз полковник мырза, — деді Хиуаз, — сіздің алдыңызда ән салғаным үшін өзімді бакытты санаймын.

— Сенің әніңді тыңдағанымыз үшін біз де өзімізді бакытты санаймыз. Әйткенмен, — деп сәл күмілжіді де, артынша шешіле сөйлеп кетті, — сен қыз осы П.Чайковский не болмаса М.Луначарский атындағы оқу орнына барсан да болатын сияқты ғой. Сен өнерден де құр емес екенсің.

— Рахмет, полковник мырза, дейтұрғанмен де маған ұшақпен ушудың жөні бөлек. Біле білсеніз, ұшқыш болу ол менің сүйек сіңді арманым.

— Арманына жет қызым, мен саған шын ниетіммен тілеуестік білдіремін...

Полковник осыны айтты да, өз-өзінен күйбіндеп, қыбыжықтап қалды. Қыз әні әсер етті ме, әлде басқа нәрсеге көңілі бұзылған ба, кім білсін, әйтеуірі не болса да полковник жылаған секілді. Жанарына жас тұнып қалыпты...

— Рахмет, — деп қыз өзін қаумалаған жандарға шын ризашылығын білдірді, — сіздерге тек сәттілік қана тілеймін. Ал Отан үшін болып жатқан соғыстың біздің пайдамызға шешілетініне мен көміл сенемін. Әйткені, біздікі азаттық жолындағы соғыс. Қазақта «Аққа — құдай жак» деген қанатты сөз бар. Біздің ісіміз ақ. Оны көкте төңірі, жерде адамзат атаулы тегіс беледі. Біз жеңеміз...

Ертесі сағат ондар шамасында хатшы әйел мен Хиуаз Мария Раскованың қабылдауына жазылды.

— Күте тұрыңыздар, — деді хатшы қыз, — кәзір Мария Раскованың қолы бос емес. Бас штабпен сөйлесіп жатыр. Шамалы уақыттан кейін кіресіздер.

— Жаксы, — деді Дария Ивановна, — күтеміз. Сөйтті де Хиуазға бұрылды.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ



сондай еді. Бірақ өштен кеш жаксы деген, иншалла ойдағы ісім орындалды. Бір жасын мың болғыр, Мария Михайловна өзі араласты да, бағытымды түзеп берді. Қазақта «ашаршылықта жеген құйқаның ауыздан дәмi кетпейді» деген сөзі бар. Сол рас. Мен осы бір тар жол, тайғақ кешуде қол ұшын берген, қиналған шақта қолтығымнан демеген орыс әйелінің жасаған жаксылығын



еш қашан ұмытпақ емеспін. Және оның жарқын бейнесін де ғұмыр бойы жүрегімде сақтап өтпекпін.

Арада алты ай мерзім аттай шауып өте шықты. Саратовтағы ұшқыш-штурмандар даярлайтын әскери әуе оқу орнының даярлық курсы да артта қалды. Аталған оқу орнын жүзге шамалы курсанттар бітіріп шықты. Ұшқыш-штурман деген куәлік алатын шақ та келіп жеткен. Училище осы бір мерекелі сәтке қызу даярланды. Айналдықаран екі-үш күннің ішінде оқу мекемесінің іші-сырты әрі боялып,



әрі тазарып, мұздай болып, мөлдіреп шыға келді. Арғысы Мәскеу, бергісі тағы баскадай ірі қалалардан мәртебелі меймандар да келіп жеткен. Келгендердің ішінде әуе қорғаныс күштерінің генералдары мен коса, менің сүйікті Мария Михайловнам да бар еді. Кеш есте қаларлықтай аса қызықты өтті. Әрбір сөйлеушіден кейін сарай ішінде «Отан үшін!», «Ел үшін!» деген ұранды сөздер жаңғырығып кетті. Мария Раскова да сөйледі. Қажет болса, ол өз сөзінің арасында ұлттар достығын айта келе, менін де есімімді атап өтті.

— Отан соғысына күллі Кеңс халқы қатысып отыр, — деді ол өз сөзінде, — оның бір айқын мысалы ретінде мынаны айтуға болады. Осы ұшқыш-штурмандар курсын бітіргендер арасында қаршадай ғана казак қызы бар. Оралда орта мектепті алтын медалмен бітіріпті. Сонымен бірге аэроклубты да аяқтап шыққан куәлігі бар. Ол Хиваз немесе Катя деп аталады. Өткен жылы Мәскеугеі әскери — әуе академиясына құжат тапсырған екен. Әйткенмен, жолы болмапты. Содан сол қаладағы №1 медицина институтына түсіп, оның бірінші курсын тәмамдап шығыпты. Қажет болған жағдайда ол аталған оқуын тастап,

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАТТЫ ҚЫЗЫ» АТАНҒАН «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ», ТҰҢҒЫШ АСПАН СОҒЫСЫН БАҒЫНДЫРҒАН, ҰШҚЫШ- ШТУРМАН ХИУАЗ ДОСПАНОВАҒА АРНАЛАДЫ.

Мария Михайловна бір сәт үнсіз қалып, Хиуаздың бар құжатын қарап шықты да «Саратов қаласындағы әскери әуе күштері училищесіне жіберілсін» деп қол қойған еді. Хиуаздың қуанышында шек болмаған. Ол Мария Михайловнаға сан мәрте алғысын жаузырып, шексіз ризашылығын білдіреді. Бір сәтте арманы орындалғандай болып, әскери әуе күштерінің киімін киіп, сымдай болып тартылып шыға келеді. Жолдамасын құшақтап, аталған шаһарға аттанады. Саратов қаласындағы штурмандар даярлайтын арнайы курсты да сәтті аяқтайды. Таманскідегі №46 жер шарындағы тұңғыш қыз-келіншектерден құралған түнгі барлаушы-бомбылаушы әскери әуе полкына қабылданады. Бұл 1942 жыл еді.

«Ол бір естен кетпес, қияметі мол, ауыр шақ еді», — деп жазады қазақтың «Қанатты қызы» атанған Хиуаз Қайырқызы өзінің кейінгі жазған деректі естеліктерінің бірінде, — жаумен жағаласқандай болып жүріп, дегеніме де жеттім. Адам баласының өзі арман еткен нәрсесі қашан да өзінен алыс тұратын әдеті ғой. Ұшқыш болу да мен үшін қашан да өзінен алыс тұратын әдеті ғой. Бірақ өштен кеш жаксы деген, иншалла ойдағы ісім орындалды. Бір жасын мың болғыр, Мария Михайловна өзі араласты да, бағытымды түзеп берді. Қазақта «ашаршылықта жеген құйқаның ауыздан дәмi кетпейді» деген сөзі бар. Сол рас. Мен осы бір тар жол, тайғақ кешуде қол ұшын берген, қиналған шақта қолтығымнан демеген орыс әйелінің жасаған жаксылығын

ұрыс даласына санитар болып кетуге әзір отыр. Ал мен оның тілегін орындап, осы оқуға жібердім. Енді ол дап-дайын ұшқыш-штурман. Оның үстіне осы лектегі жалғыз мұсылман және казак қызы. Былайша айтқанда, көп бидайдың арасындағы жалғыз бидай деуге де келеді. Алатаудың ақ бас шыңдарынан арда ұшып келген көк қаршыға десе, тіптен жарасып кетеді. Ол жәй ұшқыш-штурман емес, тамаша өнер иесі, әнші. Өткендегі Мәскеу академиясында болған концерттегі орындаған әнін академия қызметкерлері күні бүгінге дейін аузының суы құрып, тамсана айтып жүр. Бәлкім, осы кештің концерттік бағдарламасынан оны да көріп қаларсыздар...Осындай өр де, өжет қыздарымыз тұрғанда біз сөзсіз жеңеміз. Жеңіс біздікі болады. Ура!

Зал іші тағы уралаған дауысқа толып, жаңғырығып кеткен. Бұдан кейін де өлденеше адамдар сөзге шықты. Партия, комсомол ұйымының жетекшілері де сөзден шет қалмады.

Бір сәтте кеш бағдарламасын жүргізушісі: — Сөз Саратов әскери әуе училищесінің курсанты Хиваз Доспановаға беріледі, — дегені. Шынымды айтсам, сасып қалдым. Бірақ сөйлемесе шаран жоқ.

— Күрметті жолдастар, және мен үшін аса мәртебелі Мария Михайловна, жаңадан жасакталған түнгі барлаушы-бомбылаушы полкының командирі Евдокия Бершанская, маған және осы отырған бөрімізге сенім білдіргендеріңіз үшін сіздерге көптен көп алғыс айтамын. Біз бәріміз жан-жақтан, тіпті алыс қнырдан осында жауды жеңу үшін жиналдык. Отан үшін, Ел үшін біз ештемеден де тайынбаймыз. Біз жеңеміз. Ура!», — деп сөзімді аяқтадым.

Кең сарай іші тағы жаңғырығып кетті... Артынан үлкен концерт болды. Мен «Майраның» әнінен бастап, тағы бірнеше халық әндерін нақышына келтіре орындап бердім. Бұл менің әскери сахнадағы орындаған алғашқы әндерім болатын. Кейін осы дәстүр жау жеңілгенше жалғасып жатты...

Дегенмен, әр ненін өз қиындығы бар ғой. Әйелдерден құралған әскери полкта сапка тұру оңайға түскен жоқ. Түрлі сынақтан өттік. Өзіміздің жеке басымызды әскери қалыпка келтірдік. Мраия Михайловнаның бұйрығы бойынша төгіліп, тізеге түсіп тұрған тоқпақтай бұрымды киюға тура келді. Аяқта керзі етік, үстімізге сұр киім киіп, жіптей болып тартылып шыға келдік.

Келесі күні Мария Раскова өзі бас болып, бізді №46 әскери полк құрамында салтанатты жағдайда соғысқа шығарып салды. Не керек, сонымен, біз үшін түнгі әуе соғысы басталды да кетті.

Қазақтың қанатты қызы Хиуаз Қайырқызы өзінің ең алғашқы түнгі барлаушы-бомбылаушы ретінде соғысқа қатынасқан сәті жазған деректі естеліктерінің бірінде былайша тебіренеді.

...Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Әйтсе де алғашқы әскери операцияға барғаным көз алдымда кеше ғана болғандай сайрап тұр. Даланы түн қараңғылығы жайлаған кез. Тағы да ұшып шыққан бетіміз еді. Нысанаға таяу келгенде ұшақтың моторы өшті де, жарық бергіш бомба тасталды. Жарық бергіш бомба тастай салып жарылмайды. Кемінде екі-үш минуттан кейін жарылады. Біз осы кезде ұшақтың моторын бірден от алдырып, биікке көтерілеміз де, қайта айналамыз. Біз



қайта беттегенде әлгі жарық бергіш бомбалар жарылады да, айнала жап-жарық болып кетеді. Біз бомбалайтын нысананы анық көріп үлгіреміз. Артынша ПО-2 ұшағын шынғыртып, қайта құділаймыз. Мотор үнін тағы өшіріп тастаймыз. Мотор өшше болды, қап-қараңғы аспаннан ештеме де көрінбейді. Сол арада бомбаларды көгеннен ағатып жібереміз де, моторға от беріп, маневр жасап, қиғаштай бұрылып, жалт беріп, қашып кетеміз. Жау жағының бізді «Түнгі мыстандар» дейтіні де содан. Звено командирі Е.Пескова екеуміз алғашқы әскери тапсырманы осылай аткардык. Қашанда сак отыратын жау әскері естерін жиып та үлгірмей қалатын. Неше мәрте бомбаланған даланың астан-кестені шығып жатады. Біз аққан жұлдыздай жарқ етіп, жер бауырлай ұшып, жоқ боламыз.

Алғашқы тапсырма осылайша сәтті орындалды. Бізді майдандас достарымыз қаумалап, қоршап алды. Біз олардың қошеметіне бөлендік. Әрі өзіміздің де осындай жауапты іске әзір екенімізді біліп, қатты қуандық...

Дәнеш АХМЕТҰЛЫ

АЛМАТЫДАҒЫ АЛТЫН ЖӘДІГЕРЛЕР

Алматыдағы мемлекеттік орталық музейдің ішіндегі жәдігерлер ерекше әсер етті. Әсіресе, ондағы алтын қордағы жәдігерлер көздің жауын алады. Мемлекеттік орталық музей директорының орынбасары Бабақұмар Қинаятұлы әрбір жәдігерлерді айрықша ықыласпен таныстырып, Моңғолиядан келген қонағымызға ерекше ілтипат білдірді.

Экспедиция аясында Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде тарих ғылымының докторы, профессор Әбдеш Төлеубаевпен ресми кездесу өткізілді. Кездесу барысында Моңғолия ғылым академиясының тарих және археология институты мен ҚазҰУ арасында әріптестік байланысты арттырып, тәжірибе бойынша студенттер алмасу мәселесі айтылды. PhD


жұмыс толық аяқталмағаны көрініп тұр. Бұған дала музейі деңгейіне жеткізу үшін ақпараттық мағлұматтар жазып ілу, артефактілер қою, жарық қою, әрлеп-сылау, әктеп-сырлау тағы басқа жұмыстарды жүзеге асыру керек.

Қайтар жолда Шыңғыс ханның ошақтасы атты ескерткішке соқтық. Айналыра қойылған менгір тастар қола дәуіріндегі Көк Тәңірге, аруақтары табыну, құрбандық шалу орны болғаны ап-анық көрініп тұр. Қола дәуірі ескерткіштерінің білікті маманы, археолог Төрбат Цагааны да бұл ойымызды қуаттап, пікір білдірді. Расында, қазанның бұттарындай болған тастардың ортасында от жағылғаны,

мал сүйектері табылғаны анықталған. Иә, Алтын емел жері ас өткізіп, аруақтарға құрмет көрсетілетін ертеде өте қасиетті орын болғанға ұқсайды. Тау баурайы, өзен жағасы, қыста қар қалың түспейтін ерекше қасиеті, Бесшатыр қорғандары осыны көрсетіп отыр. Кім білсін, осынау қасиетті жерді бір кездері Шыңғыс хан да баса-көктеп өтпей,

көз тундырады. Жол бойы түрлі аң-құстар кездесіп отырады. Жансерік жол бойы табиғи қорықта түрлі жан-жануарлармен қатар мұнда құланның бар екенін де айтып өтті. Олардың саны жыл сайын артып келеді екен.

Бесшатыр алыстан бес қорған тәрізді көрінеді. Бірақ жақындай түскенде сәк



Есік музейі

қорғандарының саны әлдеқайда көп екенін аңғарасыз. Біздің заманымызға дейінгі IV-V ғасырларға тән қорғандардың ішіндегі ең үлкенінің биіктігі — 17 метр, ал диаметрі 104 метр. Әлбетте, қорғандардың биіктігі мұнда жерленген тұлғаның дәрежесінің жоғары екендігін білдіреді. Тізбектелген қорғандардың айналасы көптеген менгір тастармен қоршалған. Бұл менгір тастарда әртүрлі аң-құстардың бейнелері, түрлі таңбалар қашалып салынған.

Сәк қорғандарында Қарабатыр бақсылық рәсім жасап, шаңқобызда музыкалық шығармалар ойнады. Ал



ТАҢБАЛЫ ТАС САПАРЫ

ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Алматы облысындағы Таңбалы тас ескерткіштеріне жол тарттық. Шетелдіктер қазақтың тарихқа деген құрметін бағаласын деген ниетте. Қазақтың қасиетті Мекке-Мәдінесі — ежелгі ескерткіштері орналасқан тарихи орындар ғой.

Таңбалы тас Алматыдан 170 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Таңбалыдағы қорықшы Нұрахан ағаның



Бесшатыр қорғандары

айтуынша, таңбалы ескерткіштеріне туристер тарту жолға қойылса, қорық іргесіндегі бір ауылды жұмыспен қамтитын бағыт іске қосылатыны айдан анық. Тарихи ескерткіш манайындағы елдің әртүрлі сала бойынша жұмыспен қамтылуын шетел сапарларымызда талай көзбен көріп жүрміз. Ескерткіш түбіндегі Қарабастау ауылында небәрі 20 отбасы тұрады екен. Осы 20 отбасын толықтай жұмыспен қаматамасыз етуге ескерткіштің тарихи құндылығы толық жетіп жатыр.

Таңбалы тас ескерткіштері ерте қола дәуірінен бастап темір дәуіріне дейінгі аралықтағы діни-мифологиялық, тұрмыс-тіршілік көріністерінен хабар береді. Мұнда Көк Тәңірі мен киелі рухтарға тағзым жасалып, ас берілгені, жерлеу рәсімдері және тағы басқа маңызды жоралғылар өткізілгені археологиялық тұрғыдан дәлелденген. Дегенмен, ескерткіштердің тоза бастағаны байқалады. Оны қорғап, сақтап, болашақ ұрпаққа қалдыру мәселесімен ерте бастан шұғылдануымыз керек. Өйткені, ескерткіштерге жауын да, жел де, күн де зиян шектіреді.

Таңбалыда қос киіз үй тігіліпті. Ішінде ескерткіш туралы кітаптар сатылады. Қазақтың ұлттық жиназдары мен әртүрлі жәдігерлерін көруге болады. Игі бастамаға қуанып қалдық. Енді ұлттық сусындар мен тағамдар, жалға алып мінуге арналған жылқы, киіз үйдің ішінде жайғасып отыруға еден (немесе киіз төселіп) жатса, тіпті қатып кетер еді. Ескерткішті жүйелі насихаттайтын орталық құрылып, халықпен, туристік компаниялармен жүйелі жұмыс жасалса ғой деп ойладық.

БЕСШАТЫР ҚОРҒАНДАРЫ

Екінші күні Капшағай су қоймасының маңындағы Тамғалы таста туларымызды желбіреттік. Су жағасындағы биік жарқабақ көркем көрініс сыйласа, Іленің арғы бетінен «Көшпенділер» фильмі үшін әзірленген қорғандар да тарихи орынға сән бере түседі. Буддалық суреттері бар тарихи нысан болашақта туризмді дамытуға өте қолайлы орын екені анық. Мұнда XVIII ғасырдағы Жонғар шапқыншылығы кезінде уақытша мекендеген жонғарлар

буддалардың бейнелерін тасқа қашап салып, табыну орнына айналдырған көрінеді. Ал «Қыз Жібек» фильмін түсіру кезінде салынған қазақ руларының таңбаларын да бүгінде тарихи ескерткіш қатарына жатқызуға болады.

Экспедиция мүшелері Тамғалыдан шығып «Алтын емел» ұлттық табиғи паркіне қарай жол тарттық. Біз «Алтын емелдегі» Басши ауылына жеткенше қас қарайып, кеш бола бастады. Онда қонақтар қондыруға арналған әп-әдемі киіз үйлер тігілген екен. Туристік бағыттағы тың бастама бәрімізді қуантты. Сол себепті де, ақысын төлеп киіз үйге қонып шықтық. Өзіміздің киіз үйді тулармен безендіріп, естелік болсын деп суретке түстік. «Қазақ-монғол достығы жасай берсін!» деп мәз-мейрам болыстық.

«Алтын емел» ұлттық табиғи паркінің бас директоры Халық Баяділов бізді өз кабинетінде қабылдап, «Алтын емел» жайында кітаптар сыйлады. Ертесіне Жансерік есімді гид-таныстырушының жетекшілігімен Бесшатырға қарай жол жүрдік. Табиғи парктің сұлулығы



Киелі ағаш

Жасулан Наурызәлиев дәл мұндай сұлу тарихи орынды көрмеген ол айрықша әсерлі көрініске шексіз сүйсініп, қуанышы қойнына сыймай, әрбір қоранның басына бір көтеріліп, қолды-аякқа тұрмай жүгіріп жүрді.

Бесшатырды ең алғаш ғылыми тұрғыда Кемал Ақышев зерттеген екен. Бірақ ол көптеген қорғандардың зерттелуін кейінгі ұрпақтың еншісіне қалдырған. Өйткені, ол кісі уақыт өткен сайын зерттеудің технологиялық мүмкіндіктерінің артатынын түсінсе керек. Бір қорғанға реконструкция жасалып, музей жасау әрекеті қолға алыныпты. Бетонмен қорған төбесіне көтерілетін баспалдақ жасалып, сосын ішіне енетін есік, ішкі жайдың көріністерін қалыпта келтіріп, жерлеу орнының байырғы қалпын көрсетуге сәтті талпыныс жасалған екен. Алайда

құрбандық шалып, аруақтарға тағзым жасаған болар... Менгір тастардың Шыңғыс ханның қазандығы атануы бәлкім, содан да шығар.

ЕСІК МУЗЕЙІ

Есік қорғандарынан да біз осындай сұлулықты, табиғатпен көмкерілген көріністі көреміз. Белгілі археологтар Кемал Ақышев пен Бекен Нұрмұхамедов анықтаған Алтын адам қазақтың қана емес, күллі көшпелі халықтардың мақтанышына айналып отыр. Шетелдік қонағымыз Төрбат Цагааны шағын ғана Есік музейінің жұмысы мен жәдігерлеріне дән разы болды. Аң стиліндегі Алтын адам киімінің әрбір бөлігі көне дәуір дүниетанымынан сыр шертетіндігі кімді болса да қайран қалдырады. Мұнда кейінгі кезде Қазақстан

докторы, профессор Төрбат Цагааны қазақ жерінде мақтануға тұрарлық ескерткіштердің көптігін айтып, оларды бірлесіп зерттеуге қызығушылық танытты. Ол Моңғолиядағы жоғары деңгейдегі элиталық ескерткіштер мен



Таңбалы тас

ғұрыптық кешендерді қазақ студенттерінің көру керектігін де сөз етті.

Сондай-ақ экспедиция қатысушылары Қырым Алтынбековтің «Қырым аралы» реставрациялық орталығында болып, баға жетпес құнды экспонаттардың қалай қалпына келтіретіндігін өз көздерімен көрді. Қырым Алтынбеков іске кіріспес бұрын өз объектісін өбден зерттеп, көптеген тарихи материалдарды оқып барып жұмыс бастайтындығы таудай болып үйіліп жатқан кітаптардан аңғарылады. Қырым аға өз тәжірибесімен туысқан монғолиялық әріптестерімен тегін бөлісуге әзір екендігін жеткізді. Бүгінде Қырым Алтынбековтің жәдігерлерді қалыпта кетіру әдіс-тәсілдері мен жаңа технологиялық мүмкіндіктері әлемдік деңгейде сұранысқа ие екенін айта кеткен жөн. Өйткені, осы күні Қырым Алтынбековтің зертханасынан тәжірибе өтіп, өз білімдерін арттыруға ынталы шетелдіктердің көп екені мәлім. Ал біз өзіміз осындай ардақтыларымызды бағалай алып отырмыз ба?

ТҮЙІН:

Бұл Моңғолияның Тарих және археология институтымен бірлесіп жүзеге асырған шағын экспедиция болашақта жүзеге асар үлкен, ауқымды экспедициялар мен конференциялардың басы екені анық. Қола және ерте темір дәуірі бөлімінің жетекшісі, PhD доктор, профессор Төрбат Цагаанымен әріптестік жоспарлар құрылып, алдағы жылдарға бірлескен жобалар әзірленді. Көшпелі ұлы империяларды бірлесіп құрған қазақ пен моңғол ежелден туыс халықтар. Бірақ туыстарды әр кез бөлектеп, бір-біріне қас, жау етуге тырысушы сыртқы күштердің бар екенін ұмытпауымыз керек. Кейінгі кезде осы сыртқы күштер біздің достығымызға нұсқан келтіруде. Қаны мен жаны, тұрмысы мен салты бір моңғол ағайындармен татулығымыз мәңгілік болсын!

Арман ӘУБӘКІР,
PhD докторант



Таңбалы тас

14 КӨК САНДЫҚ

www.jasqazaq.kz

Жас казак: Ринат мырза, ассалаумағалейкум! Сізді бұрыннан журналист, тележүргізуші ретінде жақсы білеміз. Жуырда қызметіңіз өсіп, «Хабар» агенттігі төрайымының орынбасары атандыңыз. Құттықтаймыз!

Ринат Кертәев: Көп рахмет! **Жас казак:** Ринат Думанұлы, соңғы уақыттары «Хабар» агенттігінде жаналық көп. «24 kz» телеарнасының атауы өзгерді. Бұл өзгеріс немен байланысты?

Ринат Кертәев: «Хабар» агенттігі еліміздегі ең үлкен үш арнаның басын тоғыстыратын алпауыт телеотбасы. Біздің барлық қадамымыз ұзақ және тынғылықты дайындықтан кейін жасалады. Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің тапсырмасымен осы жылдан бастап агенттікте трансформация жүріп жатыр. Мұның барлығы да жұмыс деңгейін жоғарылату, қызметкерлердің біліктілігін арттыру. Ең бастысы, көзі қаракты көрерменге сапалы өнім беру. Осы трансформация аясында «24 KZ» арнасының атауы «Хабар 24» деп ауыстырылды. Мұнымен «24 KZ» телеарнасының «Хабар» агенттігінде өзіндік орны бар. Телеотбасының құрамында екенін білдіргіміз келді. Жалпы жана маусымда арнада ребрендинг жүргізіліп, студиялар жанартылды. Сондай-ақ интернет қолданушылары үшін «Хабар 24» сайтына өзгертулер енгізіліп, қолдануға ынғайлы және жаналықтарды іздеуге жеңіл етіп жасалды.

Жас казак: «Kazakh TV» телеарнасы мен «Білім және мәдениет» телеарнасы бірікті. «Казак» атауын иемденген телеарнада қандай жанашылдықтар бар?

Ринат Кертәев: Аталған трансформация аясындағы ең күрделі шешімдердің бірі — осы екі арнаның бірігуі. «Kazakh TV» құрылған күннен бастап дүниежүзі алдындағы Қазақстанның он келбетін қалыпастыру, мәртебесін көтеруді, сондай-ақ әлемдегі орны мен беделін нығайтуды басты нысаны етіп ұстанды. Сол уақыттан бері біздің тілшілер елдегі елеулі оқиғалар мен қызықты ақпаратты жаһанға таратып, еліміз бен қатар шет мемлекеттердің ең маңызды жаналықтармен ақпараттандырып отырды. Телеарна ешқашанда осы бағытынан жанылған емес. Жана маусымда жаналықтарды азайтып, Ұлы даламыздың бай мәдениеті, әдебиеті мен өнерін әлемге танытатын бағдарламаларды көбейттік. Себебі «Kazakh TV» арнасының көмегімен шеттегі көрермен мемлекетіміз туралы көбірек білсе, қазыналы өлкемізде экономика, бизнес үшін қолайлы екенін түсінсе, ал сырттағы қандастарымыз болса туып-өскен жерінің қаншалықты бай, табиғатының сұлу, отандастарының күнделікті тыныс-тіршілігімен қоса, елімізді жана қырынан таныса дейміз. Ең бастысы, арнадағы материал шетелдік көрерменге де, өзіміздің жерлестерімізге де қызықты болады. Яғни біз әмбебап контент әзірлеудеміз. Телеарна Еуропаға «HotBird 13B», Азияға «AsiaSat 5» және Солтүстік Америкаға «Galaxy 19» жерсеріктерінің көмегімен, бүгінде 118 мемлекетке тарайды.

Сонымен бірге осы маусымда телеарна эфирі жанаша безендіріліп, логотип өзгерді.



Жана логотипте дала қыраны бейнеленген. Біз үшін қыраның орны ерекше. Өздеріңіз білетіндей, қанатын жайған қыран көк туымызда да бар. Бұл — еркіндік сүйгіш еліміздің асқар рухын, казак халқының жан-дүниесінің кендігін паш етеді. Сондықтан логотипке осы қасиетті құстың енгізілуі маңызды болып көрінді. «Kazakh TV» сөзі көне түркілердің руна жазуымен жазылды.

Жас казак: Екі телеарнаны бір бағытка келтіру қаншалықты оңай болды?

Қызметкерлер саны қысқарған жоқ па?

Ринат Кертәев: Жоғарыда айтқанымдай кез келген өзгеріс ұзақ дайындықпен жасалады. Екі арнаны біріктіру оңай болды десем артық айтқан болар едім. Дегенмен «Kazakh TV» мен «Білім және мәдениет» арналарының контенті ұқсас, яғни екі арнада да мәдени-тарихи хабарлар көрсетіледі. Сондықтан екеуінің бағыты жақын, болашақта көрсетілетін жобалардың барлығы дерлік мәдени-танымдық болады.

«Хабар» агенттігі агенттіктің қарқынды өсіп-өркендеуі үшін аянбай еңбек ететін әр қызметкерін бағалайды және олардың әрқайсысы үшін жауапкершілікті сезінеміз. Сол себепті қызметкерлеріміздің барлығы агенттікте жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар «Білім және мәдениет» арнасындағы маңызды бағдарламалар «Kazakh TV»-да жалғасуда. Кейбір жобалар «Хабар» телеарнасында көрсетіледі. Сәйкесінше бұл хабарлардың қызметкерлері толығымен сол арналарға ауысты.

«Қазіргідей ғаламдық ақпараттық кеңістікте шығармашылық ой мен жобалардың ұқсастығы, қайталануы заңды құбылыс сияқты. Мұндай жағдайлар тек телевизия саласында

ғана емес, өнер, мәдениет, әдебиетте де орын алады. Мысалы, кеменгер Абайдың «Қара сөздері» мен парсы ойшылы Кейқаустың «Қабуснамасында» ұқсастық кездеседі. Ал «Қабуснама» мың жыл бұрын жазылған шығарма екенін ескерсек, ғұламалардың ойы үндесіп жатады деуге болады». Жуырда ғана «Хабар» агенттігі төрайымының орынбасары қызметіне тағайындалған Ринат Думанұлымен сұхбаттасқанымызда осындай ой білдірді. Бұдан бөлек «Хабар» агенттігінің құрамына кіретін бірқатар телеарналарда болып жатқан өзгерістер туралы да сөз қозғаты.

Ринат КЕРТАЕВ:

Телевизия тәрбие мен идеология құралы

Жас казак: Бұл телеарна спутниктік желі арқылы әлемнің 118 еліне тарайтынын айтып кеттіңіз. Шетелдік көрермендерді жана маусымда қандай тележобалармен танқалдырасыздар? Жалпы елімізбен шетелге бірдей бағдарлама көрсетіле ме?

Ринат Кертәев: «Kazakh TV» — бүкіләлемге тарайтын әмбебап арна. Бағдарламалар барлық жастағы көрерменге қызықты болуын ескереміз. Ең бастысы — сапасы мен эфирде не көрсетіліп жатқандығы маңызды. Елімізді шет мемлекеттерге танытатын бірден-бір имидждік арна ретінде, сонымен бірге еліміздің бет-бейнесі болғандықтан, ұсақ-түйектің өзі рөл атқарады. Көрермен эфирден казак халқының кешегісі мен бүгіні, келешегіне қатысты қызықты мағлұмат табатыны анық. Тарих қойнауынан сыр шерткен сан алуан деректерді, казак елін, ұлттық құндылықтарымыз бен мәдени-рухани жәдігерлерімізді, сондай-ақ ұлы тұлғаларымызды әлем жұртшылығына танытуға жұмыс істеудеміз. «Ұлы дала құпиялары», «Түркі әлемі», «Көнеден қалған із», «Аңыз әңгімелер» сынды деректі сериалдар тізбесінде Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы бойынша қызықты деректер қамтылуда. Казак даласының қиындыққа толы өмірі, жаугершілік заман, көшпенділердің сап түзеуі, киім-кешектері мен әскери жабдықтарының үлгісі заманауи компьютерлік графиканың көмегімен шынайы, оқиға

жауапқа тартылды. Бұл бағдарлама ашылған екі айдың ішіндегі жағдай.

Көрермен үшін ойын-сауықтық бағдарламаларды да ұмытқан жоқпыз. Өткен жылы рейтингі жоғары болған «Ду-думан», «Кызык TIMES», «Бенефис-шоу» жалғасын табады. Шоу бизнес өкілдерінің шамбайына тиіп, сан алуан сұрақтың астына алатын «Компромат» атты жана ток-шоуды аудитория жақсы қабылдады.



Көрсетілімнің рейтингісі — 2,3 %, ал үлесі — 19,9 % болды (*TNS Central Asia мәліметтері бойынша*). Бұл өте жоғары көрсеткіш. Ал Тәуелсіздіктің торқалы тойына дайындығымыз одан да жоғары. Бабаларымыз сан ғасыр аңсаған азаттыққа тура — 25 жыл. Менің ойымша, бұл — ұлттық мереке, сол себепті еліміздің басты арнасында дүркіретіп тойлау заңды болмақ. Атаулы мейрамға орай күздің алғашқы айынан бастап «Экспедиция 25» көліктегі экспедициялық бағдарламасы эфирге шықты. 108 күнге ұласқан саяхатта экспедицияшылар республикамыздың 14 облысын аралап, шалғайдағы елді мекендерді көрді. Жоба барысында көрермен бұрын-сонды көрмеген өңірлерді аралап, өлкеміз туралы тың мәліметтер біліп қайтты. Бағдарламаны көрген соң ішкі туризм дамып, еліміздің көрікті жерлеріне барғысы келетін жандардың саны артты деп ойлаймын.

Ерекше айтып кететін жобалардың бірі «Пай-пай, 25». Хабар барысында студия қонақтары ширек ғасырдағы жетістіктерімізге шолу жасап, мемлекетіміздің бүгіні мен болашағы туралы ой толғайды. 25 жылда жеткен табыстарымыз бен жетістіктеріміз, халықаралық аренадағы экономикалық және саяси жағдайымыз қандай, әлем алдындағы беделіміз, ел мәртебесі, мұның бәрі бағдарламада сөз болады. Көрермен өткен күндерін сағынышпен еске алып, ерекше әсерге бөленеді. Сонымен қатар бұрын-сонды еш жерде айтылмаған естеліктер, қызықты деректер де жобаның құндылығын арттыра түскендей.

Одан бөлек «Тәуелсіздік толғауы», орыс тілінде «Код нации» сынды деректі фильмдер мен ток-шоулар әзірленуде. Бұл бағдарламалардың барлығы жыл соңына дейін эфирге шығады деп жоспарланып отыр. Дегенмен бұл келесі жылы Тәуелсіздікке байланысты ешқандай хабар көрсетілмейді деген сөз емес. Келешекте де ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайтын, ел тарихындағы елеулі оқиғаларға байланысты бағдарламалардың легі жалғаса береді.

Эфирде болатын бағдарламалардың барлығы «Тәуелсіздік күніне» орай арнайы хабарлар әзірлейді. Сонымен бірге мерекелік бейнебаяндар мен роликтер дайындалуда.

Жас казак: Кейінгі кезде «казактілді бағдарламалар Ресейден айнұтпай көшірілген» деген сын жиі айтылады. Бұл мәселе қалай шешіліп жатыр?

Ринат Кертәев: Бұл пікірмен келіспеймін. Егер еліміздегі телеарналардың кез келгені Ресейдің бағдарламаларын көшіріп, рұқсатсыз өз эфирінен шығарып жатса, авторлық құқықты бұзу болады. Бұл әрекеті үшін заң алдында жауапқа тартылады. Мұны біздің әріптестеріміздің барлығы біледі. Ал енді әлемнің көптеген елінде табысқа жетіп, бірнеше жыл рейтингі жоғары болған жобалар эфирден көрсетілсе, мұны казакстандық нұсқасы деп түсінген жан болар. Себебі ол бағдарламаларды арнамызда көрсету үшін ұзақ келіссөздер жүргізіледі, барлық құқықтардың қорғалуын да ескереміз. Мұндай тәжірибе сол Ресейде де бар. Мысалы, «Вечерный Ургант», «Х Фактор», «Танцы», «Голос» сынды көптеген хабарлар Америкадан немесе Еуропадан алынған.

Казір «Хабар» телеарнасында жүріп жатқан «Биле, Казакстан!» соның айқын дәлелі. Кателеспесем, шоу алғаш рет 2005 жылы Америка Құрама Штаттарында «So You Think

You Can Dance» деген атаумен көрсетіліп, бүгінгі күні 10-нан астам «Эмми» сыйлығын алған. Біздің мемлекетімізден өзге әлемнің 37-ден астам мемлекетінде ұйымдастырылған байқау көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сол себепті болар байқауға қатысуға ниет білдіргендердің саны өте көп, олардың жас ерекшелігі де әртүрлі. Шоу эфирге шыққан күннен бастап көрерменні өзіне баурап алды. Әрбір алтыншы адам осы жобаны көру үшін теледидарын қосады екен.

Көрсетілімнің рейтингісі — 2,8 %, ал үлесі — 16,3 % болды (*TNS Central Asia мәліметтері бойынша*).

Ал енді, кейбір хабарлардың ұқсас болып келуіне қатысты, қазіргідей ғаламдық ақпараттық кеңістікте шығармашылық ой мен жобалардың ұқсастығы, қайталануы заңды құбылыс сияқты. Мұндай жағдайлар тек телевизия саласында ғана емес, өнер, мәдениет, әдебиетте де орын алады. Мысалы, кеменгер Абайдың «Қара сөздері» мен парсы ойшылы Кейқаустың «Қабуснамасында» ұқсастық кездеседі. Ал «Қабуснама» мың жыл бұрын жазылған шығарма екенін ескерсек, ғұламалардың ойы үндесіп жатады деуге болады.

Ерекше атап өткім келетін мәселе, «Хабар» агенттігі төл өнімдер өндіретін алдыңғы қатарлы медиахолдинг. Бізде көрсетілетін «Ду-думан», «Бенефис шоу», бұған дейінгі «Жігіт Сұлтаны», «Жұлдыздар



айтысалаы» сынды көптеген бағдарламалардың әлем бойынша аналогы жоқ. Бұл хабарлардың барлығы біздің шығармашылық ұжымның еңбегі. Сол себепті алдағы уақытта біз аталған жобаларға автор ретінде өзімізді бекітіп, көршілес елдер мен түркі тілдес мемлекеттерге сатуды жоспарлап отырмыз.

Жас казак: «Хабар» агенттігінің мемлекет тарапынан қаржыландыратыны белгілі. Жуырда «Қазақстан» телеарнасының басшылығы жана маусымының тұсаукесерін өткізіп, табыс тапқанын айтты. Сіздердегі жағдай қалай?

Ринат Кертәев: «Хабар» агенттігі өзіне жүктелген ақпараттық міндетті — мемлекет саясатын елге тиісті дәрежеде жеткізу миссиясын орындап отыр. Қазақстанның кез келген азаматы, «Елімізде не болып жатыр?» деген ақпаратты қолына пульт алып, біздің арналарды қосса, сол сәтте-ақ біле алады. Мысалы, «Хабар 24» арнасында әлемдегі және елдегі жаналықтар әр жарты сағат сайын көрсетіледі. Шетелде жүріп, ақпарат алғысы келсе, спутниктік арнамыз қызмет етуде. Сонымен қатар ғаламтордағы сайтымыз арқылы да жан-жақты мәліметке, арналарымыздан көрсетілген бағдарламалар мен фильмдерге қол жеткізуге болады.

«Телевизия — тәрбие мен идеология құралы». Сол себепті біздің мақсатымыз пайда табу емес, тарихи-мәдени құндылықтарымыз бен жәдігерлерімізді насихаттау, ұлттық идеяларға бастайтын арнайы хабарлар, деректі фильмдер арқылы жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу, сонымен қатар бәсекетге қабілетті ақпарат құралы ретіндегі қызметімізді жалғастыру. Ал жарнамадан табыс түседі,



алайда оның көлемінің маңызы жоқ. Түскен соманы біз телеарнаның техникалық жабдықтарын, көлік, отырған ғұмаратымыздың жалға алу құнын төлеу үшін жұмсаймыз. Мемлекеттің қаржысы толықтай контентке жұмсалады.

Жас казак: Сериал түсіру үрдісін күшейттіңіздер. Бұл өте қомақты қаражатты талап етеді. Сапасы, ұлттық құндылықты насихаттау қаншалықты ескеріліп жатыр?

Ринат Кертәев: Осыдан бірнеше жыл бұрын мемлекеттік арналарға отандық телесериал нарығын дамыту жөнінде тапсырма берілді. Сол уақыттан бері агенттік аталған тапсырманы бұлжытпай орындап, жыл сайын оннан аса картина ұсынып келеді. Елде алғаш рет тау тұлғаларымызға қатысты тарихи сериалдар түсіре бастаған біздің агенттік екенін де ерекше атағым келеді. «Хабардың» бастамасымен түсірілген «Бауыржан Момышұлы» фильмі Севастополь қаласында өткен халықаралық байқауда тарихи туындылардың ішінде лауреат атанды. Сонымен қатар «Қазақтың бұлбулы» атанған Күләш Байсейітова туралы «Күләш», казактың әйгілі күйші композиторы, дәулескер домбырашысы атанған Нұрғиса Тілендиев хақында «Құстар әні» көрерменнің көзайымы атанды. Ал жыл соңына қарай «Қазак вальсінің королі» атанған Шәмші Қалдаяқов жайлы 4 бөлімді драма көрсетіледі. Казіргі таңда түсірілім басталып кетті.

Күзгі маусымнан бастап көрермен жаңадан түсірілген екі сериалды тамашалап үлгерді. Алғашқысы Баян Есентаеваның продюсерлігімен түсірілген «Өгей жүрек» туындысы. Картинада ең өзекті мәселелердің бірі — жетім балалардың тағдыры суреттеледі. Менің ойымша, тап қазіргі уақытта аталған тақырыпты жиі қозғау керек сияқты. Өйткені көкек аналар көбейіп, балалар ата-анасыз өсуде. Сол себепті болар 12 бөлімнен



тұратын телехикаа көрермен тарапынан үлкен талқыға түсіп, жақсы бағасын алды. Әлеуметтік желілерде жалғасын сұраушылар да жетіп артылады. Одан кейін Тәуелсіздікке тарту ретінде «Ақылдың кілті. Өмірдастан» телефеопесасының екінші маусымын көрсеттік. Абайдың ғаклиясына негізделген тарихи драма 19-20 ғасырлардағы казактың бастан өткерген тауқыметті тағдырын баяндайды. Қараша айының соңына қарай «Унесенные рейсом» комедиялық сериалын ұсынамыз. Телеөнім пойызда қызмет ететін жолсеріктердің қызыққа толы қызметін арқау етеді. Сондай-ақ өткен жылы рейтингі жағынан алға шыққан «Бәсеке» сериалының жалғасы жоспарлануда. Жыл соңына қарай «Боксшылар» туралы картина да жарыққа шығады.

Осы қадамымыз арқылы бір жағы көрермен сұранысын өтесек, бір жағы отандық сериалдардың сапасын шетелдік өнімдермен теңестіретілік сәтті қадамдар жасалық.

Жас казак: Соңғы сұрақты жеке өзіңізге қойсақ. Кателеспесем, тележурналистикадағы алғашқы қадамыңыз осы «Хабар» телеарнасынан басталды. Микрофон ұстаған журналистен, басшылық қызметке дейін өстіңіз. Сіз жалпы «Хабар» телеарнасыңыз өміріңізді елестете аласыз ба?

Ринат Кертәев: Журналист деген — басылымнан бастап, телерадио да жұмыс істеуге қашанда әзір болуы керек. Менің қызметтік жолым ауандық газеттен басталды, кейін қалалық телерадиода шыңдала түстім. «Хабар» агенттігіне алғаш рет осыдан он бес жыл бұрын, яғни 2-курс оқып жүрген кезімде келіпін. Содан бері қарапайым тілші, редактор, продюсер, бас продюсер, арна директоры, қазір Агенттік төрайымының орынбасары лауазымына дейін өстім. Біздің ұжым қашанда ұрпақтар сабақтастығына баса мән берді. Болашақта да осы игі үрдіс жалғасын табады деген ойдамын. Келешекте не болар кім білсін, бірақ «Хабар» агенттігі менің өкілім отбасым.

Осыдан 25 жыл бұрын біздер өзінің Астанасы бар жеке, тәуелсіз, азат мемлекетте өмір сүреміз деп ойладық па? Біздің жастарымыз «Болашақ» бағдарламасы немесе өз күштерімен әлемнің озық жоғары оқу орындарында білім алуды армандады ма? Білмеймін. Бірақ бүгінгі күні біз сол мақсаттарға қол жеткіздік, ширек ғасырда үлкен белестерді бағындырып, бейбіт, тұрақты мемлекетке айналдық және ең маңыздысы біз, біздің балаларымыз мәдениетті дамыған, өркениетті елде өмір сүруде. Осы уақыт аралығындағы біздің басты байлығымыз бірлігіміз бен тыныштығымыз. Мұны қадірлей білу керек. Біздің болашағымыз бірлікте! Тәуелсіздігіміз баянды болсын! 23 жылда жеткен жетістіктерімізді дәл қазір айту қиын, дегенмен бірнеше ғасырдан кейін дамыған елдің білімді, ұлт жанды жастары оның бағасын береді деген сенімдімін. Әрбір азамат қолынан келгенше егемендігімізге үлес қосып, Тәуелсіздікке тарту жасауы керек.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Екі жылдан соң қыр астында Олимпиада бар екенін ескерсек, осы бастан етек-жеңімізді жинап жатқанымыз қуантады. Әуелі, апта ортасында Роман Креч жүзден жүйрік атанды. Қытайға барып, әлем кубогі додасында 500 метрге қашықтыққа жарысқан конькишіміз мәрені бірінші кесіп өте шықты. Харбиннен сүйінші хабар сыйлаған Роман, осы қашықтықта жеңіп һәм рекордты да еншілеген орыс Кулижниковтың өзін қапы қалдырды. Креч 500 метрді 35,07 секундта бағындырса, екінші орынды ресейлік Павел Кулижников алып, үздік үштікті голландиялық Кай Фербай түйіндеді.

Жалпы, Креч әлемдік сындарда олжа салып, күллі әлемді жүйріктігімен сүйсінткен спортшылардың қатарынан емес. Ең жоғарғы жетістігі Сочи Олимпиадасындағы 500 метр қашықтықтағы 7-орын. Әйтсе де Романның осы жолғы әлем кубогі бәсекесінде шашасына шаң жұқтырмауы, 21 жылдан бері шаң басып қалған тарихты жаналағанын да ескерген жөн. Соңғы рет біздің коньки байлаған өрендер 21 жыл бұрын әлем кубогі кезеңінде жүлдеге қол созыпты. Бұл — 1995 жылы Давоста алтын алған Вадим Шахшакбаев. Енді Романның жүлдесі зарықтырмай жаналанып отырады деген үміт бар. Біздің спортшылар Қытайдан соң Наганоға аттанып, әлем кубогінің кезекті кезеңінде бақ сынаиды. Одан соң Астана мен Херенвендегі дода бар. Ал келер жылдың басында өтетін Алматыдағы Универсиадада еліміздің атынан 24 конькиші қатыспақ.

Сочи Олимпиадасындағы қоладан соң жүлдеге қолы жетпей жүрген Денис Тен мұзайдыңа қайта оралды. Құр оралып ғана қойған жоқ, күллі әлемді өзіне қаратып,



Роман Креч

додада жапон спортшысымен соқтығысып қаламын деп, соны қып-қызыл дауға ұласа жаздағаны әмбеге аян. Енді бойындағы психологиялық және физиологиялық кедергілерді сылып алып тастаған спортшымыз, тауық жылын табысты бастаса деген үміт оты маздайды.



Денис Тен

Суық қарашаны жылы еткен тағы бір жаңалық шорт-тректен алған алтын. Алтын дегенге қуанғаныңызды біліп отырмыз. Бірақ шорт-тректің не екенін ұғына қоймаған болуыңыз әбден мүмкін. Бұл да коньки спортының бір түрі. Спортшылар жекелей де, эстафеталық сында да жарыса береді. Әдеттегі коньки аланындай сала құлаш кең аланқай мұнда жоқ. Спортшылар 8 метр ішкі радиуста бұрылып жарысады. Ал айналма жолдың арасы 28,85 метрді құрайды. Коньки киген желаяқтар сағат тіліне қарсы бағытта

жарыстардан жүлде тере алмай жүргенде, бұл бәсекеден медаль еншілеу әй қиын-ау деп, түсіністікпен қарап келгенбіз. Бірақ, соңғы кездері қайта-қайта алға озған бір топ жастың қарқыны көзге түсіп, ауық-ауық назарымызды бұра берген еді... Бекер емес екен. Абзал Әжіғалиев шорт-тректен АҚШ-та алтын



Абзал Әжіғалиев

алып, айды аспанға шығарды. Қуанышты жаңалық Солт-Лейк-Сити шаһарынан жетті. 500 метрге жарысқан Абзал әлем кубогі этапында қарсыластарын шаң қаптырып кетті. Айтпақшы, Абзалдың алтын жүлдені өңірінде жарқыратуына өзінің жылдамдығы ғана емес,

Қысқы спорт түрлері: Жетістігіміз жетерлік



тамсанып, таңдай қактырып күміс еншіледі. Парижде өткен Гран-приде бақ сынаған Денис Теннің өнеріне риза болған көрермендер, казакстандық спортшыға тікесінен тік тұрып қол соғыпты. Бірақ талантты мәнерлеп сырғанаушымыздың алдын екі дүркін әлем чемпионы испан баласы Хавьер Фернандес орап кеткен.

Отандасымыз қысқа және еркін бағдарламаның қорытындысы бойынша 269,26 балл жинаған. Ал жеңімпаз 285,38 ұпай өңгерген. Үшінші орын алған АҚШ спортшысы Адам Риппонның қоржынында 267,53 балл бар. Жалпы, бұл жарыс Теннің биылдыққа қатысып тұрған тұңғыш сайысы деуге болады. Қыркүйекте Братиславадағы, қазанда Гран-при сайысынан тыс қалған Денис жыл бітуге тақағанда жылы жаңалық сыйлап отыр. Оның мұзайдында ойқастай алмауына жыл басында алған жаракаты себеп болған еді. Одан соң Бостондағы әлемдік

мәреге ұмтылуы шарт. Спорттың бұл түрінде құлап қалу, жарыс жолынан шығып қалу қаупі тым жоғары. Аса жылдам әрі тыңғылықты



сайыса білуді талап етеді. Ұзын арқан, кен тұсау спорт бәсекесі мен көсіле шабатын



канадалық қарсыласының соңғы айналымда омакаса құлағаны себеп болыпты... Мейлі ғой, ең бастысы, жүлде емес пе? Сумюл Жирардың құлағанына қарап қалмаппыз. Абзалдың жүлдесі мұнымен де түгесілмейді. Топтық

коньки спортында осы Нидерланды елінің өкілдерінің айы оныан туып тұрғанын ескерсек, бұл дұрыс таңдау болды деуге негіз бар. Қазақстан құрамасы тәуелсіз ел ретінде 6 Олимпиадаға қатысты. Сондағы жиғанымыз — 1 алтын, 3 күміс, 3 қола. Барлығы 7 жүлде. Ал мұндай жүлдені 2-3 есе еселеп жіберіп, Норвегия, Голландия деген алпауыттар бір жарыста-ақ жиып алады. Қақаған қысы мен ақшанқан аязы бар еліміз үшін бұдан былай қысқы спорттан олжа сала алмау ұят. Сықырлаған ақ қар, көк мұздан жүлде теретін уақыт жеткен секілді. Келесі төрт жылдықтың басты додасы Оңтүстік Кореяның Пхёнчхан қаласында өтеді. Әне-міне дегенше ол да қар астынан сығалайды. Күллі әлемнің алдында осы жігіттер абйоройымзды асырады деп айқымыз келеді. Ал Олимпиадаға кімдер баруы мүмкін, қай спортқа бейіміреппіз, қай спортқа кейініреппіз, оны келесі санымызда кеңінен тарқатып берелік.

Абай АЙМАҒАНБЕТ

Журналистер шахмат тақтасында бақ сынады

Алматыдағы Жансая Әбдімәлік атындағы шахмат академиясында «Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты «Ақиқат» журналының жүлдесі үшін журналистер арасында шахматтан дәстүрлі IV турнир болып өтті. Жыл сайын өтетін бұл турнир Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналып отыр. «Қазақ газеттері» серіктестігі ұйымдастырған жарыста қолына қалам ұстаған 16 журналист бақ сынады.



«Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Жұмабек Кенжалин: «Ой спорты болып саналатын шахмат қалам ұстаған шығармашылық адамдарға арналған спорт екені айқын. Қаламын ұштаған журналистер арасындағы шахмат турнирін осымен төртінші рет өткізіп отырмыз. Былтыр да дәл осы жерде турнирімізді өткізген едік. «Қазақ газеттері» ЖШС-на қарасты 6 басылымның өзіндік жобалары бар. Мәселен, «Ақиқат» журналы шахматтан журналистер арасында турнир өткізсе, «Үркер» журналы жас

тілі аруы», «Жігіт сұлтаны» байқауын өткізуді дәстүрге айналдырды. Бұл шаралардың барлығы оқырман назарын тартуды көздейді. Осы арқылы халықтың шығармашылыққа деген ықыласы артып, ерік-жігерінің шыңдалатыны анық» — деді.

Биылғы жарыс шведтік үлгімен септелді. Яғни қатысушылар ұпай саны бойынша бір-бірімен сығар түсіп отырды. 6 турдың нәтижесінде жеңімпаздар компьютерлік есептеу бойынша анықталды. Төрт сағатқа созылған тартысты сайыстың

иеленді. Екінші орын «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Асқар Бекке бұйырды. Ал үшінші орынды Амангелді Жоламанов, Нұрлан Құмар, Талғат Ерубаяев сынды қалам ұстаған журналистер алды. Арнайы жүлдеге ие болған қатысушылар «Арыс» баспасынан Максат Ізімұлы, «Экономика» газеті редакторының орынбасары Амангелді Шопан, ардагер журналистер Аян Нысаналин мен Мамадияр Жақып алғыс хаттармен марапатталды. Жүзден жүйрік



әдебиетшілерге арналған «Үркер-Үміт бөйгесін» жыл сайын өткізіп келеді. Ал таралымы көп басылым «Ана тілі» студенттерге арнап «Ана

қорытындысында бірінші орынды «Қазақ газеттеріне» қарасты «Үйгүр авазы» газетінің қаламгері, кәсіпқой шахматшы Арыслан Аллахунов

шыққан жүлдегерлерге бағалы сыйлық пен диплом табыс етілді.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспановалардың рухына арналған әйелдер арасында өткен халықаралық бокс жарысында Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің әлеуметтік денсаулық сақтау және медицина жоғары мектебінің 3-курс студенті Умида Сыздықова жеңімпаз атанды.



Атырау қаласында өткен жарысқа Тәжікстан, Өзбекстан, Украина және Ресей елдерінен ең мықты деген командалары шақырылды. 81 келі салмактан асатын Қызылорда облысы мен Тәжікстаннан келген спортшылар ҚазҰУ студентінің негізгі қарсыластары болды.

Умида Сыздықова 15 жасынан бастап бокспен айналысып келеді. Ол өзінің ең алғашқы алтынын 2013 жылы жасөспірімдер арасында өткен жарыста алды. Ерлер мен әйелдер боксынан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚазҰУ спорт және дене тәрбиесі кафедрасының доценті Бахыт Байқұлбаевтың айтуынша, Умида Сыздықова өте

тәртіпті және еңбеккор. Бұл қасиеттері Умидаға алға қойған мақсатынан таймай, жекпе-жекте өзіндік әдіс қалыптастыруына көмектеседі екен. Жаттықтырушы «Мәселен, Атырауда өткен жарыста Қызылорда

Бокстан алтын алған ару


спортшысына қарсылас болған бірінші жекпе-жегіңде Умида асығыстық танытпады. Бүкіл 4 раунд бойы орнымен және сенімді әрекет етті. Әйелдер боксының әр раунды 2 минутқа созылып отырды. Бұл да жетістікке жету жолында оның ұтқыр тәсілінің бірі болатын», — деп атап өтті.

Умиданың айтуынша, 81 келі салмактан асатын тәжікстандық спорт шеберімен рингке шыққанында бірден шабуыл жасау тәсілін қолданып, бірінші раундта қарсыласын жеңген. Жыл сайын жас спортшы түрлі халықаралық жарыстарға қатысады. Жақын арада өтетін кезекті жарысы 2017 жылдың қантарында Сербияда болады деп күтілуде.



Қазақстанның төрт дүркін жеңімпазы, спорт шебері У.Сыздықова Қазақстанның әйелдер боксы бойынша құрамасының мүшесі және 81 келіден аса салмақтағы доминантты спортшы болып табылады.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Жас казак: Назымбек аға, әңгімені өнер жолын тандауыңыздың себебінен бастасыз?

Назымбек Молдахметов: Өнерге келуімнің себебі әкем домбыра тартып, анам ән салатын адам болған. Отбасымызбен өнерге жақынбыз деп айта аламын. Әкемнің інісі Сұлтанбек

Ақындық секілді дирижерлік те Тәңірден берілетін сый дейді. Мықты дирижер болу үшін «дирижер болып туылу керек». Еліміздің еңбек сіңірген қайраткері Назымбек Молдахметовтің оркестр басқарудағы шеберлігін көргеннен кейін, осы сөздің растығына көз жеткізгендей болдық. Қостанай облыстық филармониясы Қазак ұлт аспаптар оркестрінің «Алтын дән даласының асқақ үні» атты концертіне жиналған жұртшылықтың ыстық ықыласына қарап, еңбектің еленуі осы шығар деп сүйсіндік. Арқалы дирижердің оркестрді басқару шеберлігіне риза болып, концерт алдында аз-кем әңгіме өрбіткен болатынбыз.

кафедра меңгерушісі қызметін атқардым. Әрине, біраз шәкірт дайындадым. Күні бүгінге дейін өзім құрған оркестрде біраз шәкіртім қызмет етеді. Ұстазым демекші, домбырадан сабақ берген профессор, өнертанушы Тымат Мирғалиев деген кісілерден тәлім алғанымды мақтан тұтамын. Ол кісі қазір өмірден өтіп кетті.

Жас казак: Осы күнгі жұртшылықтың назары эстрадаға ауғаны жасырын емес. Ал дәстүрлі музыкаға деген халықтың ықыласы қандай? Концерттерге көрермен көп жинала ма?

Назымбек Молдахметов: Әрине, қазіргі заман ағымына қарай эстрада жанры дұрыс шығар. Дегенмен дәстүрлі өнерді таңдайтын өз тыңдаушылары бар. Біздің концертіміздің атауының өзі «Алтын дән даласының асқақ үні» аталғандықтан, көбінесе Тобыл, Торғай өңірінің ән-күйлері орындалады.

Оның ішінде атакты композитор Әбілахан Есбаевтың әндері шықсалады. Сондай-ақ жергілікті композиторларымыздың шығармалары орындалатын болады. Концертке көптеген өнер адамдары қатысады. Тағы бір айта кететін, біраз классикалық шығармалар ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен орындалады.

Жас казак: Біздің ұлттық музыкамыз шетелдерде қаншалықты насихатталып жүр?



Оркестрмен үндескен дирижер

Молдахметов те домбырада шебер ойнайды, кішкентайымнан сол кісіден домбыра шертуді үйрендім. Жалпы, ертеректе жаңылық ансамбль болды. Үйде 12 бала болсақ, соның барлығы домбыра тартады, ән айтады. Енді осындай отбасылық отбасы болғаннан соң қалай өнерге келмейсің. Туған жерім бұрынғы Торғай облысы Арқалық ауданы Қайыңды деген ауыл. Сол ауылда 8 жыл орта білім алғаннан кейін, Арқалықтағы музыкалық училищеге келіп оқыдым. Алғашқы ұстазым Тұрсынбек Әлғамағбетовтен домбыра



шеберлігін үйрендім. 1989 жылы училищені тәмамдап, Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияға келіп түстім. Аталған оқу орнын 1991 жылы бітірдім. 1993 жылы Қостанай облыстық филармониясының шақыруымен жұмысқа қабылданып «Ақжелен»

Жас казак: «Ұстазы жақсының ұстамы бар» — дегендей өзіңіз аға буын ретінде шәкірт тәрбиелеп жатырсыз ба?

Назымбек Молдахметов: Бұрын мен Ахмет Байтұрсынов атындағы университеттің музыка факультетінде жұмыс жасадым. Біраз жылдар



Назымбек Молдахметов: Құрманғазы оркестрін әлем таниды деп айта аламын. Бізде құр алақан емеспіз. «Ақжелеу» атты ансамбліміз біраз елде болды. Голландия, Германия оған қалды Ресей жерінде, яғни біраз жерлерді бағындырып жүрміз.

Жас казак: Осы уақытқа дейін ғұмырыңызды өнерге арнап келе жатырсыз? Не түйініз? Нені армандайсыз?

Назымбек Молдахметов: Әліде болса біздің жакта дәстүрлі музыка кенжелеу қалған. Домбыра, кобыз, дәстүрлі өнге көп көңіл қойыла бермейді. Қазіргі ұйымдастырылатын саяси концерттердің өзі даңғыр-дұңғыр дүние. Түсініксіз. Тіпті ән болсын, күй болсын жеке орындатпай папури дегендей бірнеше шығарманы бір мезетте орындап мәнін алшақтатып жіберді. Сол жағына келгенде қарнын ашиды. Бар алға қойған мақсатым — осы дәстүрлі өнерді өлтірмей, өз ансамблімізді алға сүйреп әлі де болса, танымал ету ойымда бар. Алматы, Астана басқа қала болсын жеке концерттерімізді берсек екен деп армандаймын.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

БОРЕКЕДАН

Таразда «EXPO-2017» — болашақ энергиясы» атты қалалық жастар форумы болды. Бұл айтулы іс-шара Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» қолмұналық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қалалық мәдениет үйінде өтті.

Жастар форумы көрермендерге арналған «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің жобасы туралы бейнебаянның көрсетілімімен басталды. Шара барысында қалалық Аксақалдар кеңесінің мүшесі, жастар арасында жұмыс жүргізу тұрақты комиссиясының төрағасы М.Жаңалиевтің, «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы «Жас Отан» жастар канатының

Жастар мен болашақ энергия

Жастар форумын ұйымдастыру мақсаты — «EXPO-2017» халықаралық көрмесін жастар арасында кеңінен насихаттау болып табылады.

Шараға Тараз қалалық Аксақалдар кеңесінің мүшелері, «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы «Жас Отан» жастар канатының мүшелері, жастар қоғамдық бірлестіктерінің мүшелері, білім және денсаулық сақтау саласының жас мамандары, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері, БАҚ өкілдері, барлығы 400-ге жуық адам қатысты.

Халық әуендері Италия сахнасында

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Италиядағы Қазақстанның мәдениет кәздері аясында «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы әртістері мен шығармашылық ұжымдарының гастрольдік кеші өтті. Бұл туралы мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Отандық өнер шеберлерінің концерттері Италияның атакты концерт залдары — Миландағы Piccolo Teatro Studio мен Римдегі Academia di Santa Cecilia-да өтті. «Қазақконцерт» басшысы Салтанат Сейдімбектің айтуынша, әртістердің Италия сахнасында өнер көрсетуі бүкіл әлемге Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық тарихында қол жеткізген табысы мен жетістігін паш етуге мүмкіндік берді. Бағдарлама казактың дәстүрлі музыка мәдениетінің сан алуандығы мен орасан зор байлығын барынша паш ету мақсатымен құрылды. Концерттің «Ұлы

Дала сазы» атты прологы өзіндік түркі әлемінің атмосферасын қалыптастырды. «Қазақконцерт» фольклорлық-этнографиялық ансамблі және «Арлан» ұлттық киімдер театрының актер-батырлары бірге орындайтын казак халық әуендерін тыңдау арқылы көрермендер тарихқа көз жүгіртіп, өздерін сол көне дәуірлердің куәгері ретінде сезіне алды. Концерттік бағдарламаға дәстүрлі өн өнерінің жарқын өкілі Ерлан Рысқали, «Шолпан» би тобы, өңші Әсел Қарсыбаева және тағы басқа өнер майталмандары қатысты. Аян Омаров көне екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап кыл-кобызда Қорқыт бабаның «Қоңыр» күйін орындаса, Анар Мұздаханова, Бекайдар Қалиев және «Серпер» ансамблі кеш қонақтарын танымал казак музыкалық туындыларды домбырада орындаумен қуантты. Концертте өзге көне казак ұлттық аспаптары да орын болды: көне көп ішекті шертпелі аспабы жетігенде «Аңшының жыры» күй-анызын орындаса, Мира Тастенова тыңдармандарды саз сырнайдың үнімен таныстырды.

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY
IATA ACCREDITED AGENT

ӘЛЕМНІҢ ӘР ПҮШІРІНЕ ҰШАҚ БИЛЕТІМЕН ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК

- ТІРКЕУ ЖӘНЕ ВИЗА РЕСІМДЕУ
- БИЛЕТ ҮЙ, КЕҢСЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНА ЖЕТКІЗІЛЕДІ
- ЖОЛАУШЫЛАРДЫ АВТОБУС ЖӘНЕ VIP КӨЛІКПЕН ТАСЫМАЛДАУ

Алматы, Абылай хан даң. 71
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
Ұялы тел: 8701 439 05 78
e-mail: info@temtour.net

Төле би, Желтоқсан,
111/65
Тел: 8(727) 279 59 00
Факс: 8(727) 279 15 20.

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 399 558; 439 306
Aстана@temtour.net

ТҮРКИЯ!!!
Алдын ала брондау!!!
БҮКІЛ ЕУРОПА
(шопинг, демалыс, емделу)

TEM TOUR
Travel Agency
Авиатургентство

АВИАБИЛЕТТЕР

БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРҒА АРНАЛҒАН ӘУЕ БИЛЕТТЕРІ

Анкара: Cinnah Cd. No:44 D:1
Тел: +90 (312) 4409625
Факс: +90 (312) 4417926;
Анталья: Fener Mah. Tekelioğlu Cd. ASTUR Manolya Sit. C Blok No:92 D:5
Тел: +90 (242) 3240878;
Факс: +90 (242) 3240879

Алматы қаласы және облысы бойынша автобустар мен автомобильдерді жалға алу

Лиц.ТО-062NPO13472, вид.МТИС РК

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алкасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары Ғалия КАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Бөлім редакторлары: Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76) Аскар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96) Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22) Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия tahmutba@online.no Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы) Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Ethiud Air ways», «Turkish Airlines», «ВМІ», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2121; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 45 000 дана
---	--	--	---	---